Анализ различных примеров деловых писем из разных культур может помочь ученикам развивать критическое мышление. Это включает в себя понимание контекста, целей письма и адаптацию своего стиля к культурным ожиданиям. Исследования показывают, что студенты, обладающие критическим мышлением, лучше справляются с межкультурными коммуникациями (Кравченко, 2020).

Использование технологий

Современные технологии предоставляют много возможностей для формирования навыков межкультурной коммуникации. Виртуальные обмены, онлайн-курсы и вебинары с участием носителей языка сглаживают границы и позволяют учащимся практиковать навыки письма в реальных условиях. Такие платформы, как eTwinning и PenPal Schools, способствуют укоренению межкультурной компетенции (Smith, 2018).

ЛИТЕРАТУРА

1. Хофстеде, Г. (2001). ****Сравнительная культура: Как различия влияют на международный бизнес****. М.: Экономика.
2. Хофстеде, Г. (2010). ****Культура и организации: Психологические составляющие****. М.: Альпина Паблишер.
3. Кравченко, И. (2020). ****Критическое мышление в контексте межкультурной коммуникации****. Вопросы образования, 4, 45-60.
4. Smith, A. (2018). ****Digital Tools for Intercultural Communication****. Journal of International Education Research, 14(3), 175-182.

DOI 10.24412/3007-8946-2025-312-42-47

УДК 81'42:82-94

КӘМИЛА ҚҰДАБАЕВА ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ БЕЙНЕСІНІҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

КУШЕНОВА САЛТАНАТ ДАУРЕНҚЫЗЫ

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің магистранты
Орал, Қазақстан

Ғылыми жетекші-ХАСАНОВ ҒАБИТ ҚАЙЫРЖАНҰЛЫ

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің профессоры, ф.ғ.д.
Орал, Қазақстан

Мақалада Кәмила Құдабаеваның шығармаларындағы әйел бейнесінің тілдік ерекшеліктері талданады. Автордың көркемдік тәсілдері мен тілдік құралдары арқылы әйел кейіпкерлерінің ішкі жан дүниесі, әлеуметтік рөлі және психологиялық күйзелістері бейнеленуінің ерекшеліктері қарастырылады. Зерттеу барысында әдебиеттану, психолінгвистика және гендерлік зерттеулердің әдістері қолданылды. Талдау нәтижесінде Құдабаеваның шығармаларында әйел бейнесінің күрделілігі, оның эмоционалдық және әлеуметтік болмысы тілдік бірліктер арқылы терең әрі шынайы сипатталатыны анықталды. Мақала қазақ әдебиетіндегі әйел образының көркемдік репрезентациясын зерттеуге және гендерлік аспектілерін анықтауға үлес қосады.

Кілт сөздер: Тұрмыс, қарым-қатынас, әлеуметтік жағдай, тілдік ерекшеліктер, гендерлік зерттеу, гендерлік аспект, психолінгвистика.

Негізгі ережелер

Әдебиеттану мен тіл білімі саласында әйел бейнесін зерттеу маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Көркем шығармаларда әйел кейіпкерлері арқылы жазушылар қоғамдағы гендерлік мәселелерді, әйелдердің ішкі жан дүниесін, олардың қоғаммен, отбасымен қарым-қатынасын бейнелейді. Бұл мақалада Кәмила Құдабаеваның шығармасындағы әйел бейнесінің тілдік ерекшеліктері талданады.

Қазақ әдебиетінде әйел образы ерекше орын алады. М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясындағы Зере мен Ұлжан бейнелері ананың мейірімділігі мен даналығын көрсетсе, Ш.Айтматовтың «Ақ кеме» шығармасындағы әйел бейнесі нәзіктік пен рухани күштің символына айналған. Ал З.Қабдолов, Ә.Нұршайықов секілді жазушылар әйел образы арқылы махаббат, отбасы құндылықтарын насихаттады. Бұл шығармалардың көпшілігінде әйелдер бейнесі көбіне дәстүрлі қазақ қоғамындағы аналық, жарлық, қыздық рөлімен байланыстырылып суреттелген.

Дегенмен, қазіргі заман әдебиетінде әйел бейнесі күрделеніп, жаңа қырынан зерттелуде. Әйелдер еркіндікке ұмтылушы, өз пікірін айта алатын, заманауи көзқарастағы тұлға ретінде суреттеледі. Мысалы, Л.Есенберлин, Д.Исабеков шығармаларында әйелдердің ішкі жан дүниесін ашуға ерекше назар аударылған. Бұл жазушылар әйелдердің сезімдері мен ойларын бейнелеу арқылы олардың қоғамдық мәселелердегі рөлін көтерді.

Кәмила Құдабаеваның шығармасындағы әйел бейнесін талдау осы бағыттағы зерттеулердің жалғасы болып табылады. Оның туындыларында әйелдер қоғамның күрделі мәселелерімен бетпе-бет келген күрескер тұлғалар ретінде көрінеді. Айсара бейнесі арқылы автор әйелдің эмоциялық күйзелістерін, ішкі қайшылықтарын, сонымен қатар, рухани күшін көрсетуге ұмтылған. Шығармада қолданылған тілдік құралдар – кейіпкердің ішкі күйін, сезімдерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Зерттеушілер әйел бейнесіндегі тілдік ерекшеліктерді талдағанда психолінгвистика мен гендерлік зерттеулер әдістерін жиі қолданады. Бұл тұрғыда Е.Сүлейменова, Р.Әмір, Г.Исанова

секілді ғалымдардың еңбектері маңызды. Олардың еңбектерінде кейіпкерлердің тілі арқылы ұлттық және гендерлік ерекшеліктерді талдаудың теориялық негіздері ұсынылған.

Осы еңбектердің негізінде Кәмила Құдабаеваның шығармасындағы әйел бейнесі қазақ әдебиетінің дәстүрлі бағыттары мен қазіргі заманғы гендерлік зерттеулер тұрғысынан талданатынын байқаймыз. Бұл зерттеу әдебиеттану мен тіл білімі саласындағы әйел бейнесін зерттеуге қосылған жаңа үлес болып табылады.

Кіріспе

Әдебиеттегі әйел бейнесі – көркем шығармалардағы маңызды әрі күрделі тақырыптардың бірі. Әйел образы қоғамның әлеуметтік, мәдени және психологиялық ерекшеліктерін көрсетудің айқын құралы болып табылады. Әсіресе, әйел бейнесін сипаттау барысында қолданылатын тілдік тәсілдер мен стилистикалық ерекшеліктер оның ішкі жан дүниесін, әлеуметтік рөлін, қайсарлығы мен нәзіктігін тереңірек аша түседі.

Бұл мақалада ұсынылған үзіндінің негізінде әйел бейнесінің көркем әдебиеттегі тілдік ерекшеліктері талданады. Автордың әйел образын жасаудағы тілдік құралдарды қалай қолданғаны, диалогтар мен монологтар арқылы кейіпкердің ішкі дүниесі мен сыртқы әрекеті қалай көрініс тапқаны қарастырылады. Сонымен қатар, мәтінде әйел бейнесінің қоғамдық және отбасылық рөліне қатысты маңызды мәселелер талқыланады.

Әйел бейнесінің тілдік ерекшеліктерін зерттеу – қазақ тіл біліміндегі өзекті бағыттардың бірі. Бұл тақырып бойынша қазақ әдеби тілі, сөйлеу мәдениеті, гендерлік лингвистика және көркем дискурс мәселелеріне арналған бірқатар ғылыми еңбектер бар.

Рәбиға Сыздық «Қазақ әдеби тілінің тарихы», «Сөз өнері және тіл мәдениеті» еңбектерінде әйелдер тіліне қатысты эпостық жырлар мен халық ауыз әдебиеті үлгілеріндегі нәзіктік пен тіл байлығын талдаған. Ол көркем шығармалардағы әйел кейіпкерлердің тілдік ерекшеліктерін зерттеп, олардың эмоция мен мәнерлілікті жеткізу тәсілдеріне тоқталған.

Мәулен Балақаев «Қазақ әдеби тілі және оның нормалары» атты зерттеуінде әйелдердің тіл мәдениетін қалыптастыруда дәстүрлі және мәдени факторлардың рөлін атап көрсеткен. Ол әйелдердің сөйлеу әдеби мен олардың қоғамдық ортадағы тілдік қолданыстарын саралап, тілдік нормаларға әсер ететін әлеуметтік-мәдени ықпалдарды талдаған.

Күләш Ахметова қазақ әйел ақындарының шығармаларындағы тілдік және көркемдік ерекшеліктерді қарастырған. Оның зерттеулерінде әйел ақындардың поэзиясындағы эмоционалды-экспрессивті бояу мен олардың өзіндік стильдік ерекшеліктері жан-жақты талданған [1].

Гендерлік лингвистика саласында Зинаида Әбілова қазақ тіліндегі ерлер мен әйелдер тілінің ерекшеліктерін зерттеген. Оның еңбектері сөйлеу тіліндегі гендерлік реңктердің көріністеріне бағытталған. Әйелдер мен ерлер арасындағы тілдік айырмашылықтар олардың қарым-қатынас ерекшеліктері мен әлеуметтік рөлдері арқылы сипатталған [2].

Айман Қайдарова қазақ тіліндегі нәзік сөйлеу мәдениетін және ұлттық тілдік ерекшеліктерді зерттеген. Ол қазақ қоғамындағы әйелдердің тілдік формаларын этнолингвистикалық тұрғыдан қарастырып, әйелдердің сөйлеу мәнері мен тілдік нормаларының қалыптасуына ықпал ететін этномәдени факторларға тоқталған [3].

Гүлмира Мадиева көркем шығармалардағы тілдік ерекшеліктердің гендерлік аспектілерін қарастырған. Оның зерттеулері әйелдер тілінің поэтикалық шығармалардағы және қазақ прозасындағы рөлін зерттеуге арналған. Әйел кейіпкерлердің тілдік қолданыстары арқылы олардың ішкі дүниесі мен қоғамдағы орны сипатталған [4].

Әлия Бейсенова қазақтың ауыз әдебиеті мен айтыстарындағы әйелдер тілінің ерекшеліктерін талдаған. Ол айтыстарда әйел ақындардың бейнесін, олардың тілдік қолданыстары мен көркемдік тәсілдерін зерттеп, әйелдердің ауызекі шығармашылықтағы рөлін айқындаған [5].

Жоғарыда аталған зерттеулер Құдабаева шығармаларындағы әйел бейнесінің тілдік ерекшеліктерін қарастыруда маңызды теориялық негіз бола алады. Олардың негізінде қазақ

әдебиетінде әйелдер тілінің өзіндік стилі, көркемдік және эмоционалдық ерекшеліктері терең зерттеліп келе жатқаны анық байқалады.

Материалдар мен тәсілдер

Бұл зерттеу жұмысы әдебиеттану, тіл білімі және гендерлік зерттеулер бағытындағы әдістер мен материалдарға сүйенеді. Зерттеу тәсілдеріне келетін болса, әйел кейіпкерлерінің сөйлеу мәнерін, қолданатын сөздерін, интонациясын зерттейді. Тілдік ерекшеліктердің олардың эмоциясы мен мінезіне қалай әсер ететінін анықтауға көмек береді. Кейіпкердің бейнесін жасаудағы әдеби тәсілдерді (диалогтар, ішкі монологтар, суреттеу құралдары) зерттеуге қызмет атқарады. Психолінгвистикалық талдау -кейіпкерлердің тіліндегі психологиялық күйді ашу және оны шығарманың жалпы контекстімен байланыстыруда септігін тигізеді. Гендерлік аспект- әйелдің қоғамдағы орны мен мінез ерекшеліктерін ашатын көріністерді талдайды. Бұл тәсілдер кейіпкер бейнесін жан-жақты ашуға және әйел тілінің ерекшеліктерін нақтылауға мүмкіндік береді.

Нәтижелер

Кәмила Құдабаеваның шығармасында әйел бейнесі өте терең және жан-жақты ашылған. Әсіресе, монологта әйелдің ішкі дүниесін, оның күйзелісін, күресін және үмітін көрсету үшін тілдік ерекшеліктер ерекше маңызды рөл атқарады. Әйел бейнесінің тілдік ерекшеліктерін бірнеше аспектілер арқылы қарастыруға болады:

Эмоционалды экспрессия мен жан дүниесінің күресі: Әйел кейіпкері Аршагүлдің психологиялық күйі, оның ауыр ауруды қабылдауы мен соған байланысты ішкі күресі тіл арқылы анық бейнеленген. Бұл күресті монологтың тілінде жиі қолданылатын эмоцияға толы сөздер, метафоралар мен риторикалық сұрақтар арқылы байқауға болады. Мысалы: *«Енді өмір сүрудің қажеті жоқ. Менің өлгім келді.»* мұнда әйелдің үмітсіздігі мен өмірге деген сенімсіздігі айқын көрінеді. *«Су алады да кетеді»* өлім туралы айтқанда, бұл сөздер оның жан-дүниесіндегі түйсікті көрсетеді, ол бір жағынан бақытсыздықты жеңілдеткісі келеді, екінші жағынан өзінің ішкі күйзелісін бейнелейді.

Сезімталдық пен нәзіктік: Әйелдерге тән сезімталдық пен нәзіктік бейнесі бұл монологта ерекше орын алады. Аршагүлдің ауырып қалған сәті оның сезімтал табиғатын ашады. Әйелдің эмоционалдық күйін тілде нәзік сөздер мен бейнелі түрде сипаттау байқалады. *«Ілбін жүріп келем. Бәрінің біткен жері осы»* мұнда әйелдің әлсіздігі, оның өмірден түңілуі және ішкі күйзелісінің бейнесі сипатталған. *«Анама жаным ашыды... Оның жылағанын көруден асқан азап болмас еді мен үшін!»* бұл жерде Аршагүлдің анасына деген сүйіспеншілігі мен оған деген алаңдаушылығы байқалады. Әйелдердің анаға деген сүйіспеншілігі мен байланыстың маңыздылығы тіл арқылы өте нәзік көрсетілген.

Аналитикалық ойлар мен күмән: Әйел кейіпкері өз ауруы туралы ойлана отырып, кейде күмән мен сенімсіздікке толы ойларға шомылады. Ол өз тағдырын саралай отырып, өлім мен өмір туралы сұрақтар қояды. Бұл сөздер оның күрделі ішкі әлемін ашып, әйелдің күреске толы және нәзік болмысына нақты сипат береді. *«Мен айықпайтын аурумын. Р -А -А -К ... деп сөздерімді әрең айтамын»*– бұл сөйлемде әйелдің өзіне деген күмәні мен қорқынышы айқын көрінеді. Ол аурудың атының өзі оның өміріне нүкте қоюға тең деп ойлайды.

Сүйіспеншілік пен қолдау: Жақындарының көмегі мен сүйіспеншілігі, әсіресе күйеуінің сүйіспеншілігі мен қолдауы, әйелдің ішкі күшін қайтадан оятады. Бұл жерде әйелдің көңіл-күйі мен психологиялық жағдайы арқылы оның ішкі әлемі мен рухани күшін көрсететін сөздер көп. *«Мен сенімен біргемін! Сен өлмейсің!»* күйеуінің сөзі әйелге сенімділік пен күш береді, оның өзін қайтадан өмірге әкеледі. *«Мен сені сүйемін! Ешкім сені менен тартып алмайды!»*– бұл сөйлемде сүйіспеншіліктің күшін, әйелге деген сүйіспеншіліктің оның бойында жаңа өмірлік күшті оятқанын көруге болады.

Метафоралар мен символдар: Әйелдің өмірі мен өлім арасындағы күресін көрсететін метафоралар мен символдар да тілдік ерекшеліктердің бірі. Бұл символдар Аршагүлдің жан-дүниесін тереңірек ашуға көмектеседі. *«Су алады да кетеді»* су өлімнің символы ретінде қолданылады, бұл әйелдің өлімді жеңілдететін жол ретінде қабылдаған ойынан туындайды.

«*Мұз ерігендей*» бұл метафора әйелдің ішкі дүниесіндегі өзгерісті сипаттайды. Оның күйеуінің қолдауынан кейін денесі мен жан дүниесі босап, рухани күш қайтып оралады.

Бұл монологта әйелдің ішкі жан дүниесі мен күйзелісі, өмірге деген күресі және досына деген ерекше сүйіспеншілігі мен ризашылығы өте айқын көрінеді. Әйел кейіпкері ауыр дертпен (рак ауруы) күресіп жатқан кезде, оның жалғыз досы Алтынның көмегі мен қолдауы ерекше орын алады. Осы монологтың тілдік ерекшеліктерін талдай отырып, әйел бейнесін және оның эмоциялық күйін толықтай түсінуге болады. Мынадай маңызды тілдік ерекшеліктерді бөліп көрсетуге болады:

Эмоционалды тіл мен экспрессия: Әйелдің монологы оның сезімдерінен, ауыртпалықтарынан, күйзелістерінен, бірақ бір уақытта оның досына деген терең сүйіспеншілігі мен алғысына толы. Бұл сезімдер тілде экспрессивті түрде көрінеді:

«*Жеті басты жалмауыздай маған жабысқан, айтуға ауыз бармайтын, «Рак» деген бәледен құтылуға*» Бұл сөйлемде әйелдің ауруға деген қарсылығы мен күйзелісі өте айқын көрсетілген. «*Жеті басты жалмауыз*» метафора арқылы рак ауруы ауыр, жойқын және қайғы әкелетін нәрсе ретінде сипатталады. Мұнда ауруды "жалмауыз" ретінде бейнелеу оның қорқынышты әрі зиянды екенін көрсетеді. «*Алтын деп, ата-анасы атын қалай тауып қойған! Жүрегі шынымен алтын екен ғой Досының!*» Бұл сөйлемде әйелдің досына деген ризашылығы мен сүйіспеншілігі айқын. "Жүрегі шынымен алтын" деген тіркес досының қасиеттерін, оның адалдығын, шынайылығын білдіреді.

Досқа деген сүйіспеншілік пен шексіз алғыс: Әйелдің Алтын досына деген шексіз сүйіспеншілігі мен ризашылығы монологта айқын байқалады. Ол өзінің досын шын мәнінде пір тұтады және досының көмек көрсетуіне деген алғысын ашық білдіреді: «*Достық жолында бәрін тәрк етуге дайын, Алтындай досың болса қандай керемет еді!*» Бұл сөйлемде Алтынның досына деген адалдығы мен оның барлық қиындықтарда бірге болуға дайын екенін айтқан әйел оның ең бағалы адам екенін көрсетеді. Алтынды әйел тек жақсы дос емес, шынайы, адал әрі өз өмірін арнауға дайын адам ретінде қабылдайды.

Тілдік құралдар арқылы күйзелісті сипаттау: Монологта әйелдің ауруы мен оның ауыртпалығын сипаттау үшін түрлі тілдік құралдар қолданылады: «*Ішкім келмейді, аппетитім жоқ*» Бұл сөйлем арқылы әйелдің денсаулығының нашарлағанын, оның тамақ ішуге деген қызығушылығы жоғалғанын, ауыр сырқаттың әсерінен адамның тәні мен жанындағы өзгерістерді түсінуге болады. «*Қасымда отырып, бала сияқтандырып, қасықпен тамақтанырады.*» Әйелдің аурудан әлсіреп, оның өзіне күтім жасауын өз досының қасындағы бала секілді қамқорлық танытуы бейнеленген. Бұл образ оның әлсіздігін, сондай-ақ Алтынның қамқорлық пен мейірім көрсетуін сипаттайды.

Құрбысы Алтынның әрекеттерін дәріптеу: Әйелдің досына деген құрметі оның әрекеттері арқылы көрінеді. Алтынның көмек көрсетуі, күйеуімен арадағы қарым-қатынасы, оның досының жағдайына қаншалықты мән беруі тіл арқылы ұтымды көрсетіледі: «*Баласын күйеуіне, Күйеуін - өз-өзіне табыстап, сағаттап менің қасымда отырады.*» Бұл сөйлемде досының уақытын, күш-жігерін, барлық істерін оның жағдайы үшін арнағаны айтылады. Ол өз өмірін кейінге қалдырып, тек досына көмек көрсетуге тырысады. «*Қасымда отырып, бала сияқтандырып, қасықпен тамақтанырады*» Мұнда әйелдің әлсіздігін, оның өзіне күтім жасауға қабілетсіздігін сипаттай отырып, досының оны бала сияқты күтетінін көрсетеді. Алтынның бұл іс-әрекеті әйелдің көзінде үлкен құрметке лайық.

Қатаң әрі шешімді сөйлеу: Әйелдің ішкі әлемін және оның досының әрекеттеріне қатысты тілінде қаттылық та, шешімділік те бар. Мысалы: «*Досымнан әулие емессің. Кетем десең, өзің біл!*» Бұл сөйлемде әйелдің досына деген толық сенім мен оның әрекеттеріне деген терең ықыласы көрінеді. Алтынды ол өз өмірінде нағыз көмекшісі, қамқоршысы ретінде қабылдайды. Алтынның қамқорлық көрсетуі оның досы үшін маңызды болғанымен, әйел бұл жағдайды кейде шешім қабылдауда белгілі бір шектеулермен қабылдайды. Әйелдің достықты бағалауы мен Алтынның қасиетін бейнелеу үшін метафоралар мен символдар қолданылады: «*Жүрегі шынымен алтын екен ғой*» Алтынның атын тікелей символ ретінде қолдану арқылы

оның ішкі дүние тазалығы мен мейірімін білдіреді. Бұл сөздерде оның мейірімділігі мен адамгершілігі толықтай ашылады.

Қазақ әдебиетінде әйелдердің сөйлеу мәнері мен тілдік ерекшеліктері ұлттық мәдениет пен дәстүрдің айқын көрінісі болып табылады. Әйелдер бейнесі арқылы жазушылар кейіпкердің ішкі жан-дүниесін, қоғамдағы орнын және қарым-қатынас мәдениетін сипаттаған. Бұл тілдік ерекшеліктер көбінесе әйелдерге тән мінез-құлық, эмоция және қарым-қатынас стилімен байланысты.

Қазақ қоғамында әйелдердің сөйлеу ерекшеліктері ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерге негізделген. Халықтық салт-дәстүрде әйелдердің тілі сыпайылықты, инабаттылықты және әдептілікті көрсетуімен ерекшеленген. Олар көбінесе: Сыпайы тіл формаларын қолданған: «Байеке», «қайнаға», «жезде» сияқты сыйластықты білдіретін сөздер.

Кішіпейілділік пен құрмет көрсету үшін автор жұмсақ интонация мен эпитеттерді («аққұба жүзді», «алтын адам», «айым-күнім») пайдаланады. Қазақ әдебиетіндегі әйелдердің тілдік ерекшеліктерін зерттеу қазақ тіл білімі, әдебиеттану және гендерлік лингвистика салаларында жүргізілген. Әйелдердің тілі лексикалық тұрғыда бай әрі мағыналық реңктерге толы болып келеді. Оған метафоралар мен эпитеттерді молынан қолдану («Шолпыдай сыңғырлаған», «ақ самалдай»), қаратпа сөздерді пайдалану («қарағым», «айналайын», «шырағым») тән, бұл сөздер мейірімділік пен нәзіктік реңкін береді. Сондай-ақ, әйелдерге тән эмоциялық реңктер «әндете сөйлеу», «мейіріммен сөйлеу» сипатында көрініс табады.

Құдабаеваның кейіпкерлері характер, эмоция, ішкі күйзеліс және әлеуметтік рөлді айқын көрсетеді. Айсараның бейнесі нәзік болғанымен, іштей қайсар әрі өз намысын қорғай алатын тұлға ретінде суреттелген. Оның сөйлеуіндегі баяу, бәсең үн («Туысым...») қорқыныш пен сенімсіздік сезімдерін білдірсе, сабырлы ойлары («Қанша қызғаншақ болса да, бөтен адамның алдында шу шығарып, масқара бола қоймас») әйелдің әдептілік пен әлеуметтік нормаларды сақтауға тырысатынын көрсетеді. Айсараның сөйлеу қарқыны біртіндеп өзгеріп, бастапқы сабырлы үнінен («Туысым...») эмоциялық толқынысқа («Ал сен менің қай туысымды түгендеп білген едің?!») ұласуы оның шыдамдылығы шегіне жеткен сәттегі ішкі қарсылығын білдіреді.

Монологтар мен диалогтар арқылы гендерлік айырмашылықтар да айқын көрінеді: Айсараның сөздері қысқа әрі мағыналы болса, күйеуінің сөйлеуі өктем әрі кекесінді болып келеді. Образдық тіл мен символизм тәсілдері де қолданылған, мысалы, «Менің қай туысымды түгендеп білген едің?!» деген риторикалық сұрақ кейіпкердің күйеуінің әрекетіне деген сыни көзқарасын білдіреді, ал баласымен сөйлесуі мен оны құшақтауы – ана махаббатының символы ретінде беріледі. Осылайша, Айсараның сөйлеу ерекшеліктері оның ішкі эмоциялық жағдайын, әлеуметтік рөлін және гендерлік ерекшеліктерін айқындап, кейіпкер бейнесін тереңірек ашуға ықпал етеді. Автор оның сөз саптауындағы эмоционалдық реңк, қаратпа сөздер мен риторикалық сұрақтар арқылы әйел адамның ішкі жан дүниесін, әлеуметтік нормалар мен моральдық құндылықтарға деген көзқарасын көрсетеді, бұл қазақ әдебиетіндегі әйел кейіпкерлерінің тілдік сипаттамасын жан-жақты зерттеуге негіз бола алады.

Қорытынды

Әйел бейнесінің тілдік ерекшеліктерін зерттеу – қазақ әдебиеті мен мәдениетінің маңызды аспектілерінің бірі. Бұл зерттеулер қоғамдағы әйел образының әлеуметтік және рухани рөлін айқындап қана қоймай, оның ұлттық болмыс, дүниетаным және мәдени құндылықтар жүйесіндегі орнын көрсетеді. Әйел кейіпкерінің тілдік ерекшеліктері арқылы оның эмоциялық күйі, әлеуметтік мәртебесі және дүниеге көзқарасы ашылады, бұл өз кезегінде әдеби шығармалардың мазмұнын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттегі әйел бейнесін тілдік тұрғыдан зерттеу ұлттық мұраны сақтау мен оны болашақ ұрпаққа жеткізудің маңызды құралы болып табылады. Бұл бағыттағы зерттеулер тек тіл мен әдебиет саласына ғана емес, ұлттық сана мен мәдениетті жаңғырту үдерісіне де елеулі үлес қосады. Сондықтан әйел бейнесін талдау әдебиеттану мен лингвистикада өзектілігін сақтап, болашақта да тереңірек зерттеуді қажет ететін құнды тақырып ретінде қарастырылады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ахметова, К. Қазақ әйел ақындарының шығармалары: тілдік және көркемдік талдау. – Алматы: Жазушы, 2005.
2. Әбілова, З. Гендерлік лингвистика: Қазақ тіліндегі ерлер мен әйелдер тілі. – Алматы: ҚазҰУ баспасы, 2008.
3. Қайдарова, А. Этнолингвистика: ұлттық тіл және мәдениет. – Алматы: Ғылым, 1998.
4. Мадиева, Г. Қазақ прозасындағы әйелдер бейнесі мен тілдік ерекшеліктер. – Алматы: Рауан, 2015.
5. Бейсенова, Ә. Айтыс және әйел ақындарының поэзиясы. – Алматы: Өнер, 2003.
6. <https://malim.kz/article/sports/kamila-qudabaeva-aisaranyn-suimeitin-kuieu-12836>
7. <https://urker.kazgazeta.kz/news/7305>

DOI 10.24412/3007-8946-2025-312-48-57

УДК 82.09; 82-3; 81'27; 008(574)

**БЕРҚАЙЫР АМАНШИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ:
ТІЛ МЕН МӘДЕНИЕТ БІРЛІГІ**

ТУЛЕГЕНОВА ДАНИРА РУСТАМҚЫЗЫ

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің магистранты
Орал, Қазақстан

Ғылыми жетекші-ХАСАНОВ ҒАБИТ ҚАЙЫРЖАНҰЛЫ

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің профессоры, ф.ғ.д.
Орал, Қазақстан

***Аннотация.** Берқайыр Аманшиннің шығармашылығын зерттеу қазақ әдебиетінің тілдік және мәдени аспектілерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Мақалада ақынның поэзиясындағы тіл мен мәдениеттің бірлігін талдау мақсатында оның шығармаларының ұлттық ерекшеліктері қарастырылады. Зерттеу әдісі ретінде лексикалық, грамматикалық және синтаксистік талдау, салыстырмалы талдау және мәдени контекстті зерттеу әдістері қолданылды. Автор ұлттық мәдениеттің көрінісін, халықтың дәстүрлері мен тарихын бейнелейтін шығармалардың тілдік құралдарын зерттеу арқылы ақынның шығармашылығындағы ұлттық мәнді ашады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Берқайыр Аманшиннің шығармаларында тарихи тақырыптардың маңызы айрықша, онда ұлттық мәдениет пен дәстүрлердің сипатталуы терең әрі кең ауқымды түрде жүзеге асады. Сонымен қатар, ақынның тілдік құралдары мен көркемдік тәсілдері қазақ халқының тарихи жады мен рухани мұрасын жаңғыртуда маңызды рөл атқарады. Бұл зерттеу жұмысының теориялық маңыздылығы қазақ әдебиетінде тіл мен мәдениеттің өзара байланысын зерттеуге жаңа ғылыми көзқарас ұсынады, ал практикалық маңыздылығы әдебиеттану саласындағы болашақ зерттеулер үшін тың әрі құнды дерек көздерін ұсынады.*

***Кілт сөздер:** Қазақ поэзиясы; әдеби талдау; көркем мәтін; ұлттық мәдениет; тілдік құралдар; поэтикалық құрылым; әдеби тәсілдер; поэтика; әдеби теория; эстетикалық тұжырымдар*

Кіріспе

«Әдебиетке келу қашанда құмартудан басталатыны белгілі, мен де бұл жолдан аттап өте алмадым» [1, б.б.], – дейді өзін табындырған жырға құштарлығы туралы Берқайыр Аманшин. Осы құмарлық пен ұлы жырға деген сүйіспеншілік оның шығармашылық жолында өзіндік орны бар қазақ поэзиясының жарқын өкілі болуына себеп болды. Берқайыр Аманшин — қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілдерінің бірі, өзінің шығармашылық жолында ұлттық тіл мен мәдениеттің бірлігін терең бейнелеу арқылы әдебиетте айрықша орын алатын тұлға. Оның шығармалары қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасын жаңғыртуға және оны болашақ ұрпаққа жеткізуге бағытталған, ал бұл ретте Аманшиннің поэзиясындағы тілдің рөлі мен оның мәдениетпен байланысы ерекше маңызға ие. Әдебиет зерттеуіндегі осы аспектілерді жан-жақты қарастыру, қазақ тілінің ұлттық мәдениеттің көрсеткіші ретіндегі орнын айқындау, бүгінгі қоғам үшін аса маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Жазушы әңгіме жанрына ерекше ізденіс пен еңбегін арнаған, бұл жанрда оның шығармашылығы шеберлік мектебінің қалыптасуының айқын үлгісі болып табылады. Оның әңгімелері терең идеяларымен және көркемдік байлығымен оқырмандарды тартады. Қаламгердің шығармалары қарапайым оқиғаларды ғана баяндап қоймай, сонымен қатар күрделі әрі көкейкесті мәселелерді көтере отырып, оларды өз кейіпкерлерінің жоғары адамгершілік қасиеттері мен азаматтық көзқарастары арқылы оқырманның санасына орнықты жеткізеді. Бұл әдіс пен тәсілдер шеберлікті талап етеді. Әдебиеттанушы және жазушы З.

Қабдоловтың айтуы бойынша: «Шеберлік шексіз, оның ұшы-қиырын табу қиын, өйткені суреткер ғұмырын тек шеберлік жолына сарп етеді» [2, 359 б.]. Бұл сөздер Берқайыр Аманшиннің де шығармашылық жолындағы шеберлікті игеруіне қатысты толықтай орын алады.

Берқайыр Аманшин шығармашылығының басты ерекшеліктерінің бірі — оның поэзиясында қазақ халқының салт-дәстүрлері, тарихы мен дүниетанымының көрініс табуы. Ол өз туындыларында тек тілдік құралдарды ғана емес, сонымен қатар ұлттың рухани болмысын, оның дүниетанымдық құрылымын да көркем түрде бейнелейді. Аманшиннің шығармаларында қазақтың ұлттық болмысын сипаттайтын метафоралар мен символдар кеңінен қолданылады, олар өз кезегінде қазақ әдебиетінің ерекшеліктерін ашуға қызмет етеді. Әдебиетте тіл мен мәдениет бірлігінің болуы, ұлттық дүниетанымды қалыптастыратын негізгі құралдардың бірі болып табылады. Берқайыр Аманшин өз шығармаларында қазақ тілінің байлығын, оның бейнелі әрі терең философиялық әлеуетін пайдалана отырып, тіл мен мәдениеттің өзара байланысын паш етеді.

Аманшиннің поэзиясындағы тіл тек қана әдеби шығарма құралы емес, ол қазақ халқының тарихы мен мәдениетін жеткізуші басты элемент ретінде қызмет атқарады. Тіл арқылы ұлттың ішкі болмысы мен дүниетанымы ашылады, сол арқылы ұлттық мәдениет сақталып, болашақ ұрпаққа беріледі. Аманшин шығармашылығында осы үдерістердің маңызды екендігі айқын көрінеді, себебі оның туындылары қазақ тілінің терең әрі көпқырлы табиғатын толық аша отырып, ұлттық сананың қалыптасуына әсер етеді. Сонымен қатар, оның шығармаларында тілдің ұлтты сақтаушы, ұлттық мәдениеттің тұтастығын қалыптастырушы рөлі де зор.

Зерттеу мақсаты Берқайыр Аманшин шығармаларының ұлттық ерекшеліктерін, оның ішінде тіл мен мәдениет бірлігін талдау болып табылады. Бұл зерттеу қазақ әдебиетінің мәдени контекстіндегі тіл мен мәдениеттің байланысын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге, Аманшиннің шығармаларындағы тілдік құралдардың мән-мағынасы, оның ұлттық ерекшеліктерді айқындаудағы рөлі нақты ғылыми талдауды қажет етеді. Бұл зерттеудің ғылыми құндылығы оның қазақ әдебиетінің тілдік және мәдени аспектілерін жаңаша көзқараспен бағалауға мүмкіндік беруінде, сондай-ақ ұлттың тілдік санасын, тарихи жадысын және мәдени мұрасын сақтау жолындағы тілдің маңыздылығын көрсетуінде.

Берқайыр Аманшин шығармашылығының зерттелуі қазақ әдебиетінің ұлттық құндылықтары мен тілдік ерекшеліктерін терең зерттеуге мүмкіндік береді. Оның поэзиясындағы тіл мен мәдениеттің бірлігін қарастыру, ұлттың рухани болмысын сақтаудағы әдебиеттің рөлі мен маңызын көрсету мақсатында жүргізілетін бұл зерттеу қазақ әдебиетінің даму бағытын анықтауға, сондай-ақ тіл мен мәдениеттің ғылыми зерттеу тұрғысынан қаралуына ықпал етеді.

Әдебиетке шолу

Берқайыр Аманшин қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі ретінде тіл мен мәдениеттің байлығын өз шығармаларында шебер ұштастырып, ұлттық құндылықтарды сақтап, жаңғыртуға үлкен үлес қосты. Ақынның шығармашылығы қазақ поэзиясының эстетикалық және философиялық деңгейін тереңдетіп, әдебиеттегі өзінің жеке орны мен мәнін анықтады. Оның шығармалары қазақ әдебиетіндегі ұлттық болмыс, тарих және мәдениет мәселелерін кеңінен қамтып, көркем тілдің әсерлі күшін паш етеді.

Аманшиннің алғашқы өлеңдер жинағы 1954 жылы «Өлеңдер» деген атпен жарық көрді. Бұл жинақ ақынның әдебиетке деген алғашқы қадамдарының айғағы болып, оның шығармашылық жолын айқын көрсетті. «Өлеңдер» жинағының екі бөлімінде ақынның өз өлеңдері, үшінші бөлімінде аудармалары ұсынылған. Жинақтың осы құрылымы ақынның шығармашылық қыры мен әдебиеттің әр түрлі жанрларындағы табысты жұмысын көрсетеді. Ол өз өлеңдерінде жеке адам мен қоғам арасындағы байланыс, табиғат пен адам жанының үндестігін терең әрі нәзік бейнелейді. Сонымен қатар, аударма жұмыстарында ол өзге ұлттардың мәдениетіне деген құрмет пен тілдік байлықты меңгеруді айқын көрсетті.

Ақынның алғашқы кітабы туралы әдебиеттанушы Х. Ерғалиев: «Жұртшылыққа талантымен танылған көркем қалам иесі қашанда өз тұсындағы әдебиеттің бір орталау жерін толтырып, өзіндік бойын көрсетеді. Таланттың таланттығы әдетте бірінші кітабынан-ақ байқалады. Ал, өз басым, Б. Аманшинді бірінші кітабынан ақын ретінде танығым келмеді» (1984) – деген пікір білдірген. Бұл жерде ақынның шығармашылығын бағалау барысында оның тұтас көркемдік әлемін тануға бағытталған ізденіс байқалады. Әсіресе, ақынның тілдік құралдар мен поэтикалық бейнелерге ерекше көңіл бөлуі оның алғашқы кітабында айқын көрініс табады. Аманшиннің өлеңдерінде терең ой мен астарлы мағына, оқырманды ойландыратын, сезімге қозғау салатын құрылымдар ерекше орын алады.

Берқайыр Аманшин шығармашылығын жан-жақты зерттеген әдебиеттанушы ғалымдар оның өлеңдеріндегі азаматтық, патриоттық, интернационалдық үнін жоғары бағалайды. Ақынның лирикасында болмашы сезімдерге алданып қалмай, аса маңызды әлеуметтік және рухани мәселелерді көтеретін терең идеялық мазмұн тән. Мәселен, Б. Ысқақовтың пікірінше, «Ақын Б. Аманшиннің замандастарымыздың өмірі мен еңбегі туралы жазған туындысы («Мүслима» поэмасы – А.Е.) өзінің өмір орнықтырушылық күшімен, жарқын лиризммен өз оқырмандарын баурап алады» (1984). Бұл туындының құндылығы мен әсерлілігі ақынның өз заманының оқиғаларын, жеке тұлғалар мен олардың күресін поэтикалық тұрғыда бейнелегенінде жатыр.

Ақынның шығармашылығының басты ерекшелігі – оның азаматтық көзқарасы мен ұлттық мәселелерге қатысты терең талдау жүргізуі. Ғалым С. Оспановтың пікірінше, «Жазушы ағамыздың әдебиет саласында қай жолды қаламасын, бірақ соның бәрінің түп атасы ақындыққа барып тірелетіні анық. Өйткені, ақындық әрқашан да азаматтық көкірегінің күмбірлеген күмбезі, сезімінің селкеусіз самалы, зердесінің құйып алар зерені екендігі әмбеге аян. Сондықтан да біз, Берқайыр ақынның бүкіл шығармашылығының жұмбақ құпиясы осы поэзияға байлаулы екендігін ұмытпағанымыз жөн» (1994). Бұл пікір ақынның шығармашылық әлемін түсінуде маңызды бір аспектіні білдіреді: оның поэзиясы өзіне тән азаматтық мәні мен терең философиялық ойларының арқасында өміршең болып қалыптасты.

Аманшиннің шығармашылық талантының кеңдігі оның поэзиясындағы жанрлар мен стильдер көптүрлілігінен де байқалады. Ақын лирика мен эпиканың шебері, оның өлеңдерінде жеке адамның ішкі сезімдері мен қоғамның әлеуметтік мәселелері арасында терең байланыс орнайды. Ақындықтың күрделі әрі көпқырлы табиғаты оның шығармаларында толықтай ашылып, әр оқырман үшін жаңа мағыналар мен терең түсініктер ұсынады.

Берқайыр Аманшиннің шығармашылығы қазақ поэзиясының дамуына үлкен ықпал етті. Оның өлеңдеріндегі тіл мен мәдениет арасындағы тығыз байланыс, ұлттық болмыс пен азаматтық көзқарастың айқын көрініс табуы қазақ әдебиетінің маңызды бөлігін құрайды. Ақынның алғашқы жинағынан бастап бүгінге дейінгі шығармашылығын зерттеу оның поэзиясына деген жаңа көзқарас қалыптастыруға және қазақ әдебиетіндегі орнын айқындауға мүмкіндік береді.

Зерттеу материалдар мен әдістері

Бұл зерттеу барысында негізгі материал ретінде Берқайыр Аманшиннің шығармалары алынды. Ақынның поэзиясындағы ұлттық тіл мен мәдениеттің өзара байланысын терең зерттеу мақсатында оның өлеңдері, поэмалары және прозалық шығармаларынан үзінділер таңдалды. Берқайыр Аманшиннің шығармаларында қолданылған тілдік құралдар мен олардың ұлттық ерекшеліктерін ашу үшін лексикалық, грамматикалық және синтаксистік талдау жүргізілді. Зерттеу материалдары ретінде ақынның тілінде ұлттық мәдениеттің көрінісін, халықтың дәстүрлерін, салт-жоралғыларын және тарихын бейнелейтін туындылар қарастырылды.

Зерттеу әдістері арасында тілдік талдау, салыстырмалы талдау және мәдени контексті зерттеу әдістері қолданылды. Тілдік талдау әдісі арқылы Аманшин шығармаларындағы тілдік құралдардың поэтикалық қызметі мен олардың ұлттық мәні анықталды. Салыстырмалы әдіс Аманшин шығармашылығын қазақ әдебиетінің басқа өкілдерінің шығармаларымен

салыстыру арқылы оның ұлттық ерекшеліктерін айқындауға бағытталды. Мәдени контексті талдау әдісі тіл мен мәдениет арасындағы байланысты, сонымен қатар ақынның шығармаларында қазақ мәдениетінің қалай көрініс табатынын түсінуге көмектесті. Зерттеу барысында әдебиеттану мен тілтану саласындағы теориялық еңбектер де пайдаланылып, ұлттық тіл мен мәдениеттің бірлігін зерттейтін ғылыми мақалаларға сүйенілді.

Зерттеу нәтижелері

Берқайыр Аманшиннің шығармашылығын талдау барысында оның көркемдік құрылымы мен тарихи мазмұны арасында тығыз байланыс орнағанын байқаймыз. Ақынның тарихи тақырыптарға арналған поэмаларында ұлттық мәдениет пен дәстүрлердің маңызы, тарихи оқиғалардың суреттелуі ерекше орын алады. Әсіресе, шығармаларындағы көркемдік образдар мен метафоралар қазақтың рухани мұрасы мен тарихын терең бейнелейді. Осы ретте көркемдік-образдық талдау, тарихи-мәдени талдау, салыстырмалы талдау және контекстуалдық талдау әдістерін қолдана отырып, шығармалардағы ұлттық идеялар мен тарихи шындықты қалайша үйлестіргенін қарастыруға болады.

Б. Аманшиннің «Даладағы дауыл» және «Елші» поэмалары тарихи тақырыптарға жазылған шығармалар қатарына жатады. «Елші» поэмасы 1983 жылы жарық көрген «Құттықхана» жинағында жарияланып, сол жинақтың жартысын қамтиды. Бұл туынды қазақ халқының тарихи дамуындағы күрделі кезеңдерді бейнелей отырып, оқырманға сол дәуірдің саяси-экономикалық жағдайын, елдің ішкі ахуалын терең түсінуге мүмкіндік береді.

«Елші» поэмасы тарихи деректерге негізделген шығармалардың бірі болып табылады. Поэмада қазақ халқының Ресей империясымен қарым-қатынасын, сондай-ақ сол уақыттағы саяси жағдайды қамтитын терең талдаулар орын алады. Автор өз шығармасында қазақ елінің тәуелсіздігін сақтап қалу үшін Ресейге қосылудың маңыздылығын ашады. Бұл идея поэманың негізгі өзегін құрайды, онда халықтың азаттық үшін күресі, ел басшыларының ерлік істері, және Россияның достық пейілімен жүзеге асқан кейбір қамқорлықтары жан-жақты суреттеледі.

Поэманың құрылымы да шығарманың көркемдік ерекшеліктерін айқындайды. Шығарма кіріспеден басталып, бірнеше тарауға бөлінеді: «Елші», «Егес», «Барақ», «Ант». Кіріспеде жоңғар шапқыншылығы кезеңіне дейінгі тарихи жағдайлар суреттеледі. Бұл кезең қазақ халқының өмірінде ерекше орын алады, себебі ол дәуірдің күрделі әлеуметтік-саяси ахуалы мен сыртқы жаулардан туындаған қатерлерді түсінуге мүмкіндік береді. Жоңғар шапқыншылығының алдын ала суреттелуі шығарманың тарихи контекстін тереңдете түседі.

Шығармада идея мен пікірдің көптігі, сондай-ақ публицистикалық сарынның басым болуы оқырманға шығарманың мәнін тереңірек түсінуге жол ашады. Автордың көркемдік тәсілдері арқылы тарихи оқиғалар мен көркемдік элементтер тығыз байланыста беріледі. Мысалы, жау әскерлерінің шабуылы мен басқыншылығын суреттеу барысында автордың сол жауларға деген терең жеккөрушілігі айқын көрінеді, бұл тарихи реализм мен публицистикалық әсердің үйлесімділігін көрсетеді.

...Жау қаптады құбыладан,
Шыңғыс, Жошы атаулы.
Азияның төрінен
Шегірткеше түтеген.
Жалбыр жүнді жабымен,
Жортқан сайын үдеген.
Жүрген жерін өрт қылған,
Жау қарасы көп еді
Ақи көзді атарман,
Аузы толы оқ еді [6, 8 б.], –деп суреттейді.

Осы жерде көріп тұрғанымыздай, көркемдік-образдық талдау арқылы ақынның шығармаларындағы эпитеттер мен метафоралардың терең мағынасы ашылады. Мысалы, *"шегірткеше түтеген"* метафорасы арқылы ақын жоңғар шапқыншылығының сұрапыл

сипатын бейнелейді. Бұл метафора қазақ халқының сол кезеңдегі үрейі мен қорқынышын суреттейді. Мұндай көркем образдар тарихи оқиғаларға ұлттық құндылықтарды, халықтың күйзелісін, үрейін қосып, шынайы бейнелеу құралына айналады.

Б. Аманшиннің «Елші» поэмасы қазақ әдебиетінде тарихи поэзияның үлгісін қалыптастыруда маңызды орын алады. Бұл шығарма өз кезеңінің тарихи жағдайын терең түсініп, сол дәуірдің халықтық болмысын көрсету арқылы қазақ ауылының өмірін, халықтың әлеуметтік және саяси құрылымын жан-жақты баяндайды. Автордың тілдік тәсілдері мен көркемдік құралдары оқырманға тарихи шындықты айқын әрі әсерлі жеткізуге мүмкіндік береді.

Поэманың басты ерекшелігі – қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, әлеуметтік құрылымын, көшпелі өмір салтын егжей-тегжейлі бейнелеуі. Мәселен, Әбілқайыр ханның саясатын жүзеге асырудағы рөлін, оның Бөкенбай батырға деген сенімін автор нақты тарихи деректермен дәлелдей отырып, көркем түрде ашады. Бөкенбай батырдың бейнесі поэмада ерекше орын алады. Ақын оны тек батыр ретінде ғана емес, сонымен қатар қоғамдағы маңызды саяси тұлға ретінде де сипаттайды. Ақынның суреттеуінде Бөкенбай батырдың бейнесі терең психологиялық және қоғамдық тұрғыдан беріледі:

«Батырда да Бөкенбай –
Нардай жалғыз өркеш бұл,
Және ділмар, жоқ ондай,
Жеңдірмейтін сөзге ешбір.
Жасанып кеп тиіскен,
Жауды жалғыз жасқайды.
Ханға келген жұмыспен,
Қараң бұдан аспайды.» [6, 41-42 бб.].

Бұл шумақта ақынның батырдың күшін, батылдығын, сондай-ақ оның сөзге деген қабілетін, шешендігін суреттеу тәсілі айқын көрінеді. Осы арқылы автор тек батырдың физикалық күшін ғана емес, оның ішкі дүниесінің байлығын, қоғамдағы орны мен рөлін де ашады. Ақынның көркемдік құралдарын ұтымды пайдалану арқылы поэмада халықтың мәдени және саяси шындығы көрсетіледі.

Әбілқайыр ханның саяси қызметінде маңызды орын алған Бөкенбай батырдың бейнесі, сондай-ақ оның әрекеттері мен қоғамдағы рөлі қазақ тарихының өзекті мәселелерін қозғайды. Бұл шығарманың тілдік құрылымы мен көркемдік тәсілдері сол дәуірдің тілдік ерекшеліктерін, халықтың тұрмыстық және әлеуметтік жағдайын дәл бейнелеуге бағытталған. Автор халықтың тілін, сөйлеу мәдениетін, сөздің мәні мен мағынасын нақты әрі көркем түрде жеткізе білген. Ақынның сөз қолданыстары мен метафоралары шығармаға терең мән мен мағына береді, ол тарихи контексті түсінуге мүмкіндік береді.

Б. Аманшиннің поэмасы қазақ әдебиетінде тарихи тақырыпқа жазылған шығармалардың бірі ретінде назар аудартады. Оның көркемдік тәсілдері мен тарихи шындықты көрсету әдісінің ұтымдылығы поэманың қазіргі әдебиеттану контекстінде жоғары бағалануына әкелді. Мәселен, ақын Ә. Ахметов: «*Елші*» – *әдебиетімізде соңғы жылдары дүниеге келген поэмалардың ішінде шабытты жазылған көркем сомдалған дастан екеніне оқушы қауым қол қояр деп ойлаймын*» [7], – деп бағалайды. Ал Берқайыр Аманшин туралы біраз мақала жазған жерлес ақын М. Неталиев: «*Дастаннан ақынның көркемдік құралдарының ұтқырлығы, тілінің көркемдігі анық белгі береді. Жалпы, «Елші» поэмасын Б. Аманшин творчествосының үлкен табысы деп бағалаған жөн*» [8], – деген тұжырым жасайды.

Берқайыр Аманшиннің «Елші» поэмасы тарихи поэзияның маңызды туындысы болып табылады. Ақын тарихи деректерді шығармашылық қиялмен байытып, сол кезеңнің шындығын көркем шындыққа айналдырды. Аманшин тек ақын ғана емес, тарихшы және ойшыл ретінде де өз шеберлігін көрсетті. Ол тарихи оқиғаларды дәл жеткізе отырып, сол деректерді көркемдік тұрғыдан дамытып, әдеби шығарманың мазмұнын тереңдетті. Поэмада

тарих пен әдебиеттің өзара байланысы ашылып, қазақ әдебиетінің тарихи жанрының дамуына үлес қосты.

Берқайыр Аманшиннің «Даладағы дауыл» поэмасы Исатай мен Махамбет бастаған ұлт-азаттық көтерілісінің тарихи оқиғаларын бейнелейтін маңызды әдеби туынды болып табылады. Бұл көркем шығарма сюжеттік поэма жанрында жазылған, оның құрылымы дәстүрлі дастандық шығарманың элементтерін сақтайды. Поэманың әрбір бөлімінде Исатай мен Махамбет қозғалысының маңызды кезеңдері мен көтерілістің әлеуметтік-саяси дамуы көркем тілмен суреттеледі. «Князьдағы қараңғы үй», «Кездесу», «Үбі келгенде», «Махамбет пен Қарауыл», «Балқының үйін өртеу», «Ордаға! Ордаға!», «Махамбеттің монологы» атты бөлімдер әрқайсысы Махамбет өмірінің белгілі бір сәтін ашып көрсетеді, бұл арқылы көтерілістің тарихи контексті мен әлеуметтік мәні тереңірек зерттеледі. Аманшиннің бұл шығармасы қазақ әдебиетінің тарихи тақырыптарға арналған поэзиясының үздік үлгісі болып табылады. Бұл жанрға профессор Қ. Алпысбаев: «Сюжеттік поэма – эпикалық жанрдың ең көнеден келе жатқан дәстүрлі түрі» [9, 11 б.], – деген анықтама береді.

Берқайыр Аманшиннің «Даладағы дауыл» поэмасында Исатай батыр мен Махамбет Өтемісұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісі айрықша бейнеленеді. Ақын бұл поэмада тарихи тұлғалар мен оқиғаларды тек шығармашылық тұрғыдан ғана емес, сол дәуірдің рухани және әлеуметтік жағдайларымен байланыста да ашады. Поэмада Исатай батырдың диалогтары арқылы оның ақыл-парасаты, мінез-құлқы мен іс-әрекеті ерекше көрсетіледі. Мысалы, батырдың «*Күн бір бүгін болғанда, Байтақ елден бездіріп...*» деген сөздерінде уақыт пен кеңістік метафоралары арқылы батырдың күйзелісі мен қайғысы терең эмоционалдық тұспалмен беріледі. Мұндағы «Күн бір бүгін болғанда» тіркесі уақыттың шұғыл өтетіндігін, осыдан туындайтын трагедиялық жағдайды көрсетеді.

Жырдың тілдік құрылымында қолданылған бейнелі сөздер мен тіркестер ерекше орын алады. Ақынның «*Сарғалдаңға түсірдің, Сарыарқаны кездіріп*» деген жолдары кеңістік ұғымын ұлттық мәдениеттің дәстүрлерімен байланыстырып, табиғат пен қоғам арасындағы терең байланысқа назар аударады. Сонымен қатар, «*Астанамды қор қылдың*» және «*Аңдысқан жауға ездіріп*» деген сөздер арқылы ақынның Исатай батырға деген терең құрметі мен оның ел қорғаудағы ерлігін сипаттайды. Мұндай тілдік құралдар батырдың жан дүниесін, оның күйзелісін және қоғамдағы рөлін көрсетуде маңызды қызмет атқарады.

Мәдени контексті талдау кезінде бұл поэманың тарихи мәні мен қазақ әдебиетінің дәстүрлерімен байланысы анық көрінеді. Исатай мен Махамбет бастаған көтеріліс тек саяси ғана емес, сондай-ақ мәдени-рухани сипатқа ие. Ақынның Исатай батырдың сөздерінде оның ұлттық азаттық үшін күресінің жалғасын тауып, көтерілісшілердің қоғамдағы орнын, олардың әлеуметтік әділетсіздікке қарсы күресін сипаттайтын ұлттық идеологияны ұстануы әдеби контексті толықтыра түседі. Сонымен қатар, Махамбет Өтемісұлының өлеңдерінің поэмаға енгізілуі қазақ поэзиясының батырлық эпосының дәстүрлеріне және сол дәуірдегі халықтық поэзияның ықпалына негізделген. Мұндай тәсіл қазақтың ұлт-азаттық күресінің тарихи сабақтастығын көрсету мен дәстүрлі жыршылық өнерді жаңғыртуда маңызды рөл атқарады.

Мәдени контекст тұрғысынан, поэмада көтерілісшілердің күресі, олардың ерлік пен қайсарлыққа толы іс-әрекеттері ұлттық сананың қалыптасуындағы басты белгілер ретінде қарастырылады. Ақынның тілдік құралдары мен бейнелі суреттері қазақ халқының тәуелсіздікке ұмтылған күресінің көркем бейнесін жасайды. Сонымен қатар, тарихи тұлғалардың ерліктері мен қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы сол кезеңдегі мәдени контексті толығымен қамтиды.

Берқайыр Аманшиннің «Даладағы дабыл» поэмасын Ығылман Шөрековтің «Исатай-Махамбет» жырымен салыстыра отырып, екі туынды арасындағы үндестіктер мен айырмашылықтарды айқындауға болады. Осы салыстырмалы талдау екі шығарманың көркемдік құрылымына, образдарға және тарихи контекске деген көзқарасын көрсетеді.

Алдымен, Ығылман Шөрековтің «Исатай-Махамбет» дастаны қазақ ауыз әдебиетінің дәстүрлерінен шығып, эпикалық сипатта жазылған. Бұл поэмада Исатай мен Махамбеттің

ерліктері мен тарихи тұлғалары өз уақытында қабылданған ауызша жырлау стилінде ұсынылады. Ақын көне дәстүрді сақтай отырып, батырлардың ерліктерін мадақтап, ел жадында қалған шежірені жырлайды. Осы шығарманың басты ерекшелігі — оның эпикалық құрылымы мен жырлық стилі. Махамбет Өтемісұлының сөздері мен толғаулары дастанның негізгі өзегін құрайды. Ығылман осы рухани мұраны сақтап, Махамбетпен бірге бүкіл қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысындағы күрескерлігін жырлайды.

Ал Б. Аманшиннің «Даладағы дабыл» поэмасында Ығылман Шөрековтің әсері байқалады, алайда бұл туындыда поэтикалық жанр мен тарихи оқиғалардың көрінісі анағұрлым жаңарған. Аманшин өз поэмасында тек батырларды ғана емес, олардың ішкі әлемін, көңіл-күйін де терең ашуға ұмтылады. Бұл тұста көркемдік тәсілдердің жаңалығы байқалады: көтеріліс кезіндегі әрбір кейіпкердің психологиясы мен іс-әрекетіне мән беріледі. Аманшиннің поэмасындағы Махамбеттің монологу оның ішкі жан дүниесі мен батырлық мақсатын айқын әрі шынайы бейнелейді. Махамбеттің өз сөзінде ашқан ішкі қайшылықтары мен күрескерлік рухы ақынның көркемдік шеберлігін танытады.

Мысалы, Ығылман Шөрековтің шығармасында Махамбет пен Исатайдың тағдыры мен ерліктері сыртқы іс-әрекеттер арқылы көрсетілсе [10, 162 б.], Аманшин поэмасында сол әрекеттердің артындағы терең рухани құндылықтар мен ішкі қайшылықтар ашылады. Махамбеттің өзі айтқандай, оның «сөз асылы» тек өз халқына ғана емес, жалпы ұлт тарихына терең із қалдырған. «*Құсалықпен өтті зой*», «*Қара өткелде қол қалды*» деп, Аманшиннің Махамбетті суреттеуіндегі трагизм мен еркіндікке деген ұмтылыс көрінеді. Бұл кезде Махамбет тек батыр ғана емес, өз халқының тағдырын өзіне жауапкершілік ретінде қабылдайтын күрескер тұлға ретінде сипатталады.

Салыстырмалы талдауда тағы бір маңызды аспект — екі ақынның шығармашылық тәсілдері арасындағы айырмашылықтар. Ығылман Шөреков эпикалық жырлау стилін сақтай отырып, көтеріліс барысын нақты тарихи контексте бейнелесе, Аманшин сол дәуірдің шынайы бейнесін, яғни көтерілісшілердің ой-санасын және ұлттық күрестің ішкі динамикасын тереңірек ашуға ұмтылды. Аманшиннің «Даладағы дабыл» поэмасы тарихи оқиғаның ғана суреттемесі емес, ол халықтың күрес жолындағы идеологиялық қақтығыстарын, әлеуметтік-саяси жағдайларын да көрсетуге бағытталған.

Осылайша, Аманшиннің «Даладағы дабыл» поэмасы Ығылман Шөрековтің шығармасынан ерекшеленіп, жаңа көркемдік ізденістер мен қазіргі заманғы оқырманға қажетті терең ойлар ұсынған. Аманшин өз шығармасында өткен тарихи оқиғаларды баяндау арқылы, Махамбет Өтемісұлының образын қазіргі заман тұрғысынан жаңаша қарастырған, оның күресін жаңа поэтикалық формада ұсынған.

Нәтижелерді талдау

Берқайыр Аманшиннің шығармашылығын талдаған кезде оның көркемдік құрылымы мен тарихи мазмұны арасындағы тығыз байланысты айқындауға болады. Оның поэзиясында тарихтың терең сымбаты мен көркемдік әдіс-тәсілдердің үйлесімі ерекше байқалады. Аманшиннің «Елші» және «Даладағы дауыл» поэмаларына жасаған талдау барысында зерттеуші бірнеше маңызды аспектілерді қарастырады: поэмалардағы тарихи шындықтың көрінісі, ақынның көркемдік құралдарды қолдану тәсілдері, тарихи және әдеби контексті ұштастырудағы шеберлігі. Осылайша, ақынның шығармалары тек әдебиет тұрғысынан ғана емес, тарих пен мәдениет тұрғысынан да үлкен мәнге ие.

Берқайыр Аманшиннің тарихи поэмаларында халықтың рухани мұрасы мен тарихи шындық терең ұштасқан. «Елші» поэмасында, мәселен, қазақ халқының Ресей империясымен қарым-қатынасы суреттеледі, бұл байланыс поэмадағы маңызды тақырыптардың біріне айналады. Аманшин бұл шығармасында тарихи деректерді, нақты оқиғаларды көркемдік тұрғыдан қайта жаңғырта отырып, қазақ халқының тәуелсіздікке ұмтылысын терең сезінуге мүмкіндік береді. Осылайша, ақын тарихты тек суреттеп қана қоймай, сол оқиғалардың артында жатқан ұлттық идеялар мен әлеуметтік жағдайларды ашып көрсетеді.

Поэmanın құрылымында да тарихи және көркемдік элементтер үйлесімді түрде біріктірілген. Әрбір бөлімнің өз ішкі динамикасы бар, ал кіріспе бөлімде автордың тарихи кезеңдер мен оқиғаларды алдын ала көрсетуі шығарманың маңыздылығын арттырады. Бұл құрылым арқылы оқырман шығарманың тарихи контекстін түсініп, оны тереңірек қабылдай алады. Мысалы, «Елші» поэмасындағы жоңғар шапқыншылығы кезеңінің бейнеленуі — бұл тек тарихи шындықты көрсетіп қана қоймай, сол кезеңдегі халықтың рухани күйзелісін, ұлттың бірлігі мен тәуелсіздігі үшін күресін бейнелейді.

Аманшиннің поэмаларында метафоралар мен эпитеттер ерекше орын алады. Мысалы, «шегірткеше түтеген» метафорасы арқылы автор жоңғар шапқыншылығының сұрапыл сипатын бейнелейді. Бұл көркемдік тәсілдің бірегейлігі — автордың тарихи оқиғалар мен халықтың көңіл-күйін, оның рухани күйзелісін көркем образдар арқылы жеткізуінде. Метафоралар мен эпитеттер тек суреттеу үшін емес, сонымен қатар тарихи оқиғалардың терең мәнін түсіндіру үшін де қолданылады. Мұндай тәсілдер авторға оқырманды тарихи кезеңдерге еніп, сол замандағы халықтың күйзелісін, үрейін, сондай-ақ ұлттық күрестің терең мәнін сезінуге мүмкіндік береді.

Мысалы, «*Жалбыр жүнді жабымен*» деген эпитет арқылы автор жаудың шабуылының жылдамдығы мен кеңістіктегі ауқымын сипаттайды, ал «*Ақи көзді атарман*» деген жол арқылы жау әскерлерінің қауіптілігін ашып көрсетеді. Мұндай метафоралар мен бейнелі сөздер тарихи оқиғаларды эмоционалды түрде қабылдауға мүмкіндік береді, ол тек фактілерді көрсетуге ғана емес, сол фактілердің оқырманға қалай әсер ететінін де көрсетеді.

Берқайыр Аманшин өзінің тарихи поэмаларында нақты деректерді көркем шығармашылық тұрғыдан байытады. «Елші» поэмасында қазақ халқының Ресей империясына қосылуының маңызы терең түрде ашылады. Бұл процесс тарихи тұрғыдан өте маңызды болғанымен, ақын оны көркемдік тұрғыдан да керемет жеткізеді. Ақын тек оқиғалардың дәлдігін ғана сақтамайды, сонымен бірге сол оқиғалар арқылы халықтың ішкі әлемі мен рухани жағдайын да айқындайды.

Бөкенбай батырдың бейнесі осы тұрғыдан өте маңызды. Поэмада ол тек әскери тұлға ғана емес, сонымен қатар қоғамдағы маңызды саяси тұлға ретінде суреттеледі. Ақын оны бейнелеу барысында оның физикалық және психологиялық портретін өте терең ашады, бұл батырдың ішкі дүниесін және оның қоғамдағы орны мен рөлін түсінуге мүмкіндік береді.

Аманшиннің тарихи шығармаларының тағы бір ерекшелігі — оның әдеби контексті мен ұлттық дәстүрлерге байланысы. «Даладағы дауыл» поэмасында көтерілген тақырып Исатай мен Махамбет бастаған ұлт-азаттық көтерілісінің тарихи оқиғаларын қамтиды. Ақын бұл поэманы жазу барысында қазақтың ұлттық батырлық эпосы мен тарихи жырлау дәстүрін жаңғыртады. Махамбет Өтемісұлының өлеңдері осы поэмада орын алып, қазақтың ұлт-азаттық күресінің рухани мұрасын дәріптейді. Поэmanın құрылымында табиғат пен қоғам арасындағы терең байланыс, сондай-ақ қоғамның әлеуметтік әділетсіздікке қарсы күресі көрсетіледі.

Сонымен қатар, поэманың тілдік құрылымындағы бейнелі сөздер мен тіркестер де қазақ халқының тарихын және мәдениетін көрсетуге маңызды рөл атқарады. Мысалы, «Сарғалдаңға түсірдің, Сарыарқаны кездіріп» деген сөздер арқылы ақын кеңістік ұғымын ұлттық мәдениетпен байланыстырып, табиғаттың қоғаммен байланысын ашады.

Берқайыр Аманшиннің тарихи поэмаларында көркемдік құралдар мен тарихи деректер үйлесімді түрде ұштасып, ақынның шығармашылығына жаңа мән береді. Поэмаларда тарихи оқиғалар тек фактілер ретінде емес, сонымен қатар халықтың рухани дүниесін, оның әлеуметтік жағдайын, әрі тарихтың терең мағынасын көрсететін көркем образдар арқылы бейнеленеді. Аманшиннің шығармалары әдебиеттану мен тарих ғылымында маңызды орын алады, өйткені ол тек әдеби шығарма жазумен ғана шектелмей, сол кезеңнің әлеуметтік және саяси мәселелерін әдеби түрде талдап көрсетеді. Оның поэмалары қазақ халқының рухани мұрасын дәріптеуде, ұлттық тарих пен мәдениетті көрсетуінде ерекше орын алады.

Қорытынды

Берқайыр Аманшиннің шығармашылығын зерттеу қазақ әдебиетінің тіл мен мәдениет арасындағы өзара байланысты тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Ақынның поэзиясында тіл тек әдеби құрал ретінде ғана емес, сонымен қатар ұлттық мәдениеттің сақтаушысы, ұлттың тарихи-мәдени мұрасының жеткізушісі ретінде маңызды рөл атқарады. Аманшиннің шығармалары қазақ халқының бай салт-дәстүрлерін, дүниетанымын, тарихи оқиғаларын және рухани болмысын көркем тілмен бейнелейді. Бұл шығармаларда қазақтың ұлттық кодтары, мәдениеттің, ұлттық сананың түрлі аспектілері айқын көрініс табады, сол арқылы автор өз ұлтының тарихы мен мәдени мұрасын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, сақтап қалуға қызмет етеді.

Ақынның шығармаларындағы тілдік құралдар мен әдеби тәсілдер арқылы қазақтың ұлттық болмысын, оның өткенін және бүгінге деген көзқарастарды көркем түрде жеткізу мақсат етілген. Аманшиннің поэзиясында метафоралар мен символдар жиі қолданылады, олар қазақ халқының рухани әлемін, ұлттың психологиясын, дүниетанымын тереңірек танып білуге мүмкіндік береді. Метафоралар мен символдар, сөз өнерінің көркемдігі арқылы, тыңдаушыға немесе оқырманға ұлттық идеология мен мәдени құндылықтарды жеткізуге жол ашады. Бұл тұрғыда тіл ақынның шығармаларында тек ойды білдіретін құрал ғана емес, ұлттық мәдениеттің негізгі тұтқасы әрі сақтаушысы ретінде қызмет етеді.

Зерттеу барысында ақынның шығармаларының тілдік құрылымдары мен мәдениетке қатысты сипаты толыққанды талданып, бұл шығармалардың қазақ әдебиетінде алатын орны анықталды. Аманшиннің поэзиясы тек ұлттық сөз өнерінің өкілі ғана емес, сонымен қатар қазақ халқының рухани болмысының айнасы болып табылады. Ақынның шығармаларында ұлттық құндылықтар мен ұлттық дәстүрлердің көрініс табуы, қазақ тілінің әдеби, мәдени маңыздылығын көрсетуге мүмкіндік береді. Ақынның тіліндегі дәстүрлі элементтер мен ұғымдар қазақ мәдениетінің өзекті мәселелеріне қатысты терең ойлар мен көзқарастарды білдіреді.

Берқайыр Аманшиннің шығармашылығында тіл мен мәдениеттің тығыз байланысын көрсететін бірнеше негізгі тақырыптар мен мотивтер бар. Олар қазақтың тарихы мен салт-дәстүрлері, оның қоғамдағы орны мен ұлттық сананың қалыптасуы сияқты күрделі мәселелерді қамтиды. Ақынның тіліндегі ұлттық ерекшеліктер мен символикалық бейнелер қазақ халқының мәдени мұрасын жаңғыртуға және оны бүгінгі ұрпаққа жеткізуге арналған. Бұл шығармалардың тілі мен мәдениеті терең талданғанда, қазақ тілінің мәдениет пен ұлттық санаға тигізетін ықпалы айқын байқалады.

Берқайыр Аманшиннің шығармалары арқылы қазақ әдебиетіндегі тіл мен мәдениеттің байланысы туралы жаңа тұжырымдар мен көзқарастар пайда болды. Зерттеу барысында қолданылған тілдік, мәдени контексті және салыстырмалы талдау әдістері қазақ әдебиетінде ұлттық тіл мен мәдениеттің маңыздылығын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Бұл жұмыс қазақ тілінің әрі мәдениетінің болашақтағы дамуына ықпал ететін маңызды ғылыми зерттеу болып табылады. Сонымен қатар, Аманшиннің шығармалары қазақ әдебиетінің ұлттық құндылықтарды жаңғыртудағы және тіл мен мәдениеттің өзара байланысын ашудағы маңыздылығын айқындайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Аманшин Б. Жайық желі. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1974. – 296 б.
2. Қабдолов З. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1983. – 359 б.
3. Аманшин Б. Құттыхана. Поэма мен өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 1983. – 108 б.
4. Алпысбаев Қ. Поэма және сюжет. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 121 б.
5. Шөреков Ы. Исатай-Махамбет. Дастандар мен өлеңдер (кұраст. Б.Аманшин). – Алматы: Жазушы, 1976. – 162 б.
6. Ерғалиев Х. Грани творчества // Вечерняя Алма-Ата. – 1984. – 14 октябрь.
7. Ысқақов Б. Сан қырлы санаткер // Октябрь туы. – 1984. – 21 ноябрь.
8. Оспанов С. Сәулелі ақынның сандуғаш үні // Қазақ әдебиеті. – 1994. – 25 қараша.
9. Ахметов Ә. Табысты дастан, тартымды жырлар // Оңтүстік Қазақстан. – 1983. – 13 сентябрь.
10. Неталиев М. Еңбеккер жазушы, зерттеуші // Коммунистік жол. – 1984. – 3 ноябрь.

DOI 10.24412/3007-8946-2025-312-58-60
UDC 398.2

ARCHETYPICAL IMAGES OF CARL GUSTAV JUNG IN THE FOLK RUSSIAN TALE “NIKITA KOZHEMYAKA”

VALIYEVA ZEMFIRA RINATOVNA

Doctoral student of Dulaty University,
Master of pedagogical sciences,
Taraz, Qazaqstan

Abstract: *In the given article, one could see the expression of the archetypes “hero”, “anima”, and “shadow” in the folk Russian tale Nikita Kozhemyaka. The aim of the article is to introduce the conception of “archetype” according to the theory of the great Swiss scientist Carl Gustav Jung as well as to demonstrate the expression of some archetypes in the heroes of the folk Russian tale Nikita Kozhemyaka. The archetypes are primary images, which scientists study throughout the world. They help people understand the actions of the characters in the story and so on. One could find archetypes in different cultures, types of art, even religion. The archetypes explain the way of people’s thinking. They have always been in the mind of people. Moreover, people inherit them from generation to generation. The study of the archetypes is significant nowadays not only for psychologists but also for all the humanities scientists.*

Keywords: *anima, hero, shadow, Russian tale, archetype.*

Introduction

Jung’s theory of archetypes, which people experience subjectively as numinous but which from the outside appear to be typical experiences, provides a cosmological underpinning for these definite experiences. [1] “Archetypes are the neuropsychic centers responsible for coordinating the behavioral and psychicepertoire of our species”. [2] Carl Gustav Jung wrote that there are universal experiences that are inherent to the human experience like belonging, love, death, and fear. These very experiences called “the collective unconscious” find their expression in “archetypes”. [3]

The hypothesis of the article is that the archetypes discovered by the great Swiss scientist Carl Gustav Jung exist in Russian folk tales too. The object of the article is the archetypes. The subject of the article is the archetypes “anima”, “hero”, and “shadow”, found in the Russian folk tale *Nikita Kozhemyaka*. The practical significance of the article is that archetypes help people understand the actions of hero, the psychology of the characters and people, the way people perceive the texts, the way people think throughout centuries. The novelty of the article is that archetypes evoke new type of analyses, cognitive and psychoanalytical, which people still elaborate all over the world.

Materials and methods

The methods used in the research are content analysis, literature review, case report, observational study.

The information from the folk Russian tale *Nikita Kozhemyaka* serves the purpose of showing how archetypes are present in different characters of tales. The images of the princess, the dragon, the young person Nikita Kozhemyaka prove the existence of the archetypes hero, anima, and shadow in folk Russian literature.

In the work of Anthony Stevens *The archetypes*, the notion of *archetype* a man can explain scientifically. “Archetypes are innate potentials that are expressed in human behavior and experiences. They are hidden forms that are activated when they enter consciousness and are shaped by individual and cultural experiences.” [4]

In his other work *Living archetypes* the author explains “the existence of archetypes can be inferred from various cultural phenomena, such as stories, art, myths, religions, and dreams.” [5]

The hero archetype explanation one could find in electronic encyclopedia as some figure that represents the journey of ego towards individuation. The given archetype is a symbol of human

potential and a source of inspiration for the individual's journey towards his wholeness. The Great Swiss psychoanalyst and philosopher Carl Gustav Jung explained hero archetype as a universal symbol that exists in the myths, legends, and stories of different cultures throughout history. The hero is associated with qualities such as courage, determination, and perseverance. The hero is the character who is able to overcome great challenges and obstacles on his way to achieve great goals or to save others. [6]

James Iaccino in his work *Jungian reflections within the cinema: a psychological analysis of sci-fi and fantasy archetypes* expressed an opinion that “contemporary cinema is a rich source of archetypal images, most commonly evidenced for instance in the hero archetype: the one who saves the day and is young and inexperienced, like Luke Skywalker in Star Wars”. [7] Then in the same work the author adds that “in the original Star Wars Trilogy, the characters Luke Skywalker and Darth Vader represent the archetypes of hero and the shadow.”

According to the definition of the philosopher Carl Gustav Jung, the archetype *shadow* symbolizes “thing a person has no wish to be.” This is “the negative side of the personality, the sum of all the unpleasant qualities one wants to hide, the inferior, worthless and primitive side of man’s nature...one’s own dark side.” [8, p.138]

Henry D. Schlinger and Alan Poling in their *Introduction to Scientific Psychology* write that shadows are “the animalistic and sinister aspects of all people.” [9]

Jane Bennett wrote in his *Influx & Efflux: Writing up with Walt Whitman* that shadow turns into a shape “less stable than *entity*, less mentalistic than *concept*, more haptic than *literary figure*”, that owns the efficacy of the body creative agency and the virtual potential of soul. [10, p.11]

Michael Fordham wrote that “...the shadow often represents one’s dark side, those aspects of oneself that exist, but which one does not acknowledge or with which one does not identify.” [11]

The notion of archetype *anima* is vividly explained in Walter A. Shelburne’s *Mythos and Logos in the thought of Carl Jung: the theory of the Collective Unconscious in Scientific Perspective*. According to the paper *anima* “is a symbol of a man’s feminine possibilities.” [12] Therefore, *anima* is the ideal image of a woman for a man. The image comprises the qualities of distinct beauty and moral. *Anima* is a man’s seducer.

Results and discussions

The research to find the archetypes among the heroes of folk Russian tale *Nikita Kozhemyaka* took place. The results one could see in the Table 1.

Table 1 – archetypal images in the folk Russian tale *Nikita Kozhemyaka*

Archetype	Who	Actions and characteristics
Shadow	Dragon	Collected tribute from the people, took girls and ate them, stole the tsar’s daughter and kept her captive
Hero	Nikita Kozhemyaka	Strong and invincible, generous and good, able to work with twelve skins at a time, killed the bad dragon and saved the princess
Anima	Princess	Reflects the beauty and love, seducer

The archetype of shadow one sees in the Dragon, which appeared near Kiev. The Dragon collected the tribute from the folk. From every yard, he took a beautiful girl and ate her. He reflected the bad features of man.

The princess of the given tale represents the archetype of *anima*. She reflects the beauty and love. The Dragon admired her beauty and did not kill her. Moreover, he took the young girl in his den and made her his wife. She was his *anima*, the very idea of women’s beauty who seduced him. The dragon fell head over heels in love with the princess and used to hide the way to his den with logs when he went out for his business in order not to lose the girl. Such was the strength of his infatuation. The power of *anima* seduction can be that great.

The archetype of hero one finds in the character Nikita Kozhemyaka who lives in the city Kiev. He is stronger than the Dragon. When the princess got to know about that, she sent a note with her dog for her father with the request to find Nikita Kozhemyaka who could save her.

Nikita Kozhemyaka was strong and invincible. His occupation was pressing the skins. He was able to hold in his hand simultaneously twelve skins. The unreal strength is the feature of hero archetype.

In the end, Nikita Kozhemyaka killed the dragon and drowned him in the deep sea. He is the hero who saved the world from the bad creature who violated the rights of ordinary people. He is noble as hero archetype should be. He took nothing for his work. Hero is generous and good. [13, p.93]

Conclusion

An archetype for Carl Gustav Jung is a person`s subconscious idea of the ideal images of a man and woman. It is passed down through generations and influences our actions, choices, and judgments. Archetypes, according to the Swiss scientist, don`t change throughout the years. They carry both positive and negative traits. [14]

The archetype is the example, ideal, the very first image, the very right image.

The characters of the works are archetypal images, the link between consciousness and the archetype. Thanks to this, we can understand the character's behavior and actions. Archetypes in fiction and folklore are masks which have their own functions. Characters can either change them or wear them all the time. As far as one could see, they can both increase and decrease the importance of the hero. They can transfer him either to the *dark* or to the *light* sides. Thus, archetypes are important not only for psychoanalysis, but also for fiction and folklore. They expose the inner world of the characters.

LITERATURE

1. Le Grice, Keiron. 2021. Archetypal Reflections: Insights and Ideas from Jungian Psychology. Ojai: ITAS Publications. [[Google Scholar](#)]
2. Stevens, Anthony (2015-06-29). Archetype Revisited: An Updated Natural History of the Self. London: Routledge. doi : 10.4324/9781315740515.
3. Weiner, Michael O.; Gallo-Silver, Les Paul.(2018). The Complete Father. Essential Concepts and Archetypes. Jefferson, NC: McFarland.p.5.
4. Stevens, Anthony.(2006).“The archetypes” (Chapter 3.) Ed. Papadopoulos, Renos. The Handbook of Jungian Psychology.
5. Stevens, Anthony.(2015). Living Archetypes: The selected works of Anthony Stevens. Oxon:Routledge.p.141.
6. Hero - Junguipedia English.- <https://janguipediaeng.miraheze.org/wiki/Hero>
7. Iaccino, James F. (1998). Jungian reflections within the cinema: a psychological analysis of sci-fi and fantasy archetypes. Westport, Conn.:Praeger. ISBN 978-0-313-02208-1
8. Samuels, Andrew, Bani Shorter, and Fred Plaut. 1997. *A Critical Dictionary of Jungian Analysis*. New York: Routledge. [[Google Scholar](#)]
9. Schlinger, Henry D. Jr; Poling Alan.(2013). Introduction to Scientific Psychology. New York:Springer Science & Business Media.p.293.
10. Bennett, Jane. 2020. *Influx & Efflux: Writing up with Walt Whitman*. Durham: Duke University Press. [[Google Scholar](#)]
11. Fordham, Michael.(1985) Explorations Into the Self.(Library of Analytical Psychology).Karnac Books.
12. Shelburne, Walter A. (1988). My thos and Logos in the thought of Carl Jung: the theory of the Collective Unconscious in Scientific Perspective. New York: SUNY Press.p.62 ISBN 978-0-88706-695-5
13. Folk Russian tales: From the collection of A.I.Afanasyeva/ Intro article and dictionary of rarely used words of V.P.Anikin; artist T.Mavrina. – M.: Fiction, 1990. – 270p.
14. Что такое архетипы. - <https://spb.hse.ru/ixtati/news/335758906.html>

DOI 10.24412/3007-8946-2025-312-61-64

А.БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ЕТІСТІК СӨЗ ТАБЫН ЖІКТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

НҮРСЕРІК ГҮЛДӘРИЯ

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

ЧАЛТИКЕНОВА Л. А.

Ғылыми жетекші:

филология ғылымдарының кандидаты

Талдықорған қ. Қазақстан

***Түйін:** Мақалада А.Байтұрсыновтың етістік сөз табын жіктеу ерекшеліктері туралы айтылады. Ғалымның сөз табын зеріттеуі, етістікті түрлі категорияға бөліп қарастыруы сөз болады. Оған қоса өзгеде ғалымдардың етістікті зеріттеуімен салыстырылады.*

***Кілт сөздер:** ғалымдар, морфология, сөз табы, етістік, есімше, көсемше*

Заманында «ұлттың ар-ожданы» атанған Ахмет Байтұрсынұлының тіл туын көкке көтеріп, оның бекем тұғырына айналуы кездейсоқ емес еді. Қазақ балаларының көзі ашық, сауатты азамат болып шығуына септігін тигізген. Ұлт мүддесін көздеген қоғамдық-саяси жұмыстарға араласты. Қазақ тіл біліміне өлшеусіз үлес қосты. Қазақ тілін дамытып, аяққа нық тұрғызғандардың бірі осы Ахмет Байтұрсынұлы еді.

Қазақ тілін, оның ішінде морфология мәселесін сөз еткенде, біз аса көрнекті тілші Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерін айналып өте алмайтынымыз ақиқат. Сол себепті қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ретіндегі, әсіресе, морфология саласындағы оның ұшан-теңіз істерін таратып талдау және игеру біздің мойнымызда. Өйткені қазақ тіл білімінің мазмұны мен міндеттерін тұңғыш рет ғалым өз еңбектерінде аса бір білгірлікпен баяндаған. Сол еңбектерге үнілген сайын морфологияны жасаудағы оның көрегендігі мен тапқырлығына, білгірлігі мен біліміне тәнті болып отырсыз. Оның еңбектері, әсіресе, морфология саласындағы зерттеулері өзге ғалымдардың зеріттеулеріне негіз бола білді. Морфология саласындағы терминдерді алғаш қолданған да осы Ахмет Байтұрсынұлы еді. Ғалымның еңбегі басқа ғалымдардың зерттеуіне негіз болды. Морфология саласын тұңғыш зерттеуші ғалым сөздерді мағынасына қарай тоғыз топқа бөлген. Оған дәлел, 1914 жылы Орынбор баспасынан шыққан Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл- құрал» атты оқулығында қазақ тіліндегі сөздер атауыш сөздер, шылау сөздер деп екі топқа бөлініп, атауыш сөздерге зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік деп аталатын бес сөз табын атаған [1]. Ал шылау сөздерге үстеу, демеу, жалғаулық, одағай деп аталатын сөздерді жатқызған. Осы құралдың 1915 жылғы басылымында ол сөздерді бұл көрсетілгендей екі топқа бөлмей, сөйлеу бөлімдері деген бір топтың ішіне ендіріп қарастырған.

Енді біз, морфология бөліміндегі сол, тоғыз сөз табының бірі етістікке тоқталсақ. Етістіктің сөз табы ретіндегі қалыптасу тарихында кейінгі іргелі зерттеулерге негіз болған А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, Ы. Маманов, А.Ысқақов т.б. ғалымдардың еңбектерінің маңызы зор. Етістік-ең күрделі сөз табының бірі. Етістік заттың іс-әрекетін, қимылын білдіреді. Сұрақтары: Не істеді? Не қылды? Қайтті? Ал, Ахмет Байтұрсынұлы «Тіл тағылымы» атты еңбегінде, етістікке мынандай анықтама береді «Етістік дегеніміз-заттардың еткен-етпеген істерін көрсететін сөздер. Етістік сөздердің сұрауы: не етпек? Не істемек? Не қылмақ? Не болмақ? Етістіктің жалпы сұрауы: не етпек?». Байқағанымыздай ғалым негізін қалаған ереже түпкі ой-мақсатын жоймағанымен, араға жылдар салып, өзгеріске ұшыраған. Ахмет Байтұрсынұлының осы еңбегінде етістік болған-болмаған екі түрлі істі көрсеткендіктен екіге бөлінеді: 1) болымды, 2) болымсыз. Мұнан басқа етістіктің өзгеше екі түрі бар: 1) көсемше 2) есімше. Ғалым етістікте он түрлі етіс бар деп көрсетеді [1].

Етістіктің лексика-грамматикалық категорияларының ішінде етіс категориясы қимылдың, іс-әрекеттің нысан мен субъекті арасындағы қатынасын түрліше білдіруімен ерекшеленеді. Ахмеди Ысқақовтың зерттеуіне сүйенсек «етіс категориясы деп амалдың (істің) субъекті мен объектіге қатысын, сондай-ақ, керісінше, субъекті мен объектінің амалға (іске) қатысын білдіретін формалардың жүйесін атаймыз. Етістер жұрнақтарының түрлеріне, олардың мағыналары мен қызметтеріне қарай, төмендегідей бес түрге бөлінеді: 1) негізгі етіс, 2) ортақ етіс, 3) өзгелік етіс, 4) ырықсыз етіс, 5) өздік етіс». Ал, Ыбырайым Мамановтың пайымдауынша, «етіс категориясы – түбір етістіктен туатын грамматикалық форма. Яғни, етіс формалары өзі жасалған түбір етістікпен коррелятивті түрде өмір сүретін және екеуінің лексикалық мағынасы бір болып келетін етістіктер». Қазақ тілінде етістер төрт түрге бөлінеді: 1) өздік етіс; 2) өзгелік етіс; 3) ортақ етіс; 4) ырықсыз етіс.

Етістік сөйлемде іс-қимылды білдіріп қана қоймайды, сонымен бірге іс-қимылды орындаушының іс-қимылға байланысты ой-пікірін, қатынасын, көзқарасын да білдіреді. Бұндай белгілі бір грамматикалық тұлғаларды *етістіктің райлары* деп атайды. Қазақ тіліндегі рай түрлері сан жағынан түрліше топтастырылады. Мәселен, Н.Сауранбаев *ашық рай, бұйрық рай, қалау рай, тұйық рай, шартты рай* тәрізді 5 түрін [2], Ы.Маманов *ашық рай, қалау рай, бұйрық рай, шартты рай, шарттылық рай және өкініш рай* тәрізді 6 түрін, А. Ысқақов, Н. Оралбай *ашық рай, бұйрық рай, қалау рай, шартты рай* тәрізді 4 түрін бөліп көрсетеді [3]. Қазіргі тіл жүйесінде етістіктің райлары сан жағынан ықшамдалып, төрт түрге бөлініп қарастырылады. Олар: *ашық рай, бұйрық рай, қалау рай және шартты рай*. Олардың әрқайсысының жасалу жолы, грамматикалық тұлғасы, өзіндік ерекшеліктері ғылыми негізде анықталған. Ал, Ахмет Байтұрсынұлы етістік райларының 14 түрі бар екендігін айтады.

Есімше, көсемше етістіктің ерекше түрлері болып саналады.

Есімше – морфологиялық тұлғалануы мен синтаксистік қызметі жағынан өзіндік ерекшеліктері бар, етістіктің есім сөздерге де, етістікке де ұқсас ерекше түрі. Ол есім сөздер сияқты септеліп, көптеліп, тәуелденсе, етістіктер сияқты жіктеледі. Сондай-ақ сөйлемде есім сөздер сияқты анықтауыш, етістіктер сияқты баяндауыш қызметінде қолданылады. Есімше етістік түбіріне мынадай жұрнақтардың жалғануы арқылы жасалады: -ған, -ген, -қан, -кен, -ар, -ер, -р, -атын, -етін, -йтын, -йтін, -мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек. Мысалы: баратын, келмейтін, барар, келер, жазбақ, көрмек, айтпақ. А.Ысқақов есімшені *өткен шақ есімше, осы шақ есімше, келер шақ есімше* деп үш салаға бөлген. Ал, Ы.Маманов болса, есімшені мағынасына және тұлғасына қарай *өткен шақ есімше, дағдылы есімше, болжалды есімше, ниет есімше* және *осы шақ есімше* деп 5 түрге бөлген[5].

Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл тағылымы» еңбегінде: «Есімше дейміз – есім сияқты айтылатын етістіктің түрін, мәселен, айтушы адам, шабатын ат, жазған хат дегенде «айтушы», «шабатын», «жазған» деген сөздер есімше болады. Есім сияқты дейтініміз: сын есімше «қандай?» деп сұраймыз.

Есімше үш түрлі: 1) Осы шақтық, 2) Өткен шақтық, 3) Ұйғарынды.

Осы шақтық есімше дейміз-шақта істеп тұрғанды көрсеткенде, мәселен, өлең айтушы, бие сауушы, құдық қазушы, деген сияқты сөздер.

Өткен шақтық есімше дейміз – бұрын істелген істі көрсететін іс түрін. Мәселен, өлең айтқан, бие сауған, құдық қазған дегендегі «айтқан», «сауған», «қазған» деген сияқты сөздер өткен шақтық есімше болады.

Ұйғарынды – есімше дейміз істеуге ұйғарылған істі көрсету үшін айтылатын сөз түрін. Мәселен, жазатын хат, сөйлейтін сөз, көретін көз дегендегі «жазатын», «сөйлейтін», «көретін» деген сияқты сөздер ұйғарынды есімше болады.

Есімшеге есімдер сияқты жалғаулар да, етістіктер сияқты жіктеулер де жалғанады. Жіктегенде де есімдерше жіктеледі» [1].

Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл тағылымы» еңбегінде, іс-әрекеттің, қимылдың амалын, себебін, жай-күйін сипаттайтын жанама қимыл көсемше арқылы беріледі. Қазақ тілінде көсемшелер мағынасы мен қызметіне қарай түрліше топтастырылады. Ы. Маманов оларды

мағынасы мен сыртқы тұлғасына қарай *өткен шақ көсемше, келер шақ көсемше, мақсатты көсемше*, Н. Сауранбаев *үнемді көсемше, үнемсіз көсемше, мақсатты көсемше*, А. Ысқақов *өткен шақ көсемше, осы шақ көсемше және келер шақ көсемше* деп бөледі[4]. Көсемше –ып, -іп-п,-а-е-й, -ғалы-гелі, -қалы-келі, -ғанша-генше,-қанша-кенше,-майынша-мейінше,-байынша-бейінше,-пайынша-пейінше жұрнақтары арқылы жасалады.

А.Байтұрсынұлының «Тіл тағылымы» еңбегінде: «Көсемше дейміз – екі етістік қосарынан сөйленгенде, алдында айтылатын етістіктің қысқа түрін. Мәселен, жаза бер, қарап тұр, жүріп келді дегенде алдыңғы сөздер көсемше етістік болады.

Көсемше үш түрлі: 1) үнемді, 2) үнемсіз, 3) ниетті.

Үнемді көсемше – созымды істі көрсету үшін айтылады. Мәселен, айта бердім, айта бердің, айта берді.

Үнемсіз көсемше – созымсыз, бірден бітетін істі көрсету үшін айтылады. Мәселен, айтып бердім, айтып бердің, айтып берді.

Ниетті көсемше – істеуге ниеттеніп тұрғанды көрсететін сөз түрі. Мәселен, барғалы тұрмын, барғалы тұрсың, барғалы тұр».

Міне, осы түйіндеулер қазақ тілін оқытудың тұғырнамалық негізі етіп алынған. Әрі олар қай сыныпта, қай саланы оқыту кезінде де ескерілуге тиіс. Сондықтан морфологияны оқыту, соның ішінде көсемшені оқыту етістік тарауын өткенде осыған сәйкестендіріле отырып анықталады. Жаңа бағдарламаға сәйкес морфологияның ғылыми негіздері 6 және 7 – сыныптарға бөлініп берілген. 6-сыныпта сөздің түрлері мен сөз құрамы жайында мағлұмат берілгеннен кейін сөз таптары оқытылғанда етістік, оның түрлері және категориялары туралы тақырыптар оқытылады. Мұнда етістікті мағыналық жағынан қарастырса, ал 7- сыныпта оның түрлену жүйесі, сөйлемдегі синтаксистік қызметі туралы білім беріледі. Сонымен 6- 7- сыныпта морфология тарауы бойынша білім берудің мақсаты – оқушыларға морфологияның үлкен бір күрделі де өте жиі қолданылатын саласы – етістік екенін, оның орны мен рөлін таныту, оның қазақ тіліндегі алатын орнын, етістіктің жасалу жолдарын, жіктелу ерекшелігін, сөйлемдегі қызметін айыруды үйрету және осы білімді оқушылардың қарым-қатынас қабілеті мен сөйлеу мәдениетін қалыптастырудың негізі ретінде игерту.

Кез келген грамматикалық ереже тек білім қоры қалпында қалмай, баланың өмірлік танымының, айналамен тіл табысуының басты базасына айналуы қажет екендігін көрсетеді. Тіл арқылы баланың логикалық ой жүйесін дамытудың жолдарын белгілеудің маңызын айқындайды. Тілдің ғылыми негізін меңгерту оның қоғамдық-әлеуметтік мәнімен, рухани құндылығымен қоса берілгенде ғана жас ұрпақ бойында пәнге деген шынайы құрмет сезімін тәрбиелеуге болатыны бағамдалған. Өз ана тілінің даралық ерекшеліктеріне көз жеткізу ғана тілдің эстетикалық талғамын арттыруға негіз қалайтыны дәйектелді. Тілдің адам болмысымен байланысы, санаға қатыстылығы туралы тұжырымдардың білім жүйесінен орын алуы – коммуникативтік біліктілікті қалыптастырудың тетігі.

Оқушылардың қазақ тіліне қызығушылығын тудырудың, саналы түрде түсінуін қалыптастырудың тағы бір жолы – тілдік терминдердің мағынасын аша отырып оқыту. Әуелде мұғалімнің басшылығы мен жүргізілетін мұндай жұмыс бірте – бірте тілдік ұғымдарды оқушылар өз бетімен тануына алып келеді. Сөзжасамдық, морфологиялық тақырыптардың қай-қайсысы да бұлай оқытуға әбден қолайлы. Мысалы, түбір, қосымша, дара сөз, күрделі сөз, біріккен сөз, қос сөз, шылау, қысқарған сөз, негізгі, көмекші, одағай сөздері, сөз таптары, зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, есімше, көсемше, үстеу, еліктеу сөз деген терминдердің қай-қайсысының да мағынасы өзі білдіретін грамматикалық ұғымының табиғатын, даралық сипатын айқындап тұрған жоқ па? Олай болса, оқушы үшін оның қызықтылық қасиетінің өзі де осы байланыстылықтан өрбитіні анық. Тек оны тиянақты меңгерту үшін сөз төркінін тани білуге үйрету басты шарт болып табылады. Мысалы, етістіктің көсемше категориясын оқытқанда “көсемше” сөзін А.Байтұрсынұлы енгізгенін, көсем тәрізді үнемі алдыда тұрады дегенді білдіреді, есімше заттанғандықтан түбірі есім деген

сөзден туған дегенді айта кету оқушылардың тақырыпқа деген қызығушылықтарын арттыра түседі.

Міне, А. Байтұрсынұлы мен өзге ғалымдардың қазақ тіл біліміне қосқан үлесі орасан зор екендігіне тағы бір мәрте көз жеткіздік. Әсіресе, А. Байтұрсынұлының еңбегі ұшан-теңіз. Себебі, қазақ тіл білімінің негізін қалап, келер ұрпаққа өшпес із қалдырған осы, Ахаң еді. Ғалымның тіл білімі саласындағы еңбектерін саралау, жүйелеу, оларға тарихи тұрғыдан баға беру тілші ғалымдардың еншісіндегі-зор жауапкершілігі бар іс. Ал, оны әріқарай дамытып, ғұмырын ұзақ ету әрбір адамзаттың міндеті. А. Байтұрсынұлының «Тіл-құралы» мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының іргетасы болып қаланды. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихымызда, ғалымның «Оқу құралы» мен «Тіл құралдарының» орны айрықша. Ахмет Байтұрсынұлы- тіл білімінің негізін қалаушы өшпес жұлдызы.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. А.Байтұрсынұлы «Тіл тағылымы» - Алматы, «Ана тілі», 1992
2. Академик Н.Сауранбаевтың еңбектері 2-том Алматы, 2008
3. Н. Оралбай «Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы» - Алматы, 2007
4. А. Ысқақов «Қазіргі қазақ тілі» - Алматы, «Ана тілі», 1991
5. Ы. Маманов «Қазақ тіл білімінің мәселелері» - Алматы, 2014

DOI 10.24412/3007-8946-2025-312-65-71

УДК 82.09; 82-3; 37.01.01; 37.091.2

АЛЕАТОРИКА ЖӘНЕ ОНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢ ПРОЗАСЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ

ҚАЙРУЛЛАЕВ НҰРТІЛЕК ЖАРҚЫНҰЛЫ

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің магистранты
Орал, Қазақстан

СУЛТАНГАЛИЕВА РИТА БЕКЖАНҚЫЗЫ

М. Өтемісов атындағы БҚМУ қауымдастырылған профессоры (доцент), филология
ғылымдарының кандидаты.
Орал, Қазақстан

***Аңдатпа.** Мақалада тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасындағы постмодернистік эстетиканың ажырамас бөлігі ретінде алеаторика құбылысы қарастырылады. Зерттеу барысында кездейсоқтық, экспромт және бейсаналы құрылым элементтерінің шығармашылық үдерістегі орны талданады. Дидар Амантай, Асқар Алтай, Аягүл Мантай, Арман Әділбек, Бақытбек Қадыр, Есбол Нұрахмет, Мерей Қосын шығармаларындағы алеаторикалық тәсілдердің көріністері анықталады. Авторлардың дәстүрлі сюжеттік желіден бас тартып, мәтін құрудағы жаңа эксперименттік тәсілдерді қолдануы, оқырман мен шығарманың өзара әрекеттестігіне ықпалы сарапталады. Зерттеудің ғылыми және практикалық маңыздылығы – қазақ әдебиетіндегі жаңа көркемдік әдістерді жүйелеу, олардың поэтикалық ерекшеліктерін анықтау және жоғары оқу орындарында әдебиеттану пәндерінде қолдану мүмкіндіктерімен айқындалады.*

***Кілт сөздер.** Проза, постмодернизм, сюжет, алеаторика, экспромт, интермәтін, эксперимент*

Кіріспе. Алеаторика ХХ ғасырдың ірі композиторларының шығарманы орындау мен қабылдаудың жеделдігін арттыру мақсатында шығарманың мәтіні мен құрылымындағы кездейсоқтықтың элементіне мүмкіндік беретін шығарма әдісі ретінде қызығушылық тудырды. Әдебиеттегі алеаторика көріністерін анықтау үшін, әрине, бастапқы пайда болған өнер түрі музыкадағы алеаторикаға берілген анықтамаларға сүйенеміз. Алеаториканың бастапқы пайда болған кезіндегі жазылған композициялардың тұтастығы немесе оның жеке элементтерінің арасындағы контурларының жойылуы композицияның берер әсерін едәуір жандандырады және экспрессивтіліктің жаңа құралдарын қолдануға, сондай-ақ әр жағдайда әртүрлі формаларды іздеп, эксперимент жасауға жағдай туғызады. Мәтіннің ұтқырлығы авторға өзінің көркемдік талғамы мен тәжірибесіне сүйене отырып, шығарма арқылы өзінің жеткізгісі келген түсіндірмесін ұсынуға мүмкіндік береді.

Алеаторика өзі пайда болған уақыттан бастап тек қана эволюциялық түрде дамып, өзінің өсу жолын салып келеді. Өйткені өнердегі кездейсоқтық бастапқыда мифологиялық ойлау жүйесінде ғылыми және философиялық синтез түрінде кездесіп, алғаш көрініс таба бастаған болатын. Алеаторика өткен ғасырдың 50-жылдары авангардтың екінші толқынының шарықтау шегіне жеткен шағында қарқынды ізденістер мен өнертабыстар ойлап табылып, қолданысқа ене бастаған дәуірде эстетикалық парадигмалардың өзгеруі мен өнер салаларындағы жаңа бағыттардың пайда болған тұсында дамыды. Өнер тарихындағы бетбұрыс кезеңі толықтай өзге өнер түрлерінің және оны зерттеу әдістерінің пайда болуымен, осы кезеңге дейін қалыптасқан жүйені түбегейлі қайта қалыптастыруымен, өнердегі негізгі ұғымдарды қайта қарастырумен, өнерді тұтастай қабылдаумен және жаңа көркемдік арналардың ашылуымен байланысты болды. Композицияның алеаторлық принципі авторды шығарманың жасалу

үдерісінде бірқатар әрекеттерден босатады, жалпы материал ішіндегі өзгерістерді бақылауға мүмкіндік береді.

Алеаторика алғаш пайда болған бағыт музыкада үнемі жеке және типтік, ішінара және жалпы, кездейсоқ және заңды, шартты тұжырымдамалар араласып келіп отырды. Постмодернизмдегі кейіпкерлер, яғни постадам тұлғасының дамуын немесе кері кетуін зерттеу маңызды саналған кезеңде өткенді қайта бағалаудың тұрақсыз салаларындағы іргелі көркемдік принциптерді қайта қарастыру және жаңасын эксперименттік іздеу маңызды болды.

Осы тәжірибелер нәтижесінде анықталған принциптер мен даму жолдарын қалыптастыру нәтижесінде алеаторикаға деген сұраныс күшейе түсті [1, 65-б.].

И. Сниткова XX ғасырдың екінші жартысында өнердің ерекше түрі - «идеяларды жолдау өнері» қалыптасып келе жатқандығы туралы жазады, онда «композицияның өзі белгілі бір концептің қасиеттеріне ие бола отырып, мәртебесін өзгертуге бейім бола бастады деп жазды. Бұл қалыптасып келе жатқан бағыт – алеаторика болатын» [2, 160-б.].

Жинақталған жалпы алеаторика туралы теориялық ақпараттарға сүйенсек, алеаториканың әдебиетте кездесуі жиі ұшыраса беретін құбылыс деп айта алмаймыз. Алеаториканың әдебиеттегі көріністерін қарастыру, анықтау үшін ең алдымен музыкадағы, драма өнеріндегі, кинодағы, кескін өнеріндегі ерекшеліктерін жеке-жеке саралап қарастыру қажет.

Постмодернизм пайда болғаннан бері қоғамдық өмір мен мәдениетте философияның постклассикалық емес түрін сипаттау үшін де, өнердегі стильдер кешені үшін де қолданылып келеді. Қазіргі таңда әлем мәдениетінде постмодернизмнен тараған ағым бағыттардың үлгісінде жазылған көптеген өнер туындылары әр өнер саласында өзіндік орнын алып тұр. Алеаторика мен хэппенинг те постмодернизмдегі тұлға көрінісін ашуға және дүние ахуалдарының адамға беретін әсерін көрсетудің ерекше парадигмалық үлгісіне айналып үлгерді.

Көптеген ғалымдардың пікірінше, алеаторикадағы негізгі уақыт ағымы, тарихи мотив секілді ұғымдар постадам болмысының мәнін қалыптастыру құралдары ретінде адам еркіндігінің деңгейін көрсету үшін қызмет атқарады. Алғаш пайда болған адамдардың өмір сүрген кезеңінен бастап қазіргі шығармаларда кездесетін кейіпкерлердің өмір сүріп жатқан уақыты мен кеңістігіне деген көңілі толмаушылығының себебін анықтаушы рөлін атқарып келеді.

Постмодернизмдегі алеаторикада да, хэппенинг тенденциясында да жазылған шығармалар, салынған суреттер, жалпы өнер туындылары осы күнге дейін әр түрлі деңгейде қабылданып, өнер түрлерінің көркем үлгісіне айналып үлгерді. Постмодернизмдегі «постадам» ұғымы, адамдардың постадамға айналу парадигмасы постмодернизмнен тараған тенденцияларда өз алдына ерекше ашыла түседі. Алеаториканың осындай ерекшеліктеріне сүйенген, алеаториканың негізгі идеялары мен принциптері қолданылған әдеби шығармалар қазақ әдебиетінде де кездеседі. Оның үстіне, полисемантика, полистилистика әдебиетке енген заманда шығарманы толықтай алеаторикалық немесе хэппенинг тенденциясында жазылған шығарма деп қарамай, кез-келген бағытта жазылған шығармадан алеаторика элементтерін, детальдық ерекшеліктерінің көрініс табуын кездестуіміз әбден мүмкін.

Негізгі бөлім. Осы мәселелерді қарастыра отырып, осы бағытта қалам тербеп жүрген, бірқатар авторлардың шығармашылығына талдау жасалды. Мәселен, Арман Әділбектің «Жоғалған бөлмелер» әңгімесінде, бас кейіпкердің өз өлімін сезінуі. Әңгіме басында кейіпкер оянып, өзінің өлі екенін сезеді: «Ол таңертең ояна сала өзінің өліп қалғанын сезді, өйткені кірпіктерін аша алмады, қыбыр етер әл жоқ...» [3].

Бұл — рационалды логикаға бағынбайтын, күтпеген құбылыс. Автор өлімді физиологиялық емес, субъективті түйсік арқылы көрсетеді. Әдетте, адам өлімді сырттан бақылайды немесе басқа кейіпкерлер арқылы таниды, ал бұл жерде өлім сана-сезім арқылы беріледі.

Әке-шешесінің оның өлімін салқын қабылдауы, адам өліміне байланысты кәдімгі эмоционалды реакциялар мүлдем жоқ: «Туыс-туғандар да себебін сұрайды ғой, иә, тексеріңіздер», – деді үмітті пейілін жасырмай. [3].

Бұл жерде өлім кездейсоқ, маңызсыз құбылыс ретінде суреттеледі. Яғни, өмір мен өлімнің шекарасы бұлыңғыр. Мұндай салқынқанды реакция әдеттегі әдеби нормаларға қайшы келеді, бұл да алеаторикалық тәсілдің белгісі.

Өлген адамның тірі болуы мүмкін деген ой, мәйітті тексерген жедел жәрдем дәрігерінің сөзі: «Иә, өлген секілді, бірақ бақылау керек, кейбіреулер тіріліп кететіні бар...» [3].

Бұл реплика өмір мен өлімнің арасы тұрақсыз екенін, тіпті кейде керісінше болуы мүмкін екенін көрсетеді. Бұл да алеаторикалық тәсілге тән ерекшелік.

Бақытбек Қадырдың «Жасыл шатырлар» әңгімесінде: «Кенет машинаның алдыңғы терезесіне, дәл төбеден әлдебір нәрсе бар салмағымен тарс етіп құлады. Машина терезесі күлпарша болды да, жаңбыр суы сар етіп ішке құйылды. ... Селк ете түсті. Шалажансар жатқан кәдімгі адам. Капоттың үстіне етпетінен құлапты.» [4].

Бұл эпизодта басты кейіпкер Бектегін төбесінен адам құлап түскенде, ешқандай логикалық түсіндірме жоқ. Постмодернизмнің алеаторика тәсілі осындай күтпеген, түсініксіз оқиғалар арқылы жасалады. Бұл жерде адамның аспаннан түсуі кездейсоқтықтың шырқау шегі.

Енді бір үзінді де: «Көше шырағы бұлыңғыр ғана түсіп тұрған, бажайлап қараса, кәдімгі аспаннан адам жауып тұр.» [4].

Адамдардың жаңбыр секілді жаууы – ешқандай ғылыми немесе реалистік негізі жоқ, бірақ постмодернистік кездейсоқтыққа құрылған көрініс. Оқиға барысы әдеттегі шынайы әлем заңдылықтарына бағынбай, иррационалды сипат алады.

Есбол Нұрахметтің «Табақ бет, таңқы танау» әңгімесіндегі алеаторика элементі оқиғаны ерекше құбылтып тұр. Мысалы, уақыттың тоқтап қалуы: «Маңдай алдымда тұрған қабырға сағат төрт жарымды көрсетіп қатып қалған... Сағатыма қарадым, таңғы төрт жарымды көрсетіп тұр. Телефоныма қарадым, ол да солай.» [5, 81-82-б.].

Бұл жерде уақыттың үзіліп, статикалық жағдайға түсуі кездейсоқтық әсерін береді. Әдетте, реалистік шығармаларда уақыт желісі бірқалыпты болса, мұнда ол күтпеген жерден бұзылып, кейіпкерді абдыратады.

Аялдамадағы қарт кісінің пайда болуы: «Аялдамада бойы ортадан төмен, ықшам денелі, мектеп оқушысының киімін киіп, кішкентай сөмке асынған, көзінің асты мен екі езуі сәл дүрдііп, салбыраған, таңқы танау, табақ бет сары шал тұрды.» [5, 82-б.].

Бұл жерде кездейсоқтықтың сюжеттік деңгейі күшейеді: бала киіміндегі кәрі адам, оның сәл таныс көрінуі, бірақ белгісіз болуы – барлығы да абсурдты жағдай тудырады.

Автобустың ішіндегі абсурдтық жағдай: «Автобус толы таңқы танау, табақ бет шалдар мен тура сол бет-пішіндегі кемпірлер.» [5, 83-б.].

Бірдей кейіпкерлердің көбеюі, олардың жаппай қайталануы кездейсоқтық пен сюрреалистік атмосфераны күшейтеді.

Асқар Алтай “Салқын ұрған жапырақтарында», Мәуліканның Талжанның үйіне кіргісі келмеуі – жеке таңдауы болғанымен, оны осындай шешімге жетелеген тереңде жатқан дәстүр, ұрпақтық ұстаным. Бірақ тағдыр күтпеген жерден оны басқаша соқпаққа түсіреді.

Әйгерімнің әкесінің кім екені белгілі болған сәт – таза алеаторикалық сәт. Мәуліқан кездейсоқ фотодан туған ағасын көріп, шындықты біледі. Бұл тағдырдың ойыны, яғни алдын ала жоспарланбаған оқиға сюжеттің түйініне айналады.

Мысалы: Аман-саулықтан кейін ол ас қамына кіріскен де, Әйгерім болмай ауылдан алып келген сурет толы альбомды бұл аударып отырған. Көз алдынан таныс бейне жарқ еткенде, төбесінен жай түскендей есеңгіреп қалғаны да сол [6, 183-б.]. Егер Мәуліқан әлгі альбомды қарамаса, ол ешқашан бұл шындықты білмес еді. Бұл – әдебиетте «кездейсоқтық эффектісі» деп аталатын әдістің мысалы.

Бұл бағытты зерттеушілер пікірінше: Қандай жағдай болмасын сәттілік кездейсоқ жағдайлардың алдын ала алмайды және жоя алмайды. Бұл тұжырымдаманы Дидар Амантайдың «Ібіліспен сүйісу» повесіндегі үзінділер арқылы дәйектей түсуге болады. Композициялық құрылымы жағынан оқиға баяндалуының реттілігі кездейсоқ құрылған. Одан бөлек шығарма мазмұнындағы кездесетін кездейсоқ оқиғалар адамның кез келген ахуалдар әлеміндегі ойыншы екендігін тұжырымдайды. Автор кейіпкерді қайырымсыз құрылымдар құрсауынан алып шыққысы келгендей әсер тудырғанымен, адам тағдырында кездескен жағдайлардың ағынына ілесіп кететіндігін бірнеше мәрте дәлелденеді.

Мысалы, «Рефери саусақтарын бүге бастапты, Гүлбану – берекесі қашқан тірлігімнің салдары ма, әлде қиюын ашқан себебіне айналды ма. Оны жоғалтқан өмірімнің жоғалуына әсерін тигізді ме, Темірлан ұрысқа дайын тұрды. Әзірше жоламай майдан салған абұйыр. Айтбай оның байыптауын таныған секілді, боксты қыздыруға күшін салып бақты, ара қашықтық қысқарған тұста ол көкіректі ойып жіберер соққыны тастады. Темірлан кеудесінің жанып түскенін аңғарды, шапшаң оң қанатына қарай жылжуға көшті. Сөйтіп рингті айнала жүгірді. Өзіне-өзі келіп алғанша шаршы алаңды жиегін бойлап жағалап, қақпанға тұзақталған ызалы көкжал қасқырдай аласұрған» деген жолдар кездеседі. [7, 129-130-б.]. Темірлан мәңгілік шындықты табуда, адал көңілдің жолында қаза болды. Оған итермелеген тіршіліктегі бейрекетсіздік емес, бұған тіпті жарының еш қатысы жоқ. Бас кейіпкеріміз шексіз сатқындықтың құрбанына айналды, ал өмір біз ойлағаннан да әлдеқайда күрделі. Бұл мысалдарды зерттеуші Анри Пуссердің пікірі арқылы бекітуге болады. Ол автор жасаған тәртіп пен тыңдаушы қабылдаған тәртіп арасындағы айырмашылықты дәл сипаттады: «дәл осы жерде автор тарапынан ең абстрактілі конструкциялар қолданылған жерде, шығармадағы еркін ойындардың нәтижелерінде оқырманда оқиғаның соңын өздігінен іздеу сезімі пайда болады» деген тұжырым қалдырған [8, 93-б.].

XX ғасырда шығарма концепциясының бірегейлігі, орындаушылардың композициясы, дыбыстық материалы, жазу техникасы, формасының бір нақты шығармада ғана емес, оның әрбір шығармада көрініс табуының белгілі бір қалыпты жағдайы болды. Шығарма оқиғаларындағы байланыстардың икемділігі және оған алеаториканы енгізу кезінде пайда болатын жұмыстың сыртқы түрінің өзгергіштігі қазіргі дәуірдің сипатына, оның өзгеру жылдамдығына және қарама-қарсы құбылыстардың шиеленісті «полифониясына» сәйкес келеді.

Осы тұста әдебиеттегі «түс көру» мәселесін толықтай алеаторикаға жатқызуға негіз бар. Берілген теориялық негіздерге сүйеніп қарасақ, «түс көру» мәселесі кей авторлар шығармаларында уақытша адамды ақиқат өмірден бір сәтке адамды өзге әлемге, өзге уақытқа алып кетумен сәйкес келеді. Постадам дүние қысымынан баз кешкен, құсаулар әлемінде жүрген, жалған мен шарасыздық ортасындағы адам екені белгілі. Салыстырмалы түрде «түс көру» адам өмірін белгілі бір уақыт аралығында жеңілдетуші қызметін атқарады. Дегенмен, алеаторика техникасының ерекшеліктеріне сүйене отырып қарастырсақ, автор кейіпкерді қанша жерден құтқаруға әрекет жасағанмен, ұйқыдан ояңған адам көрген түсі аяқталғанда «қайырымсыз құрылымдар құрсауына» қайта оралып отыратындығы дәйектеліп отырады.

Мысал ретінде Мерей Қосынның «Буве нүктесі. Нерд» әңгімесіндегі сюжеттерге назар аударайық. «1-Түс. Ол басқа жерде. Өзі білетін алты материктің ешқайсысына ұқсата алмады. Аяғының асты тастақты қоңырқай жер, артына қараса мұзды, қар басқан тік жартастар көрінеді, алдына қараса шексіз алып жатқан су, көз жетпейтін кеңістік. Әдетте көзінен басқа бүкіл жүзін жауып тұратын орамалы ашық қалғандықтан салқын, тап-таза ауаны емін-еркін жұтты. Алдына қарай адымдай бергенде алысырақ тұрған белгісіз бір жігітті көрді. Оның алдына сондай көрікті адам тұрды. Ол өзінің кір басқан, ескірген көйлегінен ыңғайсызданып алдыға қарай қозғала алмады.

Оянып кетті. Көзін ашқанда жайылып жатқан көңілсіз, жұпыны тіршілікке ызасы келді. Кеудесінде түсінен қалған сезімі бойын жылыта берді, бірақ ешнәрсе есінде жоқ еді. Тек белгісіз бір адам оны түсінде шақырып тұратынын білетін.

2 – Түс. Ол тағы басқа жерде. Енді оның үстіндегі көйлегі ақшылдау және жарасымды болатын. Ол алдыға қарай адымдады. Белгісіз келбетті тұлға да оған жақындай түсті. Ол қатты таңғалып тұрды. Жігіт оның көйлегінің жеңі қызыл боп тұрғанын көріп, ақырын ұстап ашты. Оның жараланған шынтак жағынан аққан қанның киіміне жабысып қалғанын байқады да, қайта жапты. Қыздың көздерінде жігіттің жанашырлық мейірімге толы жүзі сақталып қалды.

Оянып кетті. Көзін ашқанда жайылып жатқан көңілсіз, жұпыны Тіршілікке ызасы келді. Кеудесінде түсінен қалған сезімі бойын жылыта берді, бірақ ешнәрсе есінде жоқ еді. Тек белгісіз бір адам оны түсінде шақырып тұратынын білетін. Кеше түндегі шуда жаралап алған шынтакындағы қан қатып қалған, ауырсынбайды да. Түсінде осы жарасын көрген сияқты болады, бұлыңғыр ойлардан елестете алмады» [9]. Мерей Қосынның бұл шығармасы техникалық жағынан да, мазмұн ерекшеліктері жағынан да кездейсоқтыққа толы. Дегенмен бастапқы нүктеге байлану, бастапқы нүктеге қайтып келу сынды оқиғалар орын алып жатады. Берілген мысалда қатар тұрған екі абзац алынған, бірақ мағыналық жағынан қарасақ, екі абзац шығарманың екі шетінен алынғандай ретсіздік есебінен де оқиға желісіне кездейсоқтық әкеледі. Екінші жағынан, ойлау процесінде автор, кейіпкер, оқырман арасында контрасттың, экспрессивтіліктің динамикалық дамуы, адресат пен адресант арасында жаңа мүмкіндіктерді ашты.

Мерей Қосынның «Нерд» атты тағы бір жаңашыл шығармасындағы алеаторикалық ерекшеліктерді қарастырып өтсек. Шығармада «Жарық сөніп қалды. Ол компьютер алдында отыра берді. Бес минуттай тыныштықта күтті, бірақ енді шыдамы таусыла бастады. Бөлмесінің есігін ақырын ашып көріп еді, үй ішіндегілер шам жағып алып, баяғыдай шуласып жүр. Ол бұл жарықтың өзіне пана болмайтынын біліп, есікті жауып тағы отыра берді. Бөлменің тас қараңғылығы мен тыныштығы оны қиялға батырды. «Адам ағзасының жаңа қуаты» ол бұл сөйлемді дауыстап қайталай берді. Өзінің іздеген «қуаты» арқылы болашақта адам баласының өлімсіз, аурусыз өмір сүретініне ол қатты сенетін.

Ол: Өлімсіз, аурусыз өмір, өлімсіз, аурусыз өмір тағы өлімсіз, аурусыз өмір «жаңа әлемді» тудырады.

Оның жаны терледі. Құлағына зарлы үн естіле бастады. Тас қараңғылық пен тыныштық оны жеп барады. Бірақ зарлы үн қаттырақ естіле бастады. Бұл дала желінің қамысты қуыстарға сығылып шыққан даусына ұқсайтын еді, ол байқамасада. Үй ішіндегі бөтендерден шыққан әлдебір түсініксіз музыка болар деп есікке жақындап көріп еді, ар жақтан тек шулаған адамдардың бытыпшытқан әңгімелері ғана естілді. Барған сайын зарлы үн оның терісінен ішіне қарай өтіп барады. Ол құлағын басып қуыс-қуысқа тығылып әлектенді, бірақ дауыс оны жұтып бара жатты. Жарық келуге асықпады. Ол бұл музыканы шексіз жек көріп кетті. Бұл дауыс бөтен емес екенін сезе бастады. Ол бөлменің қысымына шыдай алмады, есікті айқара етіп ашты да далаға қарай жүгірді. Баспалдақтардан аяғы көтеріліп ұшып келе жатқандай көрінеді. Ол дала ауасына кіріп кетті.

Қыстың қаңтар айы, бірақ сыртта жаңбыр жауып тұрды. Алматының ауа райы туралы ол ойланып көрмеген еді.

Оған көшедегі көліктердің дауысы, жаңбырдың дауысы ештеңе естілмеді. Ол құлағында зарлы үннің әлі сызданып тұрғанын байқады, бірақ сырттан емес, өзінің ішінен шығып жатқандай жақын еді. «Өлімнің зары» оны жұтып бара жатты. Оның жаны терледі, жаңбыр астында жүгіре берді» деген жолдарды алеаторика мысалы ретінде, алеаторикалық ерекшеліктерді қабылдап алған деталь ретінде қарастырсақ болады [10]. Бұл жердегі алеаториканың көрініс табуы көркемдік шабытпен тығыз байланысты композициялық процестің бір бөлігі ретінде беріліп тұр. Автордың мақсаты – постадамның дүние қысымынан құтылу мақсатындағы ойша жасаған талпыныстарын ашып көрсету, «мойынсұнушылыққа» әкеп соғатын нәтижесіздікті түсіндіру. Постадам бірбеткейліктен ада, шарасыздықты түсінеді, десе де «мәңгіліктен» үмітті.

Кездейсоқтықтар арқылы өзгеріп отыратын постадам бейнесін әдеби шығармада ашу сөздер мен кездейсоқ пайда болатын кейіпкерлер, кездейсоқ орын алатын оқиғалар есебінен

жүзеге асып отырады. Аягүл Мантайдың «Қарғыс» атты әңгімесінде «Мәскеуде күн ыстық еді. Саябақтағы субұрқақтың қасында аз аялдап, орманға қарай өттік. Орманда серуендеп жүрген адам көп екен.

Тоғанның жағасында отырайықшы, - деп Александра үйден алып шыққан кішкентай одеялды жерге төседі.

Тоғанда еркелей жүзіп жүрген үйректерге екеуміз нан беріп, олардың әрекетін бақылап, үнсіз отырдық. Мінезі тұйық Александрмен не жайлы сөйлесуге болатынын, оның жанына қандай тақырып жақын екенін ойладым.

–Ая, сен тағдыр дегенге сенесің бе? Жалпы тағдырды өзгертуге бола ма? – деп үнсіздікті Александра бұзды.

Маған Декарттың «тағдырды емес, өзін-өзі жеңуге талпыну керек» деген танымы жақын. Александра сұрақ қойған кезде есіме екі қолы жоқ бала түсті.

Бұрын Алматыда тұрған кезімде екі қолы жоқ баланы қатты аяйтынмын. Өзін бір-екі рет өзім тұратын көшеден көргем. Сол баланы есіме алатынмын да, жылай беретінмін. Кейін бұл оның тағдыры екенін, өмірмен күресіп жүрген оны аяуым, мүсіркеуім ештеңені шешпейтінін түсіндім. Қазір оны есіме алған кезде «Балапан, мен саған мәңгілік өмірдің игілігін тілеймін! Адамға қиыншылықпен бетпе-бет келу ғана емес, өлім де тән. Біз бәріміз Құдайға ораламыз. Сенің мәңгілік өмірде жақсы өмір сүретіңе сенем. Сен мықтысың!» деп онымен іштей сөйлесем» [11].Бұл үзіндіде бастапқы нүктеге қайта оралу орын алатындығы айқын. Шығарманың өн бойында ретсіздік бар. Кездейсоқтың шығарманың тек мазмұнына емес, сондай-ақ құрылымына да еніп кеткендігі байқалады. Кездейсоқтық элементіне айналған шығарма оқиғалары өз алдына ерекше болса, шығармадағы постадамдар бейнесі тіптен бөлек. Бұл шығармада үзіндісінің соңғы сөйлемдеріне назар аударсақ, постадам өмір иірімдерінен қашып, құтыла алмаған, мойынсұнған тұлғаға айналған. Нәтижесіне келсек, постадам бұл дүниеде жай ғана ойыншы, доп қай жаққа лақтырылса соған қарай ілесе кетеді деген тұжырым шығара аламыз.

Қорытынды. Алеаторика ХХ ғасыр өнерінде, әсіресе музыка мен әдебиетте, шығармашылықтың жаңа мүмкіндіктерін ашатын тәсіл ретінде қалыптасты. Ол кездейсоқтық пен күтпеген оқиғалар элементтерін енгізу арқылы өнер туындыларының құрылымы мен мазмұнын өзгертті. Алғашында музыкада дамып, кейіннен әдебиет пен басқа да өнер түрлеріне тараған бұл әдіс постмодернизм эстетикасының ажырамас бөлігіне айналды. Әдебиетте алеаторика сюжеттік күтпегендік пен абсурдтық элементтерді пайдалану арқылы оқырманды жаңа тәжірибеге жетеледі.

Алеаториканың әдебиеттегі рөлі авторға шығармашылық еркіндік беріп, кейіпкерлер мен оқиғалардың күтпеген бағыттарға өзгеруіне мүмкіндік жасайды. Бұл әдіс арқылы оқиға желісі дәстүрлі логикалық құрылымнан алшақтап, иррационалды, болжанбас сипатқа ие болады. Дидар Амантай, Асқар Алтай, Аягүл Мантай, Арман Әділбек, Бақытбек Қадыр, Есбол Нұрахмет, Мерей Қосын сынды авторлардың шығармаларында кездесетін алеаторикалық элементтер әдебиеттің шынайылық шекарасынан шығып, оқырманды жаңа қабылдау тәсілдеріне жетелейді.

Постмодернизм дәуірінде алеаториканың эстетикалық маңызы арта түсті. Бұл тәсіл мәдени плюрализмді, скептицизмді, тұтынушылық мәдениетті және өзгермелі дүниетанымды бейнелеудің бір құралына айналды. Постмодернистік шығармалардағы алеаторикалық әдістер оқырманға туындының бірнеше интерпретациясын ұсынуымен ерекшеленеді. Мұндай шығармалардағы тосын өзгерістер, кездейсоқтық элементтері оқырманның қабылдауын үнемі түрлендіріп, мәтінге жаңа мағыналық деңгейлер береді.

Алеаториканың көркемдік ерекшеліктері сюжеттік құрылымда айқын көрініс табады. Оқиғалардың алдын ала болжанбауы, кейіпкерлердің күтпеген шешімдері мен оқиғалардың иррационалды сипат алуы осы әдістің негізгі белгілерін айқындайды. Бұл тәсіл оқырманның шығарманы бір мағыналы түсінуін шектейді, керісінше, әр оқырман өз тәжірибесіне, ойлау жүйесіне байланысты әртүрлі мағынада қабылдай алады.

Жалпы, алеаторика әдебиет пен өнердегі шығармашылық еркіндіктің бір көрінісі ретінде орнығып, жаңа әдістер мен формаларды дамытуда маңызды рөл атқарды. Кездейсоқтық элементтері арқылы постмодернистік шығармалар жаңа қабылдау мүмкіндіктерін ұсынып, әдебиеттің экспрессивтілігін арттырды. Осы бағыттағы ізденістер әдебиетте жаңа ағымдар мен эстетикалық тәсілдердің дамуына ықпал ететіні сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Р.Б. Сұлтанғалиева, Ж.Ж. Харисова. Қазақ әдебиеттануының жаңа бағыттары (постмодернизм поэтикасы). Оқу құралы. – Алматы. «Қазақ кітабы» баспасы, 2024. – 224 бет.
2. Сниткова И. Музыка идей и идея музыки в русском музыкальном концептуализме // Музыкаведение к началу века: прошлое и настоящее. Материалы международной научной конференции 24-26 сентября 2002 года / отв. Ред. Т. И. Науменко. дМ.: РАМ им. Гнесиных, 2002. С. 158-168.
3. <https://malim.kz/article/adebiet/arman-adilbek-zogalgan-bolmeler-angime-27627>
4. <https://malim.kz/article/adebiet/baqytbek-qadyr-zasyl-satyrlar-angime-28541>
5. Дауыс. Әңгімелер антологиясы. Алматы: «Мазмұндама» қоғамдық қоры, 2022. – 192 б.
6. АЛТАЙ А.Қыр мен қала хикаялары. – Алматы, «Санат», 1998. 192 бет
7. Амантай Д. Күзгі рандеву. Роман, повестер, әңгімелер, – Астана. Елорда, 2004. – 200 б.
8. Pousseur H. The Question of Order in New Music [Text] // Perspectives of New Music. 1966. Nr 5(1). 174 p.
9. Қосын М. «Буве нүктесі. Нерд» «Тамыр» журналы, №43, қаңтар-шілде 2016 // <https://tamyr.org/?p=2702> Қаралған уақыты: 04.04.2021.
10. Қосын М. «Буве нүктесі. Нерд» // <https://massaget.kz/blogs/proza/23968/> қаралған уақыты: 12.04.2021.
11. Қосын М. «Буве нүктесі. Нерд» // <https://massaget.kz/blogs/proza/23968/> қаралған уақыты: 12.04.2021.

DOI 10.24412/3007-8946-2025-312-72-79

УДК 821.512.122-1-2

ҚАЗАҚ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНДЕГІ «ЖАҚСЫ» МЕН «ЖАМАН» КОНЦЕПТІСІ

САГНГАЛИЕВА АЙДАНА АРЫСТАНБЕКҚЫЗЫ

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің магистранты
Орал, Қазақстан

ХАСАНОВ ҒАБИТ ҚАЙЫРЖАНҰЛЫ

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің профессоры, ф.ғ.д.
Орал, Қазақстан

***Аңдатпа.** Бұл мақалада қазақ мақал-мәтелдеріндегі «жақсы» мен «жаман» концептілері талданады. Халық даналығының шағын жанры ретінде мақал-мәтелдерде «жақсы» ұғымы ізгі қасиеттер мен адамгершіліктің символы болса, «жаман» концептісі теріс мінез-құлықты бейнелейді. Мақалада «жақсы» мен «жаман» концептілерінің құрылымдық ерекшеліктері, тәрбиелік және әлеуметтік мәні қарастырылады. Сонымен қатар түркі халықтарының мақал-мәтелдеріндегі осы ұғымдардың ұқсастығы мен ерекшеліктері сараланады. Қазақ халқының дүниетанымы мен рухани мәдениетінде маңызды орын алатын бұл ұғымдар қарама-қарсылық принципіне негізделіп, тәрбиелік мән-мағынаға ие. Мақаланың мақсаты — мақал-мәтелдерде кездесетін «жақсы» мен «жаман» концептілерінің семантикалық ерекшеліктерін, көркемдік қолданысын және философиялық, әлеуметтік мәнін анықтау. Зерттеу барысында қазақ мақал-мәтелдеріндегі «жақсы» мен «жаман» ұғымдарының қолданылуы, олардың моральдық құндылықтарды қалыптастырудағы рөлі қарастырылды. Сондай-ақ, бұл концептілердің тәрбиелік ықпалы, әлеуметтік нормалар мен адамгершілік қағидаларды насихаттаудағы маңыздылығы айқындалды.*

***Түйін сөздер:** Қазақ фольклоры, мақал-мәтелдер, жақсы, жаман, концепт, тәрбиелік мән, семантика, көркемдік қолданыс, философия, әлеуметтік норма, моральдық қағидалар, дүниетаным.*

Кіріспе. Қазақ халқының ауыз әдебиеті — оның өмір тіршілігін, дүниетанымын, дәстүрлерін, моральдық құндылықтарын және қоғамдағы әлеуметтік қатынастарын көрсететін маңызды дереккөздерінің бірі. Мақал-мәтелдер, әсіресе, қазақтың халықтық философиясы мен моральдық ұстанымдарын түсінудің терең құралы болып табылады. Олар қысқа әрі нұсқа түрде, күнделікті өмірде қолдануға ыңғайлы тілмен жазылған, әрі қоғам мүшелерінің дұрыс немесе бұрыс, жақсы немесе жаман әрекеттерін бағалаудағы ой-пікірлерін білдіреді.

Қазақ мақал-мәтелдерінде «жақсы» мен «жаман» ұғымдары аса маңызды рөл атқарады. Олар тек тұлғалық қасиеттерді ғана емес, адам мен қоғамның арасындағы қарым-қатынасты, моральдық нормаларды, өмірлік мақсаттарды көрсетеді. «Жақсы» дегенде біз тек жеке тұлғаның ізгілікті, адал, қайырымды болуы емес, сонымен қатар оның қоғамдағы орны мен рөлін, жалпы адамгершілік құндылықтарына сай әрекет етуін түсінеміз. Ал «жаман» ұғымы көбінесе теріс мінез-құлықтарды, қоғамға зиян келтіретін әрекеттерді, адамдық қасиеттердің төмендігін білдіреді. Бұл екі ұғымның өзара байланысы мен қарама-қарсылығы қазақ мақал-мәтелдерінде айқын көрініс табады.

Мақал-мәтелдердегі «жақсы» мен «жаман» концептілерін талдау қазақ халқының ұлт ретінде қалыптасқан адамгершілік, этикалық, дүниетанымдық түсініктерін зерттеу үшін маңызды. Бұл ұғымдар қазақтың қоғамдық өмірінің барлық саласына, оның ішінде отбасы, еңбек, мораль мен тәртіп мәселелеріне терең ықпал етеді. Қазақ қоғамында әрбір жеке тұлғаның «жақсы» немесе «жаман» болуы оның өмірінде туындайтын таңдаулар мен

шешімдерге, адамдармен қарым-қатынасына, әлеуметтік ортаға тигізетін әсеріне тікелей байланысты.

Негізгі бөлім. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерге қатысты материалдарға шолу жасау барысында оларды жинақтау, сұрыптау, жүйелеу, жариялау ісінің екі кезеңнен тұратыны анықталды, оның алғашқысы — XIX ғасырдың екінші жартысы. Кеңес дәуірінің 1948 жылдарына дейін мақал-мәтелдерді тек халық аузынан жинап, жеке басылым ретінде шығару жұмыстары жүргізілген болса, екінші кезең — оларды тілдік тұрғыдан зерттеудің қалыптасуымен сипатталады.

Қазақтың мақал-мәтелдерін алғаш қағаз бетіне түсірген ғалым — Ш.Уәлиханов.

Ш. Уәлиханов пен Н.Н. Березин архивтерінде XIX ғасырдың елуінші жылдарында ел аузынан жазып алынған екі жүзден аса мақал-мәтелдер сақталған. Сондай-ақ, қазақ ауыз әдебиетінің басқа үлгілерімен бірге қазақ мақалдары мен мәтелдерін де жинақтап, жеке жинақтар шығарып, қазақ тілі мен әдебиетінің, тіл ғылымының, мәдениетінің дамуына зор үлес қосқан Ы.Алтынсарин, Ә.Диваев, В.Радлов, Щ.Ибрагимов, М.Терентьев, т.б. сынды ағартушы, ғалымдардың еңбегі ерекше.

Қазақ мақал-мәтелдерінің ғылыми тұрғыдан зерттелуіне арналған іргелі монографиялық зерттеулер де, мақалалар да баршылық.

М. Әуезов, М. Ғабдуллин, Б. Шалабаев, Б. Адамбаев сияқты белгілі фольклортанушы ғалымдар мақал-мәтелдердің жанрлық ерекшеліктерін зерттеп, ғылыми тұжырымдар жасады. Қазақ фольклорының өзге жанрлары секілді мақал-мәтелдердің де шығу төркіні тым жырақта жатқанын түрлі зерттеулерден аңғаруға болады. Солардың ішінен ғалым Б. Шалабаев алғашқылардың бірі болып, аталмыш тұрақты тіркестер тобын арнайы қарастырып, олардың негізгі мағыналық топтарын, жанрлық ерекшеліктерін анықтады. М. Ғабдуллин өзінің "Қазақ халқының ауыз әдебиеті" деген еңбегінде қазақ халқының шаруашылығын, кәсібін, тұрмыс-тіршілігін сипаттайтын мақал-мәтелдердің өмір танытқыштық мәні мен қызметін айқындап көрсетеді.

Қазақ мақал-мәтелдерінің төркіні көне түркі ескерткіштеріндегі әдеби жазбалардан байқалатынын танымал ғалымдар А. Аманжолов, Ғ. Мұсабаев, Ғ. Айдаров, М. Томанов, Ә. Құрышжанов, М. Жолдасбеков, Х. Сүйіншәлиев сынды түркі халықтарының түпкі тарихын, әдебиеті мен мәдениетін терең зерттеген ғалымдардың еңбектерінен көруге болады. Соңғы жылдары жарық көрген «Фольклортану терминдерінің сөздігінде» мақал-мәтелге мынадай анықтама берілген: «Мақал-мәтел — халық тұрмыс-тіршілігінің, дүниетанымының, ақыл-ойының, еңбегі мен өмір тәжірибесінің қорытындысын сан ұрпақтың санасына сіңіріп келген шағын жанрлардың көне түрі. Онда ұлттың танымдық көзқарасы, адамгершілік-этикалық, әлеуметтік-эстетикалық, көркемдік тәрбиелік мақсат-мұраттары көрініс береді» («Фольклортану терминдерінің сөздігі, 2020: 136). Бұл жанрдың ерекшелігін сипаттайтын анықтамалардың барлығында да мақал-мәтелдің халықтың өмір тәжірибесінен туатыны, көркем әрі образды болып келетіні, формасының қалыптасқан, өзгеріске түсе бермейтін тұрақты екені айтылады.

Осы тақырыпта жасалған зерттеулер

Қазақ мақал-мәтелдеріндегі "жақсы" мен "жаман" концептісін зерттеген бірнеше ғылыми жұмыстар мен зерттеулер бар. Бұл тақырып ұлттық дүниетаным, адамгершілік құндылықтар, мәдениет және тілдік тұжырымдамаларды түсінуге қатысты маңызды рөл атқарады.

Зейнолла Қабдолов қазақ тілінің көрнекті ғалымы ретінде мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердегі жақсы мен жаман ұғымдарын зерттеген. Оның жұмысы қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердегі метафоралық құрылымдарды, олардың мәдени және әлеуметтік маңызын түсінуге бағытталған. Қабдолов мақал-мәтелдердегі жақсы мен жаман ұғымдарының моральдық және философиялық астарларын талдай отырып, олардың қазақ халқының дүниетанымында терең орын алатынын көрсетеді. Мысалы, мақал-мәтелдерде жақсы ұғымы

көбінесе «жарық», «күн» сияқты позитивті символдармен байланыстырылса, жаман ұғымы «қараңғылық», «түн» секілді теріс метафоралармен беріледі.

Тұрсынбек Кәкішев қазақ фразеологиясының зерттеушісі ретінде мақал-мәтелдердегі жақсы мен жаман ұғымдарын тілдік тұрғыдан зерттеген. Оның зерттеуінде мақал-мәтелдердегі этикалық бағалаулар мен моральдық құндылықтардың қалай көрініс табатыны қарастырылады. Кәкішевтің пікірінше, мақал-мәтелдер арқылы қазақ қоғамы өзінің адамгершілік нормаларын білдіріп қана қоймай, сонымен қатар болашақ ұрпаққа тәрбие беру мақсатында бұл құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізеді.

Шерубай Құрманбайұлы өз зерттеуінде қазақ мақал-мәтелдеріндегі жақсы мен жаман ұғымдарының ұлттық дүниетанымдағы орнын қарастырады. Ол мақал-мәтелдердегі моральдық құндылықтарды этнографиялық тұрғыдан зерттейді және олардың қоғамдағы әлеуметтік нормаларға және жеке тұлғаның қоғамдағы орнына қалай ықпал ететінін көрсетеді. Құрманбайұлының зерттеуінде қазақ мақал-мәтелдерінде жақсы мен жаман ұғымдарының әдет-ғұрыптар, дәстүрлер және тұрмыс салтымен тығыз байланысты екені көрсетіледі. Сонымен қатар, автор мақал-мәтелдердің қазақ қоғамында тәрбиелік және танымдық рөліне ерекше көңіл бөледі.

Мұхтар Әуезов қазақ әдебиетінің классигі ретінде мақал-мәтелдердің терең философиялық және этикалық мәнін зерттеген. Ол мақал-мәтелдер арқылы қазақ халқының адамгершілік идеалдары мен моральдық құндылықтарын ашып, жақсы мен жаман ұғымдарының дәстүрлі тәрбиелік маңызын талдайды. Әуезов мақал-мәтелдердегі жақсы мен жаман ұғымдарын қазақтардың әлемді тану және өзара қарым-қатынасты бағалау тәсілдері ретінде қарастырады. Оның еңбектерінде қазақ халқының фольклорындағы моральдық нормалар мен тәрбиелік мақсаттар баса көрсетіледі.

Зерттеу әдістері. Қазақ мақал-мәтелдеріндегі «жақсы» мен «жаман» концептісін зерттеу барысында әртүрлі зерттеу әдістерін қолдануға болады.

1. Контент-анализ (Мазмұнды талдау әдісі)

Контент-анализ — мәтіндердің ішкі құрылымын және мағыналарын жүйелі түрде зерттеу әдісі. Бұл әдіс мақал-мәтелдердегі жақсы мен жаман ұғымдарының қалай қолданылатынын, оларды қалай сипаттайтынын және олардың әлеуметтік немесе мәдени контекстегі рөлін анықтауға көмектеседі.

Қолданылуы: Мақал-мәтелдердің мәтінін анализдеп, жақсы мен жаман ұғымдарын көрсету үшін олардың мазмұнын талдау. Мақал-мәтелдердегі осы концептілердің жиілігін, қандай жағдайда қолданылатынын, олардың семантикалық реңктерін зерттеу.

Мақсаты: Қандай мақал-мәтелдерде жақсы мен жаман концептілері басым қолданылғанын анықтау және олардың әлеуметтік мәнін ашу.

Семантикалық талдау — сөздер мен тіркестердің мағынасын зерттеуге бағытталған әдіс. Бұл әдіс арқылы жақсы мен жаман концептілерінің мағыналық ауқымын, олардың мәтіндерде қалай ашылатынын, ұғымдық құрылымдарын зерттеуге болады.

Қолданылуы: Мақал-мәтелдердегі жақсы мен жаман ұғымдарының семантикалық құрылымын ашу. Бұл үшін ұғымдарды айқындайтын белгілер мен символдарды (мысалы, жақсыға тән қасиеттер, жаманға тән қасиеттер) анықтауға болады.

Мақсаты: Жақсы мен жаман ұғымдарының мағыналық құрамын талдау, олардың мәдени контексте қалай өзгеретінін, қандай символикалық және метафоралық қабаттармен байланысатындығын анықтау.

Мақал-мәтелдердегі «жақсы» мен «жаман» концептілерін контент-анализ әдісі арқылы талдау

Мақсаты: Мақал-мәтелдердегі жақсы мен жаман ұғымдарының мазмұнын талдай отырып, олардың қоғамдағы әлеуметтік және моральдық маңызын анықтау.

Қазақ мақал-мәтелдері өз ішінде әртүрлі өмірлік тәжірибелер мен әлеуметтік жағдайларды бейнелейді. «Жақсы» мен «жаман» ұғымдары, әсіресе, этикалық және моральдық аспектілерге қатысты жиі қолданылады. Контент-анализ әдісі арқылы мақал-

мәтелдердегі жақсы мен жаман ұғымдарының мазмұндарын жүйелі түрде саралап, олардың мағынасын айқындауға болады.

Мысал:

Жақсы: «Жақсы сөз – жарым ырыс»

Жаман: «Жаман дос – жолдас емес».

Бұл мақалдар арқылы жақсы мен жаман ұғымдары арасындағы айырмашылық көрсетіледі. Бірінші мақалада жақсы сөздің, яғни тілдің, адамдардың арасындағы қарым-қатынас пен қоғамдағы орнын арттыратын қасиеті көрсетілсе, екінші мақаладан жаман дос ұғымы арқылы қауіпті әрі сенімсіз қарым-қатынасқа назар аударылады.

Контент-анализ әдісімен бұл мақал-мәтелдердің әлеуметтегі орнын, мағынасының тереңдігін анықтап, қоғамның жақсы мен жаман туралы ұғымдарының қалыптасуындағы ерекше мәдени және тілдік ерекшеліктерін ашуға болады.

2. Семантикалық талдау әдісі арқылы «жақсы» мен «жаман» ұғымдарының мағынасына терең үңілу.

Мақсаты: Мақал-мәтелдердегі жақсы мен жаман ұғымдарының семантикалық құрылымын зерттеп, олардың халықтық дүниетаныммен байланысын көрсету.

Семантикалық талдау арқылы мақал-мәтелдердегі әрбір сөздің мағынасына және оларды жеткізетін мәнмәтіндерге назар аударамыз. «Жақсы» және «жаман» ұғымдарының семантикалық ауқымы кең, өйткені бұл ұғымдар түрлі метафоралар, салыстырулар мен синонимдер арқылы беріледі.

Мысалдар: «Жақсы адам – көпке пайда»;

«Жаман өзен өткел бермес,

Жаман кісі көпке ермес».

Бұл мақалдардағы жақсы ұғымы оң мәнде, әлеуметтік жағынан тиімді және қоғамға пайдалы адамды білдірсе, жаман ұғымы керісінше теріс мағынада, зиян келтіретін, адастыратын жолды бейнелейді. Бұл талдау мақал-мәтелдердің түпкі мағынасын ашып, олардың халықтық көзқарасын айқындайды.

3. Лингвистикалық талдау әдісі арқылы «жақсы» мен «жаман» ұғымдарының тілдік құрылымын зерттеу

Мақсаты: Мақал-мәтелдердегі жақсы мен жаман ұғымдарының тілдік құрылымын, қолдану тәсілдерін талдау арқылы олардың мәнін ашу.

Лингвистикалық талдау мақал-мәтелдердің құрылымын зерттеуге бағытталған әдіс болып табылады. Бұл әдіс арқылы жақсы мен жаман ұғымдары қолданылған мақал-мәтелдердің құрылымдық элементтері, олардың тілдік құралдары мен грамматикалық ерекшеліктері ашылады.

Мысалдар: «Жақсы сөз жаныңды жадыратады,

Жаман сөз уайымға салындырады».

Бұл мақал-мәтелде жақсы мен жаман ұғымдары сын есімдер мен фразеологизмдер арқылы көрсетіледі. Мақалдарда жақсы адам сөзі позитивті, оң мағынада қолданылса, жамандық сөзі теріс мағынада қолданылып, жаман әрекеттердің негативті әсерін сипаттайды. Лингвистикалық талдау арқылы мақал-мәтелдердің тілдік ерекшеліктері мен құрылымдық сипаттары түсіндіріледі.

4. Әлеуметтік-мәдени талдау әдісі арқылы «жақсы» мен «жаман» ұғымдарының қоғамдағы мәнін анықтау.

Мақсаты: Мақал-мәтелдердегі жақсы мен жаман ұғымдарының әлеуметтік және мәдени контекстегі рөлін зерттеу.

Қазақ мақал-мәтелдерінде жақсы мен жаман ұғымдары тек жеке тұлғаның ғана емес, бүкіл қоғамның моральдық және этикалық нормаларын білдіреді. Әлеуметтік-мәдени талдау әдісі арқылы біз осы ұғымдардың қоғамдағы және мәдениеттегі орнын, олардың қалыптасу механизмдерін зерттей аламыз.

Мысал: «Басыңа іс түскенде жақсы көмектесер, жаман күліп кетер»;

«Жақсыға қылған жақсылық, өмірінше тозбайды,
Жаманға қылған жақсылық, бір күнгідей болмайды»;
«Жақсы болсаң - озарсың,
Жаман болсаң – азарсың».

Бұл мақалдардан жақсы мен жаман ұғымдары арқылы қазақ қоғамында достық пен сыйластыққа үлкен мән берілетінін көруге болады. Жақсы адам — қоғамға, адамдарға пайдалы, ал жаман адам қоғамға зиянды деген түсінік қоғамда қалыптасқан моральдық құндылықтарға негізделген.

Нәтижелер. Қазақ мақал-мәтелдеріндегі «жақсы» мен «жаман» концептілері – халықтың философиялық ой-тұжырымы мен өмірлік тәжірибесінің көркем көрінісі. Осы зерттеу барысында келесідей негізгі нәтижелер анықталды:

1. «Жақсы» мен «жаман» ұғымдарының мәні мен мазмұны

Қазақ мақал-мәтелдерінде «жақсы» ұғымы адамның оң қасиеттерін, мінез-құлықтағы ізгілікті, даналықты және адалдықты білдіреді. Мысалы, «Жақсы сөз – жан семіртеді» мақалында адамның сөзі мен әрекетінің рухани құндылықтарға тигізетін оң әсері дәріптеледі. Ал «Жаман» ұғымы теріс қасиеттерді, мысалы, жалқаулық, ашкөздік, тұрақсыздық пен менмендікті бейнелейді. Бұл айырмашылықтар арқылы қоғамдағы моральдық және этикалық нормалар анықталады.

2. Символизм және параллелизмдердің рөлі

Қазақ мақал-мәтелдерінде жиі қолданылатын символизм мен табиғатқа негізделген параллелизмдер «жақсы» мен «жаман» ұғымдарының бейнелілігін арттырады. «Жақсы аттың тісін ашпа, жақсы кісінің жасын сұрама» сияқты мақалдар адам мен жануардың қасиеттерін салыстыра отырып, жақсының тұрақты және ішкі мәнін ашады. Сонымен қатар, «Жаман ат – соқпақшыл, жаман адам – тоқпақшыл» мақалында адамның теріс мінездері мінезсіз жануарлармен теңестіріліп, жамандықтың жағымсыз салдары көрсетіледі.

3. Мақал-мәтелдердің тәрбиелік және әлеуметтік рөлі

Қазақ мақал-мәтелдері «жақсы» мен «жаман» ұғымдары арқылы моральдық-этикалық құндылықтарды насихаттайды. Олар жас ұрпақты ізгілікке тәрбиелеп, жамандықтан сақтануға үндейді. Мысалы, «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» немесе «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген мақалдар тәрбиелік құрал ретінде қолданылған. Сонымен қатар, бұл ұғымдар адамның қоғамдағы әлеуметтік рөлін анықтап, үйлесімді қарым-қатынас орнатуға ықпал етеді.

4. Құрылымдық ерекшеліктері

Қазақ мақал-мәтелдері көбінесе өлең түрінде келіп, ұйқас пен ырғақ арқылы оқырманға немесе тыңдаушыға терең әсер етеді. «Жақсы ат арықта танылар, жақсы ер қиыншылықта танылар» сияқты мақалдар құрылымы жағынан түркі тілдес халықтардың мақалдарымен үндес келеді. Бұл құрылымдық ерекшеліктер мақал-мәтелдердің есте сақталуына және ауызша таралуына ықпал етеді.

5. Көшпелі мәдениеттің ықпалы

Қазақ мақал-мәтелдерінде көшпелі өмір салтының ерекшеліктері айқын байқалады. «Жақсы ат – ердің қанаты» немесе «Жаман қойшы малға өш, жаман адам елге өш» деген мақалдар көшпелі шаруашылықтағы адамның өмір салты мен қоғамдағы орнына негізделген. Бұл ұғымдар қазақ халқының күнделікті өмірімен тығыз байланыста болып, олардың ұлттық болмысын көрсетеді.

Бұл нәтижелер «жақсы» мен «жаман» концептілерінің қазақ мәдениетіндегі және мақал-мәтелдердегі орны мен маңызын толықтай ашуға мүмкіндік береді. Осы зерттеуде қарастырылған тұжырымдар қазақ фольклорының моральдық және тәрбиелік әлеуетін түсінуге қосымша дереккөз болып табылады. Алдағы уақытта «жақсы» мен «жаман» концептілерін тереңірек зерттеп, олардың қазіргі қоғамдағы қолданылуын талдау маңызды болмақ.

Талқылау. Қазақ мақал-мәтелдеріндегі «жақсы» мен «жаман» концептілері халқымыздың дүниетанымы мен моральдық құндылықтарының айқын көрінісі болып табылады. Бұл ұғымдардың терең философиялық мәні бар және олар адамгершілік, әлеуметтік қатынастар, тәрбие сияқты маңызды мәселелерді қозғайды.

1. «Жақсы» ұғымы: ізгіліктің бейнесі

«Жақсы» концептісі қазақ мақал-мәтелдерінде адамның оң қасиеттерін сипаттайды. Ол тек жеке адамның мінез-құлқына ғана емес, сонымен қатар қоғамдағы оның орнына да қатысты. Мысалы:

- «Жақсы ат – ер қанаты» мақалында «жақсы» ұғымы адамның сенімді серігі ретінде сипатталады. Бұл жерде «ат» – адалдықтың, еңбекқорлықтың символы.

- «Жақсы сөз – жан семіртеді» мақалында «жақсы» сөздің адамның рухани әлеміне әсерін көрсетеді.

Бұл мақалдарда «жақсы» ұғымы адамның жоғары моральдық деңгейін бейнелейді. Әсіресе, ақыл, парасат, қайырымдылық сияқты қасиеттер басты орын алады.

2. «Жаман» ұғымы: сынның құралы

«Жаман» ұғымы арқылы қазақ халқы теріс қылықтарды сынға алған. Бұл ұғым адамдарды тәрбиелеу мақсатында қолданылған. Мысалы:

- «Жаманға сырынды айтсаң, жарға жығады» деген мақалда жаман адамның кері әсері мен оның қоршаған ортаға тигізетін зияны сипатталады.

- «Жаман үйді қонағы билейді» – тәртіпсіздік пен бақылаусыздықтың бейнесі.

«Жаман» ұғымы көбінесе адамның қоғамдағы теріс әрекеттерін, эгоизм мен жауапсыздықты бейнелеу үшін қолданылған.

3. Түркі халықтары мақал-мәтелдеріндегі ұқсастықтар

Түркі халықтарында «жақсы» мен «жаман» ұғымдары ұқсас мазмұн мен құрылымда беріледі. Бұл олардың ортақ мәдениеті мен тарихи байланыстарын көрсетеді. Мысалы:

- Башқұрт тілінде: «*Якшы кеше картайһа ла, ақылынан язмаһ*»,

- Қазақ тілінде: «*Жақсы кісі қартайса да, ақылынан танбас*».

Бұл мақалдар жақсылықты даналықпен, тұрақтылықпен байланыстырады. Сонымен қатар, түркі халықтарындағы «жаман» ұғымы да бірдей мазмұнда қолданылады. Башқұрт мақалындағы: «*Яман атқа менгенсе, йәйәу йөрө талғансы*» және қазақ мақалындағы «*Жаман атқа мінгенше, жаяу жүрген артық*» сөздері бір-біріне ұқсас.

4. Адам мен табиғат арасындағы параллелизм

Қазақ мақал-мәтелдерінде адамның мінез-құлқы көбінесе табиғат құбылыстарымен немесе жануарлардың ерекшеліктерімен салыстырылады. Бұл салыстырулар халықтың табиғатпен үйлесімді өмір сүргенін көрсетеді. Мысалы:

- «Жақсы ат – шаршауды білмес, жақсы адам – таусылуды білмес».

Бұл мақалда «жақсы» ұғымы еңбекқорлық пен табандылықтың символы ретінде қолданылған.

Сол сияқты, «жаман» ұғымы жағымсыз қасиеттерді көрсету үшін қолданылады:

- «Жаман ат соқпақшыл, жаман адам тоқпақшыл».

Бұл жерде жамандықтың тұрақсыздық пен пайдасыздыққа әкелетінін аңғартады.

5. Тәрбиелік рөлі

Қазақ мақал-мәтелдерінің негізгі функцияларының бірі – тәрбиелік мәні. Олар жас ұрпақты жақсы қасиеттерді бойға сіңіруге және жаман қылықтардан аулақ болуға шақырады.

- «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» – бұл мақал ұрпақты үлгі алуға, жақсыны үйренуге, жаманнан аулақ болуға үйретеді.

- «Жаман дос — көлеңке: басыңды күн шалса — қашып құтыла алмайсың, басыңды бұлт шалса — іздеп таба алмайсың». Бұл мақалдар "жақсы" мен "жаман" концептісін салыстыру арқылы адамның өміріндегі дұрыс және бұрыс таңдау жасаудың нәтижесін бейнелейді. Мұнда "жаман дос" көлеңкемен салыстырылады. Көлеңке күн болған кезде әрдайым бірге жүреді, ал бұлтты күні жоғалады. Сол сияқты, жаман дос қиындық туған кезде жаныңнан табылмайды, тек жайлы, жеңіл күндерде ғана қасыңда жүреді. Жаман дос өмірде сенім артатын тұрақты

тұлға емес екенін білдіреді. Ол тек өзіне тиімді болғанда ғана жақын болады, ал қиындық туа қалса, ізім-ғайым жоқ болады.

6. Қоғамдағы әлеуметтік рөлі

«Жақсы» мен «жаман» концептілері қоғамдағы әлеуметтік қатынастарды реттеудің маңызды құралы болып табылады. Олар адамдардың қарым-қатынасындағы әдептілік пен әділдік нормаларын орнатады.

- «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» – жақсылықты дәріптеуге үндейді.
- «Жаман адамға мал бітсе, жанына қоңсы қондырмас» – материалдық байлық адамның мінез-құлқына қалай әсер ететінін сипаттайды.

Бұл мақал-мәтелдер адамдардың әлеуметтік тәртібін реттеу үшін қолданылған.

Қазақ мақал-мәтелдеріндегі «жақсы» мен «жаман» концептілері – халқымыздың дүниетанымы мен философиясының ажырамас бөлігі. Олар адамның рухани әлемі мен қоғамдағы орны туралы тереңірек түсіндіреді. Бұлардың тәрбиелік және әлеуметтік рөлі қазақ халқының мәдени мұрасын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Қорытынды.

Қазақ мақал-мәтелдеріндегі «жақсы» мен «жаман» концептілері халықтың өмірлік философиясын, моральдық-этикалық қағидаларын бейнелейді. «Жақсы» ұғымы адамгершілік пен ізгілікті, ал «жаман» ұғымы теріс мінез-құлық пен әлеуметтік нормаларды бұзуды сипаттайды. Түркі халықтарының мақал-мәтелдеріндегі ұқсастықтар олардың ортақ мәдени және тарихи мұрасын көрсетеді.

Қазақ халқының мақал-мәтелдері арқылы ұрпақ тәрбиесі мен ұлттық құндылықтарды насихаттау жалғасып келеді. Осы мақала нәтижелері «жақсы» мен «жаман» ұғымдарының қазақ мәдениетіндегі философиялық мәнін түсінуге жаңа бағыттар ашты.

Қазақ халқының мақал-мәтелдерінде көшпелі өмір салты, төрт түлікке байланысты шаруашылық және ұлттық дәстүрлердің ерекшеліктері көрініс тапқан. Бұл ұғымдар қазақ қоғамының құндылықтарын терең түсінуге мүмкіндік береді.

Алдағы уақытта мақал-мәтелдерді зерттеу аясын кеңейту маңызды. Атап айтқанда:

- «Жақсы» мен «жаман» ұғымдарының қазіргі заманғы көріністерін, олардың қоғамдық және мәдени өмірдегі орнын талдау;
- Аймақтық ерекшеліктерін зерттеп, олардың қазақ мәдениетіне тигізген әсерін анықтау;
- Қазіргі әдебиет пен бұқаралық ақпарат құралдарында мақал-мәтелдердің қолданылу аясын зерттеу.

Қазақ мақал-мәтелдеріндегі «жақсы» мен «жаман» концептілері ұлттық болмыстың, дүниетанымның және өмірлік тәжірибенің құнды айнасы болып табылады. Бұл концептілерді зерттеу халықтық педагогика мен мәдениетті тереңірек түсінуге ықпал етіп, болашақ ұрпаққа ұлттық құндылықтарды жеткізудің маңыздылығын көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қасқабасов С. Қазақ фольклоры: мәні, теориясы, тарихы. — Алматы: Ана тілі, 1994. — 320 б.
2. Қайдаров Ә. Қазақ мақал-мәтелдерінің этнолингвистикалық сипаты. — Алматы: Ғылым, 1985. — 256 б.
3. Әуезов М. Әдебиет тарихы. — Алматы: Ана тілі, 1991. — 240 б.
4. Дина Б. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық прагматикалық аспектісі. Ф.ғ.к. дисс. қолжазбасы. 10.02.02. — Алматы, 2002. — 110 б.
5. Атаханова Р.К. Туыс емес тілдердегі мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық сипаты. Ф.ғ.к. дисс. автореф. — Алматы, 2005. — 31 б.
6. Қыдырбекұлы Б. Сөз төркінін танық//Түгел сөздің түбір бір. — Алматы: Қазақ университеті, 1993. — 176 б.
7. Қайдар Ә. Халық даналығы. — Алматы: Тоғанай Т, 2004. — 560 б.
8. Бабалар сөзі. Қазақ мақал-мәтелдері. Т. 66 (2010) — Астана: Фолиант. (қаз)
9. Бабалар сөзі. Қазақ мақал-мәтелдері. Т. 67. (2011) — Астана: Фолиант. (қаз)
10. Қазақ мақал-мәтелдерінің алтын кітабы. Құрастырған Ж. Кейкін. — Алматы: Аруна. (қаз)
11. Қазақтың мақал-мәтелдері. Құрастырағандар Ә. Тұрманжанов, К. Ахметбекұлы. (2004) — Алматы: Раритет. (қаз)
12. Сөз атасы: Мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер. Баспаға дайындаған Ә. Құрышжанов. (1987) — Алматы: Жазушы. (қаз)
13. Фольклортану терминдерінің сөздігі. (2020) — Алматы: Brand Book. (қаз)

DOI 10.24412/3007-8946-2025-312-80-84

THE IMPACT OF CRITICAL THINKING STRATEGIES ON FOREIGN LANGUAGE LEARNING: BRIDGING COGNITIVE SKILLS AND LANGUAGE COMPETENCE

АРУЖАН СУГУР ЕСБОЛҚЫЗЫ

Магистрант Актюбинского регионального университета имени К.Жубанова,
Актобе, Казахстан

Abstract. *Critical thinking enhances analytical reasoning, problem-solving, and cognitive skills in education. Integrated into foreign language learning, it improves linguistic accuracy, fluency, and engagement. This study investigates reflective writing, inquiry-based learning, and structured debates, highlighting benefits and challenges like teacher training gaps and rigid curricula, emphasizing critical thinking's transformative role in education.*

Keywords: *Critical Thinking, Cognitive Skills, Language Competence, Inquiry-Based Learning, Reflective Practices, Structured Debates.*

Introduction

Critical thinking has become a fundamental skill in modern education, empowering learners to analyze, evaluate, and synthesize information in a reasoned and reflective manner. This capability is increasingly vital in the 21st century, where rapidly changing global challenges demand adaptable and independent thinkers. Within the realm of foreign language learning, critical thinking plays a unique role, enabling students to navigate complex linguistic structures, engage with diverse cultural perspectives, and apply language effectively in real-world contexts. Educational paradigms are shifting to prioritize higher-order thinking, making the integration of critical thinking strategies in language instruction more relevant than ever.

However, despite its importance, the integration of critical thinking into language education remains underexplored in both research and practice. Traditional teaching methods often rely on rote memorization and repetitive tasks, leaving little room for cognitive engagement or creative application of language. This gap raises a critical question: how can educators effectively incorporate critical thinking strategies to enhance both linguistic competence and cognitive skills? Addressing this challenge is essential to developing a more comprehensive approach to language education that prepares students for the demands of an interconnected and globalized world.

The objective of this study is to investigate how critical thinking strategies bridge the gap between cognitive development and language learning. Specifically, it examines how these strategies foster deeper engagement with language material, enhance problem-solving and reasoning skills, and improve overall language proficiency. By exploring these dynamics, the study provides actionable insights for educators, guiding them in creating more effective and engaging learning environments.

To achieve these goals, the study addresses key questions: How do critical thinking strategies impact cognitive development in foreign language learners? What influence do these strategies have on language proficiency and competence? What challenges and opportunities exist in integrating critical thinking into language teaching practices? This article is structured to address these issues systematically. The literature review examines existing research on critical thinking in education and its application to language learning. The methodology section outlines the study's research design, data collection methods, and analytical approaches. Findings and discussion sections present the study's results and interpret their implications, while the conclusion highlights the study's contributions, practical applications, and recommendations for future research. Through this structured approach, the article underscores the transformative potential of critical thinking in foreign language education.

Literature Review

Critical thinking, defined as the systematic ability to analyze, evaluate, and synthesize information, is essential for fostering independent decision-making [Paul & Elder, 2019]. Recognized as the foundation of intellectual discipline, critical thinking is vital for solving complex problems across disciplines and adapting to dynamic educational and professional environments. Researchers highlight its role in developing cognitive flexibility, self-regulation, and decision-making, key competencies for lifelong learning [Fuad et al., 2020].

Practical methodologies such as problem-based learning (PBL) and collaborative inquiry have been shown to improve cognitive engagement and academic performance [Walker & Trent, 2021]. Embedding these strategies into curricula enhances students' reflective and analytical abilities, preparing them for the challenges of an information-driven world.

The intersection of critical thinking and language education has drawn growing interest. Studies reveal that engaging cognitive processes—memory, perception, and reasoning—enhances language acquisition, particularly in mastering vocabulary, syntax, and comprehension. For instance, activities requiring reasoning and problem-solving improve language proficiency [Liaw, 2021]. Similarly, reflective exercises like self-assessment and journaling foster linguistic and cognitive growth [Rafi, 2020]. Inquiry-based learning and metacognitive strategies, such as planning and self-monitoring, promote meaningful language use and critical thinking simultaneously [Shirkhani & Fahim, 2020].

Despite its potential, critical thinking in language education faces barriers, including rigid curricula, inadequate teacher training, and standardized testing [Pourhosein Gilakjani & Sabouri, 2022]. Moreover, traditional methods emphasizing rote memorization over meaningful engagement limit opportunities for developing higher-order thinking. Research gaps persist, particularly regarding the long-term effects of critical thinking on language proficiency and the integration of these strategies into teaching practices.

Addressing these challenges requires innovative pedagogical frameworks, longitudinal research, and targeted professional development to maximize critical thinking's impact on linguistic and cognitive competencies.

Methodology

This study employed a mixed-methods approach to investigate the integration of critical thinking strategies into foreign language education and their impact on cognitive and linguistic skills. Combining quantitative and qualitative methods provided a comprehensive understanding of the research topic.

The study focused on three critical thinking strategies: inquiry-based learning, structured debates, and reflective writing. These strategies were adapted for use in language classes, with participating teachers undergoing specialized training to ensure standardized implementation. The participants included students with varying language proficiency levels, allowing the results to be generalized across diverse learning contexts. Teachers with varying experience in critical thinking methodologies were also involved, enabling the study to assess how teacher preparation influences student outcomes.

Data collection utilized pre- and post-tests to measure linguistic competence and cognitive engagement, alongside surveys to gauge participants' attitudes toward critical thinking strategies. Semi-structured interviews and classroom observations provided qualitative insights into teacher-student interactions and student engagement during lessons.

The research was conducted in three phases: preparation, implementation, and evaluation. During the preparation phase, strategies were selected, and instructional materials developed. The implementation phase integrated these strategies into language lessons, and the evaluation phase analyzed test results, surveys, and observations to assess effectiveness.

Quantitative data were analyzed using statistical methods to identify significant changes, while qualitative data underwent thematic analysis to highlight key patterns. Ethical considerations, including informed consent and anonymized data, were rigorously upheld throughout the study, ensuring compliance with research standards.

Case Studies

Critical thinking is increasingly recognized as a crucial element in education, particularly in foreign language learning. Its integration enhances cognitive and linguistic abilities, offering innovative approaches to teaching and learning. Various case studies exemplify effective methods for incorporating critical thinking into language education, providing insights into its application and impact.

Inquiry-Based Learning. A notable example is the use of inquiry-based learning, as explored by Fuad et al. (2021) in the *International Journal of Instruction*. This study employed a quasi-experimental design comparing three instructional methods: differentiated science inquiry (DSI) combined with mind-mapping, DSI alone, and traditional teaching methods. Results revealed that combining DSI with mind-mapping significantly enhanced students' critical thinking skills. This was attributed to activities such as collaborative problem-solving and hypothesis testing. While the study focused on science, its principles can be adapted for language learning, encouraging learners to explore linguistic structures through reflective discussions, project-based tasks, and group inquiries.

Reflective Journaling and Self-Assessment. Liaw (2021), in the *Journal of Language Teaching and Learning*, examined the impact of reflective journaling on language learners. Students wrote weekly reflections analyzing their strengths, weaknesses, and strategies for improvement. This practice heightened metacognitive awareness, enabling students to identify and address linguistic challenges independently. By fostering self-assessment and critical evaluation, reflective journaling proved to be an effective tool for developing both linguistic competence and critical thinking skills.

4. Борисова В.В. «Дневник писателя» Ф.М. Достоевского в фокусе современных интерпретаций // Идеи и идеалы. – 2016. – №2(28). – С.128-130.
5. Земская Е.А. Московская школа функциональной лингвистики. Итоги и перспективы исследования. – М.: Русские словари, 1998. – С.18.

DOI 10.24412/3007-8946-2025-312-126-132

ОӘЖ 45:11.63

Қ.А.ЯСАУИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ЛИНГВОТАНЫМДЫҚ АСПЕКТІЛЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

АБРАЛИЕВА БОТАГӨЗ ҚАЛДЫБЕКҚЫЗЫ

«Мирас» университетінің аға оқытушысы, Шымкент қ, Қазақстан

***Аңдатпа:** Ясауи хикметтерінің тілі жайлы арнайы зерттеулерді жинақтамай тілдік, танымдық тұрғыдан талдау жасау ең маңызды жұмыстардың бірі. Бұл-Ясауи шығармаларының тілдік, көркемдік қаттауы толық және жан-жақты талданып көрсетуге жол ашары даусыз. Мәдениет-қоғамның, адамның шығармашылық күштері мен адам қабілетінің тарихи дамуындағы белгілі-бір дәрежедегі арнайы сатысы, деңгейін, адамның өмірі мен іс-әрекетін ұйымдастырудың формасы мен типін, адам баласы жасаған рухани және материалдық игіліктердің дәрежесін көрсетеді. Адамзаттың рухы мен келбеті, оның ерік бостандығы мен тарихи зейіні, құндылықтары, рәміз, таңбалық жүйелері, орны толмайтын шығындары мен өсиеттері, ұстанымдары, өмірлік сабақтары, діні мен тілі-бәрі мәдениетпен бітісе қайнасқан деуге болады. Сол себепті де тіл мен мәдениетті, адамның дүниетанымын қоса алып қарастыру көптеген алғышарттарға тікелей түрде жол ашады. Ахмет Ясауидің шығармашылығын мәтіндік тұрғыдан зерттеу оны барлық түркі халықтарының танымалдығы, жалпы маңызы мен өзектілігі және әртүрлі тарихи дәуірдегі ерекшеліктерін анықтауға, саралап зерттеуге тікелей мүмкіндік береді. Бұл дәстүр соңғы онжылдықтарда қайта жанданды. Соңғы жылдары Ясауидің өмірі мен шығармашылығын зерттеуде жолында түрліше тұрғыдағы философиялық-мистикалық бағыт ерекше қызығушылық танытуда.*

***Кілт сөздер:** Қ.А.Ясауи, лингвотаным, аспектi, көне түркі тілдері, тіл ұғымдары.*

Қ.А.Ясауидің шығармашылығында тілдік аспектілердің ерекшеліктерін зерттеу-қазақ тіл білімінің маңызды әрі өзекті мәселелерінің бірі. Қожа Ахмет Ясауи-қазақтың ұлы ақыны, ойшылы, орта ғасырлардағы түркі әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі болып табылады. Оның шығармашылығында терең философиялық ойлар, діни ілімдер мен рухани мағына кеңінен көрініс тапқан. Сонымен қатар Қ.А.Ясауидің шығармаларындағы тілдік аспектілер, оның лексикалық, грамматикалық және стилдік ерекшеліктері қарастырылады. Әсіресе, Ясауи тіліндегі метафоралық, символикалық, фольклорлық элементтер мен лексикасы талданады. Оның тілінің бейнелілік қасиеттері мен философиялық ойларының тілдік көрінісін анықтау, сөз өнерінің байлығын зерттеу-қазақ тілінің тарихы мен мәдениетін терең түсіну үшін өте маңызды.

Ұлттық тілдің өзіне ғана тән ерекшеліктерін, құпия сырын, табиғатын ашу, тіл жайындағы көптеген көзқарасты сол халықтың жан дүниесімен, тарихымен, ой-танымымен, мәдениетімен байланысты қарауды қажет етіп, оның кешенді сипатын күшейтеді. Ал мәдениет болса адамның әрекетінен тыс өмір сүре алмайды. Сол себепті де адам, мәдениет, қоғам, тіл ұғымдары бір-бірімен өте тығыз байланыста бола отырып, үнемі бірін-бірі дамытып, жетілдіріп, жолға салып, бағыттап отырады даусыз. Соңғы кездерде философия, мәдениеттану, лингвистика, лингвомәдениеттану ғылымдары қарқынды дамыды деуге болады. Бұл ғылымдар адамға ерекше көңіл аударып, оның табиғатын, ішкі жан-дүниесін, менталитетін зерттеуге тырысуда.

Қ.А.Ясауидің шығармашылығындағы лингвистикалық аспектілерді зерттеу кезінде бірнеше маңызды шарттар мен әдістерді қолдану қажет. Бұл зерттеу барысында тілдік деректерді талдау, философиялық мәтіндер мен діни мәтіндердегі тілдің қолданылу ерекшеліктерін анықтау маңызды міндет болып табылады. Зерттеудің шарттары мен әдістері төмендегі негіздерге сүйенеді. Зерттеудің шарттары:

1. Қожа Ахмет Яссауидің шығармашылық мұрасына сүйену: зерттеу тек Яссауидің шығармаларының тілдік ерекшеліктерін терең түсіну үшін оның толық шығармашылық мұрасына негізделеді. Бұл мұраға «Диуани Хикмет», «Рисала», сондай-ақ оның басқа да туындылары кіреді.

2. Тілдік деректерді жинау мен талдау: Яссауи шығармашылығындағы түрлі тілдік бірліктерді (лексика, грамматика, стиль) жинап, оларды жүйелі түрде талдау маңызды.

3. Тілдік және философиялық контексті ескеру: Яссауидің шығармаларының терең тілдік, әдеби және философиялық мәні бар, бұл оның тілінің символикалық және метафоралық мағынасына әсер етеді. Тілдің рухани контекстте қолданылуын ескеру-зерттеу шарттарының бірі.

4. Тарихи және мәдени тұрғыдан қарастыру: Яссауидің шығармаларын тек тілдік тұрғыдан емес, оның тарихи және мәдени контекстінде де зерттеу қажет. Бұл оның сөздерін дұрыс түсінуге және тілдің сол кезеңдегі әлеуметтік-философиялық ықпалына мән беруге мүмкіндік береді.

Қ.А.Яссауидің аса құнды шығармашылығындағы лингвистикалық аспектілердің ерекшеліктері туралы зерттеу нәтижелерін талқылау барысында бірнеше маңызды тұжырымдар мен байқауларды атап өтуге болады. Бұл зерттеу қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымында маңызды орын алады және бірқатар бағыттар бойынша жаңа көзқарастар ұсынады. Лексикалық ерекшеліктердің тереңдігі мен байлығы. Қ.А.Яссауидің шығармаларындағы лексикалық байлық ерекше назарға алынған. Оның шығармаларында қолданылатын тілдік, әдеби, философиялық және фольклорлық лексика түркі тілдерінің даму кезеңіндегі тілдік құрылымдармен байланыста қарастырылған. Яссауи шығармаларының лексикалық қоры тек тілдің дамуын ғана емес, сонымен бірге оның заманауи тұрғыда маңызы мен қолданылуын көрсетеді. Бұл бағыттағы зерттеулер қазақ тіліндегі кейбір сөздердің тарихи түптамасы мен мағыналық кеңістігін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Грамматикалық құрылымның ерекшеліктері мен символизм: Яссауидің шығармаларында грамматикалық құрылымдардың терең символикалық мәні бар екендігі анықталды. Мысалы, оның шығармаларындағы кейбір сөйлем құрылымдары мен сөз тіркестері, грамматикалық тұлғалар өздерінің метафоралық және философиялық функциясын атқарып, оқырманға ішкі дүниесін түсінуге көмектеседі. Бұл тілдің функционалдығы мен оның көпқырлы қолданылу мүмкіндіктерін көрсетеді. Сонымен қатар, зерттеуде көрсетілгендей, Яссауидің шығармашылығында әр түрлі грамматикалық формалардың қолданылуы түркі тілдерінің синтаксисіндегі бірқатар елеулі ерекшеліктерге назар аудартты. Қ.А.Яссауи шығармаларының грамматикалық құрылымы түркі тілдерінің сол кезеңіндегі ерекшеліктерін сақтай отырып, әдеби тілдің дамуына ықпал еткен. Сөз тіркестері мен сөйлем құрылыстарында метафоралық және символикалық құрылымдар кеңінен қолданылған, бұл оның шығармашылығына ерекше мән береді. Яссауидің шығармаларындағы сөйлем құрылымы мен сөздердің қолданылуы, әсіресе, оның діни тұжырымдары мен ойларын беруде маңызды рөл атқарады.

Стильдің байлығы мен шығармашылық еркіндік: Қ.А.Яссауидің шығармаларының стилі оның философиялық, тілдік, әдеби, мәдени ойларын жеткізуде айрықша маңызды рөл атқарады. Стильдік элементтер, әсіресе метафоралар мен эпитеттер, оның туындыларына рухани тереңдік пен көркемдік қасиет береді. Бұл оның шығармашылық еркіндігін, сондай-ақ ақынның өз шығармалары арқылы қоғамға, адам баласына жол көрсетуге тырысқандығын білдіреді. Зерттеу нәтижелері Яссауидің тіліндегі стильдік ерекшеліктердің тек әдебиетке ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік және мәдени мәні бар екенін көрсетеді. Яссауи шығармашылығында стилдің өзіндік ерекшеліктері айқын көрінеді. Ол өз шығармаларында қазақ халқының ауыз әдебиетінің стильдік дәстүрлерін қолдана отырып, өлең түрінде терең философиялық, діни және моральдық ойларды жеткізуге ұмтылған. Бұл тұрғыдан оның стилі көркем әрі символикалық болып келеді. Яссауидің шығармаларында сөздердің қайталануы, метафоралар мен эпитеттердің қолданылуы ерекше мәнге ие.

Философиялық контекстің маңыздылығы: Қ.А.Яссауидің шығармашылығында философиялық ойлар басым орын алады, сондықтан оның шығармаларын тек тілдік тұрғыдан емес, философиялық және мәдени тұрғыдан да қарастыру қажет. Зерттеу барысында оның тіліндегі метафоралар мен символикалық элементтердің тілдік мағынасы тереңірек ашылды. Бұл оның шығармаларындағы тілдің тек эстетикалық мәні емес, сондай-ақ рухани әрі адамгершілік тәрбиелеуге бағытталған мақсатқа қызмет ететіндігін көрсетеді.

Тілдің мәдени және әлеуметтік рөлі: Яссауи шығармашылығының зерттелуі қазақ тілінің дамуына ғана емес, сонымен бірге оның қоғамдағы және мәдениеттегі рөліне де айрықша назар аударуды талап етеді. Оның шығармаларының тіліндегі әлеуметтік және мәдени мәселелерді қозғау қазақ қоғамының тарихи дамуымен тығыз байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, Яссауидің тілінің мәдени және әлеуметтік контекстке енуі маңызды және оның шығармаларының қазіргі уақытқа дейін өзектілігін сақтауының себебі де осыған байланысты.

Түркі тілдерінің дамуындағы ықпалы: Қ.А.Яссауидің шығармашылығы түркі тілдерінің тарихи дамуында маңызды орын алған. Оның шығармаларындағы тілдік құрылымдар мен элементтер қазіргі түркі тілдерінің қалыптасуына, әсіресе қазақ әдеби тілінің дамуына әсер етті. Бұл аспектіден зерттеу нәтижелері түркі тілдерінің даму тарихын жаңа қырынан түсінуге мүмкіндік береді.

Метафоралық аспектілер туралы көптеген мәліметтер беруге болады. Яссауи шығармашылығында ұғымдар мен метафоралар маңызды орын алады. Оның тіліндегі метафоралар мен символикалық элементтер философиялық идеяларды түсінікті әрі әсерлі етіп жеткізуге қызмет етеді. Мысалы, Яссауи өз шығармаларында адамның рухани жетілуі, бақытқа жетуі мен Аллаға жақындау жолын сипаттауда метафоралар мен терең символикалық мәндер қолданған. Бұл тілдік құрылымдар арқылы оның шығармалары тек діни ғана емес, сондай-ақ философиялық мәнге де ие болған.

Тілдің әлеуметтік және мәдени контексті. Қ.А.Яссауидің шығармаларындағы тіл әлеуметтік және мәдени контексте үлкен мәнге ие. Яссауи өз шығармаларында адамдардың рухани тұрғыдан жетілуі, қоғамның әлеуметтік мәселелері мен адамгершілік қасиеттері туралы терең ойлар айтады. Бұл тілдің қоғамдық функциясын айқындайды және оның мәдениеттің дамуына қосқан үлесін көрсетеді. Қ.А. Яссауидің шығармаларындағы тіл әлеуметтік және мәдени контексте терең мағынаға ие. Оның шығармашылығында тілдік элементтердің әртүрлі әлеуметтік және мәдени жағдайлармен тығыз байланысты екендігі айқын байқалады. Яссауидің тілінің әлеуметтік және мәдени контексті оның шығармаларының мазмұны мен мәнін дұрыс түсінуге, сонымен қатар түркі мәдениеті мен қазақ халқының дүниетанымына әсерін зерттеуге мүмкіндік береді. Мысалы рухани тәрбиелеу. Қ.А.Яссауидің шығармашылығындағы басты тақырыптардың бірі-адамның рухани жетілуі мен діни білім алу жолы. Оның шығармаларындағы тіл әлеуметтік тәрбиелеудің маңызды құралы болып табылады. Яссауи өз шығармаларында өзіндік терең мәнін, рухани тазалық пен адамгершілік құндылықтарын уағыздайды. Бұл тұрғыда оның тілінде ұғымдар мен метафоралар, моральдық-құқықтық түсініктер кеңінен қолданылған. Мысалы, «Диуани Хикмет» шығармасында Яссауи өз оқырмандарын адамгершілікке, адалдыққа, сабырлыққа, өз-өзіне және қоғамға жауапкершілікпен қарауға шақырады. Оның тілінде ұғымдардың түсіндірмелері, мысалдар мен аңыздар арқылы адамның рухани жетілу жолы көрсетіледі. Одан соң әлеуметтік теңдік пен әділет. Қожа Ахмет Яссауи шығармаларында әлеуметтік теңдік пен әділеттілік мәселесі маңызды орын алады. Ол өз шығармаларында қоғамдағы әлеуметтік әділетсіздікке қарсы шығып, әлемнің әділетті болатынын сипаттайды. Яссауидің шығармашылығындағы тіл әлеуметтік және адамгершілік мәселелерін қозғап, оны жан-жақты терең түсінуге бағытталған. Оның ойынша, тек адал еңбек пен рухани тазалық арқылы қоғамда тыныштық пен әділет орнатуға болады. Рухани мәдениет пен тілдің бірлігі: Яссауидің шығармаларындағы тіл мен мәдениет тығыз байланысты. Оның тілінде түркі халықтарының дәстүрлері мен мәдениеті, әсіресе сопылық ілімдері көп көрініс табады. Яссауи өз шығармаларында ілімдерді, қазақ халқының мәдени және рухани дәстүрлерін біріктіре

отырып, қоғамның рухани жетілуін насихаттайды. Бұл тұрғыдан оның шығармалары мәдени кодтарды, әлеуметтік нормаларды, халықтың дүниетанымын тіл арқылы жеткізетін маңызды құрал болып табылады.

Тілдің ұлттық құндылықтарын сақтау рөлі: Қожа Ахмет Ясауи шығармашылығында тіл ұлттық құндылықты сақтаудың, ұлттық мәдениеттің негіздерін түсінудің басты құралы ретінде қызмет етеді. Оның шығармаларындағы сөздер мен бейнелер түркі халықтарының жалпы мәдениетіне тән болып табылады және сол кезеңнің ұлттық дүниетанымын қалыптастыруға көмектескен. Сонымен қатар, Ясауи шығармаларының тілі-түркі халықтарының ортақ рухани құндылықтарын түсінуге, сақтау мен жаңғыртуға бағытталған маңызды мәдени мұра болып саналады. Қ.А.Ясауидің шығармашылығы түркі тілдерінің жазба дәстүрінің қалыптасуына елеулі ықпал еткен. Оның шығармаларының тілінде түркі тілдерінің әдеби стандарттарының дамуы байқалады, бұл оның шығармашылығының әдеби тілдің қалыптасуына маңызды рөл атқарғанын көрсетеді. Жалпы тілдік тұлға әр түрлі деңгейдегі (ғылыми, тұрмыстық) қоғамдық санада, тілде көрініс тапқан мәдениет өрісінде өмір сүреді. Мәдениет сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдерде, мәтіндерде көрініс табады. Әр мәдениеттің өзіне тән өлшемі мен координаттары бар. Ал, этностың бар өміріне рухани азық болған, тұрақты ұрпақ жалғастығына себепкер құбылыс-салт-дәстүрлердің ұлттық мәдениет бастауы екендігі сөзсіз. Мәдениет-тілдің таңбалау қасиеті арқылы танылады. Оған делел халық ауыз әдебиеті үлгілері, соның ішінде біздің зерттеп отырған *Қ.А.Ясауи «Хикметтері»* екенін де ерекше атап кетуге болады [2, 23].

XII ғасыр әдебиетінің үлгілеріне М.Қашқаридің сөздігін, Қ.А.Ясауидің «Диуани хикметін», Қ.А.Ясауи хикметтеріне сүйене отырып жазған Сүлеймен Бақырғанидің еңбектерін және т.б. туындыларды жатқызуға болады. Бұл шығармалардың барлығында діни мифтік таным өте көп кездеседі. Өйткені түркі әлімінде ислам діні IX-X ғғ. бастап кең таралып, ислам діні мойындала басталды. Сондықтан араб парсы мәдениетінің түркі дүниесіне енуі нәтижесінде қалаларда дінді уағыздайтын мешіттер, медреселер, кітапханалар ашылып, діни сарында жазылған шығармалар пайда бола бастады. Осындай сопылық бағытта жазылған дүниенің бірі-Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикметі» мен М.Қашқаридің сөздігі. Тарихи тұрғыдан ол дәуір туралы мәліметіміз шектеулі, өте аз. Тарихи құндылықтардың ішіндегі дереккөздердің жұтаңдығы, өте аздығы өз алдына бөлек нәрсе, ал, қолда бар деректердің өзін алып қарағанда, олар жеткіліксіз, оларды әлі де зерттеп толықтыра түсу керек. Қашқари, Ясауи өмір сүрген дәуірдің тарихи, діни, саяси-әлеуметтік, экономикалық, мәдени-әдеби қабаттары әлі де зерттей түсуді қажет етеді. Қолда бар деректердің өзі М.Қашқаридің, Қ.А.Ясауидің туған жері, өскен ортасы, оқыған мектептері мен рухани-мәдени әлемінен өз дәрежесінде ақпарат бере алмайды. Сондықтан да Ясауи өмір сүрген әлемдегі исламның хал-жағдайы, сопылық дүниетаным мен тариқаттардың рет саны мен сапасы, ғылымы, ілімі мен білімі арасындағы қатынастың мәні зерттелмей, анықталмай отырғандығы толғандыратын мәселе. Десек те, Әл-Фараби, ибн Сина, М.Қашқари, Қ.А.Ясауи, С.Бақырғани туралы жазылған тарихи, мәдени, әдеби маңыздылығы бар дереккөздердің көпшілігі аңыз-әңгімелерден құралған деп айтуға болады. Сонымен қатар, олар туралы деректер қазіргі заманға ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жеткен. Олар кейін ғана хатқа түсіп, бір жүйеге келтірілген. Бұл соңғы уақыттың жемісі, жеткен жетістігі.

Жалпы алғанда, түркі заманындағы ислам әдебиеті, мәдениеті мен философиясы хикмет ретінде халық арасында жақсы танылған және Ясауи, Бақырғани хикметтері өздері өмір сүрген дәуірдің философиясын толық бейнелеп беретін дүниетанымдық, психологиялық ойлау жүйесі [3, 65-68].

XII ғасырдағы барлық әдебиет үлгілеріне тән «Хикмет»-ислам философиясын басқа философиялық мектептерден ажыратып тұрған, жинақтаушы ұғым, дүниетанымдық ойлау жүйесін құрайтынын жоғарыда айтқан болатынбыз. Фараби, Ибн Сина, Матуриди, Баласағұн, Қашқари, Иүгнеки, Ясауи сияқты даналарымыз Құранға негізделген хикметтері арқылы түрік-ислам өркениетіне жол салды. Мысалы, Фараби болмыстың мәніне жетуді рухани арылу мен

рухтың интеллектуалдық тұрғыдан дамуына негіздесе, Ибн Сина да болмыстың мәнін құдайлық махаббат арқылы негіздеді. Ал, Ясауи бәрін жаратушы бір Алла деп есептейді.

Тіршілік заңдылығы мен құндылығы, өмір мен өлім, ізгілік пен зұлымдық, жақсылық пен жамандық, достық пен қастық, ақ пен қара арасындағы бітіспес қарама-қайшылық постмодернизм поэзиясында мүлде жаңа қалпымен мүсінделді. Өмірдің қас қағым сәттілігі мен бақидың мәңгіліктігін көркемдік танымында жаңаша түрлендірген ақындар бұл заңдылықты табиғат құбылысымен астастыра бейнеледі.

Мифтік таным негізінде туындаған оқиғалар мен сол негіздегі бейнелер адамзаттың этикалық және эстетикалық мұраттарына қызмет етіп келе жатқанына ежелгі, орта, қазіргі дәуірлердегі фольклорлық мұралар, ауыз әдебиетінің үлгілері, қазіргі көркем әдебиет туындылары мысал бола алатыны даусыз. Қазақ әдебиетіндегі, сонымен қатар, әлем әдебиетіндегі классикалық дәуірден басталып, бүгінгі XIX-XX ғасырдағы қазіргі дәуірдегі әдебиетке дейін жалғасқан халықтың мифтік дүниетанымы сан алуан бейнелілікті, көркемдік қалыптарды түзіп, өзінің мүмкіндігін танытуда. Ұлттық әдебиетіміздегі осындай жаңа сипатқа ие болған поэзиялық, прозалық баға жетпес туындылардың барлығы дерлік осы мифопоэтикалық пішіндермен бейнеленіп, көркемделген. Мифтік танымның халықтың дүниетанымында тылсым сыр, киелі салт-дәстүр, әулиелік туралы саналы ойлар мен пікірлерді күрделі түрде жинақтап көрсетуінің өзі маңызды құбылыс екенін дәлелдейді. Оның өзі күрделі көркемдік тәсіл болып саналады. Мысалы, халықтың мифтік түсініктегі бойынша күн мен түннің арасындағы шекара өлеңде «қақпа» пішінінде көрінген. Қақпаның ішіндегі «түн – көк төбет» метафорасы келесі шумақта күрделене түседі. Түнгі суреттің бірін осылай «көк төбет» әрекетімен бере отырып, келесі жолдарда қара түнді қара суға ұқсатады. Мәселен,

*Қап-қараңғы үрейдің арқасындай,
Мына түннен азырақ қорқасың да,
Күлген сайын сырттағы күрең боран
Жынжылайдыпешіңніңқолқасында.*

Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани Хикмет» атты өлеңдер жинағы орта ғасырлардағы (XIIғ) түркі жазба ескерткіштерінің бірі. Қ.А.Ясауидің бұл шығармасы туралы, жазылу тарихы жайлы Қазақ ССР 4 томдық қысқаша энциклопедиясында төмендегіше түсініктеме беріліп өткен: «1157 жылы 63 жасқа толғаннан кейін пайғамбар жасына жеттім, бұдан әрі өмір сүруім күпірлік деген оймен осы күнгі өзінің кесенесі маңынан жер асты мешітін- хилует салдырып, сонда ғұмыр кешеді. Хилуетте өткізген он жылдың ішінде А.Ясауи өзінің атақты «Диуани Хикмет» («Даналық сөздердің жиынтығы») деп аталатын циклды өлеңдерін жазады. А.Ясауидің «Диуани Хикмет» тәрізді көне түркі мәдениетінің озық үлгісі қазақ халқының құрылу кезінде оның эстетикалық мәдениетінің қалыптасуына зор ықпалын тигізді.

Тілдік ерекшеліктер Р.Сыздықованың «Ясауи Хикметтерінің тілі» деген көлемді еңбегінде жан-жақты сипатталған. Автор бұл еңбегінде «Хикметтің» зерттелу тарихына тоқталып, даналық жырлардың фонетикалық, лексикалық, морфологиялық сипатына терең талдау жасап көрсеткен. Хикмет тілінің көркемдік сипатына тоқталып, өлең құрылысы, тілдік негізі туралы баяндай келіп, Самарқанда қолжазбасының транскрипцияланған нұсқасы мен қолжазба мәтіннің өлең жолдарына келтірілген нұсқасын, қолжазбаның факсимилиесін, хикметтегі араб-парсы сөздерін, түркі сөздерін талдап көрсетеді [5, 87]. Бұл туралы өз еңбегінде былай дейді: «Ясауи хикметтерінің тілі» атты зерттеудің нысаны көп. Бұл еңбекте осы көп шаруаның ішінде бір ғана мақсатты көздедік: ол- Ясауидің ең әрідегі деген бір қолжазбасы бойынша лексика-фразеологиялық, морфологиялық, археологиялық сипаттамасын беру, сол арқылы түркі жазба әдеби тілінің қатысуы мен дамуы теориясына үлес қосу болды. Осы еңбекте Ясауи хикметтерінің тілі жайлы айтқан пікірлерін 2004 жылы жарық көрген

1993 жылы «Ана тілі» баспасынан жарық көрген «Қазақ әдеби тілінің тарихы» атты оқулығында Р.Сыздықова Ясауи хикметтерінің Самарқанд, Стамбұл, Ташкент, Қазан, Санкт-Петербург нұсқаларындағы айырмашылықтар жайлы айта келе, А.К.Боровков,

П.М.Мелиоранский, М.Көпрүлүннің Ясауи шығармаларының арасына басқа авторлардың Ясауише жазған туындыларының еніп кеткендігі жөніндегі пікірлермен келісетіндігі туралы өз пікірін білдірген [6, 65]. Ясауи мұрасында баяндалатын сопылық ілімнің зерттелу тарихына біршама түсініктеме беріп өткен ғалым ретінде С.Дәуітұлын атауға болады. Ол өз еңбегін 1998 жылы «Диуани хикмет хақында» деген атпен жариялайды. Ал А.Әбуов өз мақаласында жалпы суфизм мен Ясауи ағымының тарихын, дүниеге деген көзқарасын, дүниетаным тарихын философиялық тұрғыдан қарастырады, жүйелеп көрсетуге тырысады. Бірақ лингвистика саласы бойынша бұл еңбектерде ешқандай ой-тұжырымдр берілмеген, талдаулар жасалмаған [7, 41].

Қ.А.Яссауидің шығармашылығындағы лингвистикалық аспектілердің ерекшеліктері оның шығармаларын терең әрі көпқырлы етіп көрсетеді. Лексикалық, грамматикалық, стилистикалық және метафоралық элементтер оның шығармаларының діни-философиялық мәнін айқындайды. Яссауи шығармашылығы тек әдебиет пен тілдің ғана емес, сондай-ақ философия мен діннің де бірлігіне негізделген. Бұл зерттеу оның тіліндегі терең мағыналарды ашып, қазақ тілінің дамуы мен әдебиетінің қалыптасуына елеулі әсерін тигізгенін көрсетеді. Барлық пікірлерді салыстырып қарасақ, әр түрлі пікірлердің туындауына Ясауи шығармаларының ішіне араласып кеткен Ясауишілердің туындыларының тілі себеп болған шығар деген ойдың бой көрсетуі де мүмкін. Қалай болғанда да бүкіл түркі дүниесіне ортақ үлгі болып саналатын Ясауи шығармалары әлі де жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Р.Сыздықова Ясауидің тілін зерттеу өз алдына үлкен бір сала деп есептейді. Қазіргі кезде шығарма қазақ тілінде көптеп тараған. Халқымыз оны даналық сөз, имандылыққа тәрбиелейтін құнды еңбек деп санайды. Қ.А.Яссауидің шығармаларындағы тіл әлеуметтік және мәдени контексте терең және көпқырлы мағынаға ие. Ол өзінің шығармалары арқылы адамгершілік, әділет, рухани жетілу және халықтық құндылықтар сияқты маңызды әлеуметтік мәселелерді қозғап, осы мәселелерді тіл арқылы жеткізген. Яссауидің тілінде философиялық, тілдік, әдеби және мәдени кодтар бірігіп, қоғамның рухани дүниесін қалыптастыруға, ұлттық және мәдени бірлікті сақтау мен дамытуға қызмет етеді. Қ.А.Яссауидің шығармашылығындағы лингвистикалық аспектілерді зерттеу оның тілінің терең философиялық, әлеуметтік мәнін ашуға мүмкіндік берді. Яссауи шығармаларының тілі-тек әдеби немесе тілдік құбылыс қана емес, сонымен қатар рухани, мәдени және философиялық тұжырымдардың да көрінісі болып табылады.

Зерттеу барысында Қ.А.Яссауидің тіліндегі лексикалық, грамматикалық, стилистикалық ерекшеліктер мен символикалық мәндер анықталды. Оның шығармаларында қолданылатын метафоралар мен түрлі терминдер, сондай-ақ грамматикалық құрылымдардың терең мәні Яссауи шығармаларының философиялық және діни мағынасының негізі болып табылады. Яссауидің тілінде бейнелілік пен символизм маңызды орын алады, ол өз оқырмандарына тек білім ғана емес, рухани тәрбиені де ұсынады. Яссауи шығармаларының әлеуметтік және мәдени контексте қарастырылуы оның шығармашылығының қоғамдық маңызын ашады. Оның шығармаларында әлеуметтік әділет, адамгершілік құндылықтары, халықтық дәстүрлер мен рухани дүниетаным кеңінен орын алған, бұл оның тілінің ұлттық құндылығын сақтау мен рухани тәрбиелеудегі маңызды рөлін көрсетеді. Қ.А.Яссауидің шығармашылығындағы лингвистикалық аспектілер оның қазақ әдебиеті мен түркі тілдерінің дамуындағы ерекше орны мен ықпалын дәлелдейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Р.Ф.Исламов. Ахмед ясеви: жизнь и творческая деятельность. <https://cyberleninka.ru/article/n/ahmed-yasevi-zhizn-i-tvorcheskaya-deyatelnost-k-voprosu-izucheniya/viewer>
2. **М.Мұхамедьяр.** Түркі дүниетанымы және қазақ тіліндегі діни терминология. – Алматы: Ана тілі, 2008.
3. Мехмед Фуат Көпрүлү. Қожа Ахмет Ясауи. Танымы мен тағлымы.-Ш.,2005
4. Р.Сыздықова. «Ясауи хикметтерінің тілі. -А.,2004
5. **Қ.Қарабаев.** Қожа Ахмет Яссауидің «Диуани Хикметі» мен оның тілдік ерекшеліктері. – Алматы: Қазақ университеті, 2003.
6. **Г.Сейітова.** Қожа Ахмет Ясауи және оның мұрасының қазақ әдебиетіне ықпалы. – Астана: Фолиант, 2011.
7. Мырзагелді Кемел. Қожа Ахмет Ясауи. Хикметтер (Даналық кітабы) –Астана: Аударма, 2002 ж.

DOI 10.24412/3007-8946-2025-312-133-136

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫНДА КРЕАТИВТІ ОЙЛАУ ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ДАМУЫ

НУРУШЕВА АРДАК НАБИЕВНА

Көкшетау қаласындағы физика-математика бағытындағы
Назарбаев Зияткерлік мектебінің қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі

***Аннотация.** Жаңартылған білім беру мазмұнының негізгі міндетінің бірі - креативті ойлайтын тұлғаны дамыту. Тіл және әдебиет пәндері кіріктіріле жүргізілетін сабақтарда креативті ойлау тәсілдерін қолдану арқылы оқушылардың оқылым дағдысын дамыту жүзеге асырылады. Бұл мақала іс-әрекеттегі зерттеу (Action research) жобасы ретінде мектеп мұғалімдерінің тобымен жүргізілді. Зерттеу отандық және шетелдік педагогикалық идеялар мен ізденістерге негізделген. Оқылымның тиімді тәсілдерін қолдану арқылы креативті ойлауды дамытудың жолдары өзіндік тәжірибемен ұштастырыла қарастырылды.*

***Кілт сөздер:** креативтілік, оқылым дағдысы, оқылым стратегиялары, әдіс-тәсілдер “Бүгінгінің баласына ертеңгінің биігінен үңіл!” деген Мағжан Жұмабаев сөзі бүгінгі күнде де өзектілігін жойған жоқ.*

Яғни баланың ертеңгі күні өмірде қажет болатын дағдыларды бойына сіңіру бүгінгі концептуалды білімге негізделген мектеп бағдарламасының міндеті.

Жаңартылған білім беру мазмұнында дағдыларға негіздеп оқыту басшылыққа алынады. Сын тұрғысынан ойлау, шығармашылықты қолдана білу, тез ойлап табу дағдысы оқушының ішкі ойын дамытуға, яғни креативті ойлауына итермелейді. Креативті ойлау өзгермелі өмір сүру талаптарына бейімделуге, тұлғаның ішкі ресурстарын тиімді қолдануға, оның әлеуметтенуіне мүмкіндік береді. Креативтілік қабілеттерін адам өмірін жеңілдететін қызықты идеялар тудыруда ғана емес, жалпы тұлғаның өзін жетілдіруіне және тұлғалық дамуына қолдануға болады. Кез келген шығармашылық жұмыс бізге өзіндік мағына тауып, өз құндылықтарын тануға мүмкіндік береді. Танымал адамдардың өмірбаянын зерттей келе, Дэвид Галенсон (экономист, зерттеуші) креативтілік қабілеттердің шыңы кез келген жаста болуы мүмкін деген қорытындыға келді. Галенсон креативті тұлғалардың екі типін бөліп қарайды. Бірі – өздерін ерте жаста танытса, екіншілері – өте жай дамып, адам өмірінің екінші жартысына келуі мүмкін. Әсіресе креативті ойлауды дамытудың ерекше маңызды жасөспірім кезеңінде көрінеді. Бірқатар зерттеулер адамның креативті дамуында негізгі орынды өзіндік жеке тұлғалық қасиетті түсіну кезеңі ретінде жасөспірімдік кезең алатынын көрсетті (А.Н.Леонтьев, Д.Б.Эльконин, Л.И.Божович және т.б.).

Креативтілік – өмірдегі кез келген міндетке қолданылуы мүмкін сапалық көрсеткіш.

А. Маслоу креативті ойлаудың басты импульсі өзін-өзі белсендендіру қажеттілігі, яғни адамның өз міндеттері мен жеке мүмкіндіктерін толық және еркін жүзеге асыруға ұмтылуы болып табылады деп есептейді. Өзін-өзі белсендіру әрекетінің арқасында адам өзінің болмысының мәніне жақын мүмкіндіктерін ашады. Сондықтан креативтілік өзін-өзі белсендірудің маңызды сипаттамаларының бірі саналады. А. Маслоу әсіресе креативті адамдардың тәжірибесіне сүйенеді. Алайда ол креативтілікті кеңінен түсінеді, яғни зерттеушінің пікірінше, креативтілік кез келген тұлға бойынан табылады, тек оны тиімді тәсілдермен анықтап, қолдана білу қажет.

Оқыту үдерісінде оқушының креативті ойлау дағдысын дамытуға тілдік дағдылардың (оқылым, айтылым, жазылым, тыңдалым) әрқайсысы негіз бола алады. Жаңартылған білім мазмұнының талабына сай оқушының өмір бойында білім алу құзіреттілігін қалыптастыру міндетін атқаруда мектепте жүргізілетін

Іс-әрекеттегі тәжірибені зерттеудің (Action research) пайдасы зор.

Тіл және әдебиет пәндерінің кіріктірілген бағдарламасының мақсатына қол жеткізу үшін зерттеуімізді 7-10-сыныптардағы оқушылардың креативті ойлау тәсілдерін қолдану арқылы оқушылардың оқылым дағдысын қалай дамытуға болады?” деген зерттеу сұрағы негізінде жүйеледік.

Оқу – оқытудың негізгі тәсілі, қоршаған ортаны танудың құралы. Оқу – саналы түрде және санадан тыс ойлау процесі (Beatrice S.Mikulecky, 2008). Оқуды меңгеру бала үшін ұзақ және оңай емес, оған көп күш пен уақыт жұмсайды. Ол тез және мағыналы оқып, оқу кезінде ойлауды және мазалауды үйренгенше, бұл процесс оған аз қуаныш пен рахат әкеледі. Сондықтан оқушыға автордың айтпақ ойын түсініп алу үшін белгілі бір стратегиялар аса қажет. Бұл мәтіннен қандай да бір идеялар мен фактілерді байқаған кезде оны өзінде бар ақпаратпен сәйкестендіріп, мәтіннің мәнін түсінуге көмектеседі.

Когнитивті психологтар өз еңбектерінде жаңа оқу стратегияларын немесе ойлау процесін меңгерген оқушылар нені оқып, нені орындау керек екенін жақсырақ түсінетіндігін зерттеген (Brown, Armbruster, and Baker, 1986). Демек оқушылар оқу стратегиялары мен ойлау әрекетінің барысын түсінгеннен кейін, мәтінді саналы түрде ұғына алады (Brown, 1978) [1]. Зерттеушілер оқушылардың қандай да бір оқу стратегияларын қолдануы олардың оқылымды тезірек әрі ұғынықты түсінуге айтарлықтай мүмкіндік беретінін нақтылайды. Оқу дағдысы екі жағынан қалыптасады — мағыналық және техникалық. Мағыналық жағы оқылғанды түсінуді, меңгеруді, есте сақтауды қамтамасыз етеді. Техникалық жағы оқу тәсілін, дұрыстығын, мәнерлілігін, жылдамдығын немесе оқу қарқынын қамтиды. Оқу техникасын құрайтын әрбір компоненттің оқу процесіне әсер ететін өз ерекшеліктері бар. Ал оқылым дағдысы мәтінді өндіруден (жазу, айту) гөрі, оған жауап қайтару немесе әрекет етуді білдіреді. Қарапайым тілмен айтқанда жазба тілдегі мәтінді түсіну. Ол үшін біз мәтін тілін сөздер деңгейінде, сөйлем деңгейінде және тұтастай мәтін деңгейінде түсіне алуымыз қажет. Сонымен қатар мәтінде берілген ақпараттарды әлем туралы білімімізбен байланыстыра білуіміз керек. Яғни жергілікті және ғаламдық деңгейде ойлау арқылы жан-жақты мәнмәтінде қарастыра алуымыз қажет етеді. Мысалы, әдеби мәнмәтінде түсіну үшін талдау төмендегі кестедегі кезеңдермен жүргізіледі.

Жүсіпбек Аймауытов “Ана тілін қалай оқыту керек?” мақаласында да дамытуда көркем шығарманы мәнмәтіндік талдау, сонымен қатар оқушының шығармашылығын дамытудың жолы ретінде бейнелеу өнерімен тікелей байланыстыруға баса назар аударады. Мысалы, ағартушы-ғалымның аталған еңбегінде былай дейді “Көркем әдебиеттен оқытқаннан кейін, балаларға, мәселен, мынадай сұраулар қойылса, жарайды:

- 1) Әңгіменің қаһарманы кімдер? (әдеби және өмірбаяндық мәнмәтін)
- 2) Заманы, орны, уақыты, жағдайы нендей? (тарихи-географиялық мәнмәтін)
- 3) Басында, ортасында, аяғында айтылмай кеткен, жетпей тұрған сөздер жоқ па? (әдеби мәнмәтін)
- 4) Шығарманың өте маңызды жерлері қайсылар? (әдеби мәнмәтін)
- 5) Қандай сөздер, жолдар, сөйлемдер өте сұлу, жат, күшті келген? (әдеби мәнмәтін)
- 6) Қандай сурет салуға, қай-қайсын айттыруға болар еді? (креативті ойлауға бағытталған)
- 7) Қай жері күйге келтіріп оқуға, қай жері сымбатқа түсіруге қолайлы? (рөлдік ойынға бағытталған)
- 8) Қай жерлері өте қуаныш, мұң, қауіп-қатер, қайғы, шаттық сезім туғызады? (әдеби мәнмәтін)” [2]

Ұлт ағартушысының педагогикалық идеялары оқытудың заманауи идеяларымен үндесіп жатқанын өз тәжірибемізде креативті ойлауға бағыттайтын тапсырма түрлерін ұйымдастыру және қолдану барысында көрдік. Солардың ішіндегі ең қызықты әрі тиімдісін ұсынамыз. Әдеби мәнмәтіндік талдауды қызықты әрі оқушының қабілетін ұтымды пайдалану және

креативті өнім жасаудың тиімді тәсілі ретінде “Ойлауға бағыттайтын тосын сызбаларды”) таңдауға болады.

Бұл стратегия (Doodle) өзін-өзі дамытады, қиялды дамытады, шығармашылыққа бастайды, креативті ойлауды дамытады және тапсырмаларды шешуде стандарттан тыс ойлау дағдысын дамытады. Оқушылар алдымен оқыған шығармадағы негізгі тірек сөздерді анықтап, одан кейін белгілі бір тіркестер мен фразалардың маңыздылығын бағалайды. Содан кейінгі кезеңде сол фразалардың сөйлем не абзацты түсінуге, бөлімнің негізгі идеясын беруге, толық шығарманың композициясын құруға бағытталған шығармашылық жұмыс жасайды. Әсіресе көлемді шығарманы оқытуда тиімді стратегия. Әр оқушыға жеке бір беттен бөліп беріп, сол беттегі идеяны, ойды беретін сөздер мен тіркестерді анықтап алып, оларды арнайы бір белгілермен белгілейді, үзіндінің идеясын беретін суретті салып, сол арқылы өз көзқарасын білдіре алады. Ғалым Ф.Оразбаеваның зерттеуінде оқылым өнімді сыныпта талқылау, демонстрациялау; графикалық таңбалар арқылы қағаз бетіне түскен сөздер мен тіркестердің мағынасы мен мазмұнын ой мен сананың нәтижесінде қабылдай отырып, сауатты, дұрыс, мәнерлеп, ұғынықты оқу және одан қажетті деректі түсініп, сұрыптап алу деп түсіндіріліп, оқылымның танымдық, зерделік, ізденімдік, көрсетімдік деген түрлерін атап өтеді. Аталған оқылым түрлерінен біздің зерттеу нысанымызға алынған креативті ойлауды дамыту үшін зерделік оқылым ең тиімді түрі ретінде алынды. Зерделік оқылым бойынша оқушы берілген материалды, не мәтінді басынан аяғына дейін толық түсініп оқуы керек. Мәтіннің барлық мазмұнын тәптіштеп біліп, ондағы ақпараттың бірде- бірін ескерусіз қалдыруға болмайды. Сонымен бірге үйренуші шығармаға, яғни мәтінге анализ жасай отырып, ондағы әрбір бірлікті талдайды, сөйтіп бүкіл материалды жан-жақты зерттейді. Кей ретте зерделік оқылым арнайы жасалған сызба, кесте, сурет, жоспар, көрнекіліктермен қатар жүргізіледі [5].

Мысалы, біз өз сабақтарымызда оқушының креативті ойлауын дамытуда инфографиканы қолдану тиімді жол болып келетінін байқадық, бұл процесс кезінде оқушының оқу әрекеттерінде келесі алгоритмдер құрылады:

- мәтіннен фактіні, қосымша мәліметтерді анықтау, мәселені айқындау;
- бұл мәліметтерді саралау мен өзекті идеяны таңдау;
- көзделген аудиторияға сәйкес материалды бейімдеу;
- дайын өнімге өзіндік баға беру;
- инфографиканың мазмұнын талдау, ақпаратты сапалы параметрлер тұрғысынан ұсыну (өзектілік, ақпараттың нақтылығы, т.б.).
- инфографиканы бағалау критерийлері ретінде
- ақпараттық анықтық – интерпретация нәтижесін анықтайтын сипаттама
- ақпараттық жеткіліктілік – негізгі мәнді жеткізудің жоғарғы шегі (бұл шектен асқан жағдайда ақпараттық ресурс қабылдаушының көңілін бөледі)
- ақпараттық қажеттілік – негізгі мәнді жеткізудің төменгі шегі (ақпараттың жеткіліксіз болуы негізгі мәнің бұрмалануына әкеледі)
- барабарлық – көзделген аудитория ерекшелігі мен жеткізілетін идея үшін белгі символикалық құралдарды сәйкес қолдану [3] Осылайша, инфографиканы креативті ойлауды дамытудың жаңа бір ресурсы ретінде қарастыруға болады.

Тіл мен әдебиет пәндері кіріккен сабақтарда оқушының креативтілігін дамытудың тағы бір тиімді стратегиясы оқыған шығарма, мәтін негізінде скетчноутинг жасату. Скетчноутинг дегеніміз – «идеяларды ұстау» деген атау береді осы технология жүйесін қалыптастырушы М. Роуди. Ал анықтамасы – қолмен салынған суреттер, сызбалар, қолжазбалардан тұратын түрлі визуалды жазбалар. Скетчноутинг арқылы көркем шығарманы оқып болған соң, тез әрі жүйелі мазмұндау жұмысын жүргізуді, ары қарай не болады?» деген сұрақтарға жауап бере отырып, болжауды үйренеді, оқығанын көз алдына елестете отырып, суреттейді, яғни ойды бейнелейді (визуализация жасайды). [6]

Баланың танымын жетілдіріп, ой-өрісін кеңейту арқылы визуалды және жазбаша мәтіндегі идеяны түйінді сөз арқылы бейнемен ұтымды жеткізе білуде қолданылатын

стратегияның келесі бір түрі – каллиграмма. Каллиграмма – графикалық суретті бейнелейтін өлең, фраза немесе сөз. «Каллиграмма» сөзін алғаш өз өлеңдерінің жартысын өлеңнің тақырыбын ашатын суреттермен бейнелеген француз ақыны Гий Аполлинер енгізген. [7].

Іс-әрекеттегі зерттеу нәтижесінде, тиімді таңдалған оқылым тәсілдері мен түрлері арқылы оқушының креативті ойлау дағдысын жетілдіру мүмкіндігі арта түсетіні және шығармашылық қабілеттерін шыңдауға ықпал етеді деген тұжырымға келеміз. Оқушыларда креативті ойлаудың негізінде кең өрісті ойлау, жаңа көзқараспен қарау, көлемді шығарманы ынталы және үздіксіз оқу дағдысы мен оқырмандық мәдениеті жетіле түседі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Оразбаева Ф.Ш. Тіл әлемі. Мақалалар, зерттеулер. - Алматы: Ан-Арыс, 2009.-278б.
2. Педагогикалық тәжірибе, 6-шығарылым. 2. Аймауытов Жүсіпбек “Ана тілін қалай оқыту керек?” мақаласы https://kitap.kz/books/maqalalar_zh_a/
3. Методические рекомендации по формированию креативного мышления обучающихся, Самара 2016
4. Teaching Reading in a Second Language by Beatrice S.Mikulecky, Ed.D. Эллиот Л.Джудд, Либуа Тан, Херберт Д. Уолберг. Қосымша тілдерді оқыту.
5. Роуди М. Визуальные заметки: иллюстрированное руководство по скетчноутингу/ М. Роуди: перевод с англ.К. Наумова – Иванов и Фербер, 2014 7. Сергеев П. Искусство каллиграммы //callig.ru

СОДЕРЖАНИЕ CONTENT

ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ PHYLOLOGICAL SCIENCES

FƏRMAN YUNIS OĞLU XƏLİLÖV [NAXÇIVAN, AZƏRBAYCAN] HÜSEYN RAZİNİN “GÜNƏŞ” PYESİNDƏ CƏMIYYƏTİN KÖLGƏLƏRİ.....	3
НАСРУЛЛОЕВ МУХАММАД НУРИЛЛОЕВИЧ [ДУШАНБЕ, ТОҶИКИСТОН] ВИЖАГИҶОИ УСЛУБИИ ОСОРИ УБАЙДИ ЗОКОНӢ.....	6
ТУРАКОВА А. Ж., А.С. КУШКИМБАЕВА [ҚАЗАҚСТАН] Э.ХЭМИНГУЭЙДИӢ «ШАЛ МЕН ТЕӢІЗ» ПОВЕСІНДЕГІ ЭПИТЕТТЕРДІ ОҚЫТУ (ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН МӘТІНДЕРІ НЕГІЗІНДЕ).....	14
KHURAMAN QEDIMOVA CRITICS OF THE REPUBLIC ERA - SUUT KAMAL AND HIS CONTEMPORARIES.....	18
SƏBUNİ İBRAHİMÖV [NAXÇIVAN, AZƏRBAYCAN] “KƏŞKÜLÜN-NUR” ƏSƏRİNDƏ ÜSLUB-DİL XÜSUSİYYƏTLƏRİNİN FƏLSƏFİ ASPEKTLƏRİ.....	23
ХАСЕНОВА ГУЛЬМИРА АБДРАХМАНОВНА [АСТАНА, КАЗАХСТАН] АНАЛИЗ ПЕРЕВОДА МЕТАФОР ТРАГЕДИИ У. ШЕКСПИРА «ОТЕЛЛО» НА КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК М. АУЭЗОВЫМ.....	29
DJALILOV IKVOLJON IKRAMOVICH [ANDIJAN] IMPORTANCE OF ENGLISH LANGUAGE IN DAILY LIFE OF DIFFERENT PROFESSIONS.....	34
КАББАСОВА А.Т., КОШКИНБАЕВА Т.Н. [ПАВЛОДАР, КАЗАХСТАН] ФОРМИРОВАНИЕ НАВЫКОВ МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАЦИИ В СФЕРЕ ДЕЛОВОГО ПИСЬМА СРЕДИ УЧАЩИХСЯ СТАРШИХ КЛАССОВ.....	39
КУШЕНОВА САЛТАНАТ ДАУРЕНҚЫЗЫ, ХАСАНОВ ҒАБИТ ҚАЙЫРЖАНҰЛЫ [ОРАЛ, ҚАЗАҚСТАН] КӘМИЛА ҚҰДАБАЕВА ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ БЕЙНЕСІНІӢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	42
ТУЛЕГЕНОВА ДАНИРА РУСТАМҚЫЗЫ, ХАСАНОВ ҒАБИТ ҚАЙЫРЖАНҰЛЫ [ОРАЛ, ҚАЗАҚСТАН] БЕРҚАЙЫР АМАНШИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫӢ ҰЛТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ: ТІЛ МЕН МӘДЕНИЕТ БІРЛІГІ.....	48
VALIYEVA ZEMFIRA RINATOVNA [TARAZ, QAZAQSTAN] ARCHETYPICAL IMAGES OF CARL GUSTAV JUNG IN THE FOLK RUSSIAN TALE “NIKITA KOZHEMYAKA”.....	58
НҰРСЕРІК ГҮЛДӘРИЯ, ЧАЛТИКЕНОВА Л. А. [ТАЛДЫҚОРҒАН, ҚАЗАҚСТАН] А.БАЙТҰРСЫНОВТЫӢ ЕТІСТІК СӨЗ ТАБЫН ЖІКТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	61
ҚАЙРУЛЛАЕВ НҰРТІЛЕК ЖАРҚЫНҰЛЫ, СУЛТАНГАЛИЕВА РИТА БЕКЖАНҚЫЗЫ [ОРАЛ, ҚАЗАҚСТАН] АЛЕАТОРИКА ЖӘНЕ ОНЫӢ ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕӢ ПРОЗАСЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ.....	65
САҢГАЛИЕВА АЙДАНА АРЫСТАНБЕКҚЫЗЫ, ХАСАНОВ ҒАБИТ ҚАЙЫРЖАНҰЛЫ [ОРАЛ, ҚАЗАҚСТАН] ҚАЗАҚ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНДЕГІ «ЖАҚСЫ» МЕН «ЖАМАН» КОНЦЕПТІСІ.....	72

АРУЖАН СУГУР ЕСБОЛҚЫЗЫ [АКТОБЕ, КАЗАХСТАН] THE IMPACT OF CRITICAL THINKING STRATEGIES ON FOREIGN LANGUAGE LEARNING: BRIDGING COGNITIVE SKILLS AND LANGUAGE COMPETENCE.....	80
МИРЗОДА ЗУЛФИЯ [ДУШАНБЕ, ТОҶИКИСТОН] НАҶШИ МАТН ДАР ОЧЕРКИ САФАРИИ ТЕЛЕВИЗИОНӢ.....	85
ОЛИМИЁН САБРИНА ШАМСУЛЛО МЕСТО ИНФОРМАЦИОННЫХ ЖАНРОВ В “ҶУМҲУРИЯТ” И “ҚАВОНОНИ ТОҶИКИСТОН”	92
ABDIRASH ASYLZAT ASKARBEKZYU, EREKHANOVA F.T THE ROLE OF LANGUAGE PLAY IN THE DEVELOPMENT OF STUDENTS' CREATIVE ABILITIES.....	99
МУСАГАЛИЕВА ЖАННА АРСЕНОВНА, АБДРАХМАНОВА ГЮЛЬБЕНИЗ ГАЛИМОВНА [УРАЛЬСК, КАЗАХСТАН] ЗАИМСТВОВАНИЕ АНГЛИЙСКИХ СЛОВ В РУССКОМ ЯЗЫКЕ.....	101
ФЁДОРОВА П., КАРИМОВА К. К. [АЛМАТЫ, КАЗАХСТАН] ДВА ПОДХОДА К ПРОБЛЕМЕ ПЕРЕВОДА ВТОРИЧНЫХ ТЕКСТОВ.....	109
ОМАРОВА АЙГУЛЬ ОРЫНБЕКОВНА [ТАРАЗ, КАЗАХСТАН] ЛИЧНОСТНО-ОРИЕНТРОВАННЫЙ ПОДХОД И ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ОБУЧЕНИИ СТУДЕНТОВ РУССКОМУ ЯЗЫКУ	116
ДОЛГУШЕВА Т.В., КОКЕБАЕВА Б.С., АБИШЕВА Ш.М. [СЕМЕЙ, КАЗАХСТАН] ПРАГМАТИЧЕСКИЙ АСПЕКТ РЕЧЕВОГО ПОВЕДЕНИЯ ПЕРСОНАЖЕЙ ПОВЕСТИ Ф.М. ДОСТОЕВСКОГО «ДЯДЮШКИН СОН».....	119
АБРАЛИЕВА БОТАГӨЗ ҚАЛДЫБЕКҚЫЗЫ [ШЫМКЕНТ, ҚАЗАҚСТАН] Қ.А.ЯСАУИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ЛИНГВОТАНЫМДЫҚ АСПЕКТІЛЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ.....	126
НУРУШЕВА АРДАК НАБИЕВНА [КӨКШЕТАУ, ҚАЗАҚСТАН] ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫНДА КРЕАТИВТІ ОЙЛАУ ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ДАМЫТУ.....	133

ENDLESS LIGHT IN SCIENCE



Контакт



irc-els@mail.ru

Наш сайт



irc-els.com